

Мақсатым – тіл ұстартым,  
өнер шайпақ...  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

6/2020

МАУСЫМ

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

<b>МАЗМҰНЫ</b>	
<u><b>Тарих тағылымы</b></u>	
М. ӘБЛҰЛЫ. Шапқыншылық жылдар шындығы.....	3
<u><b>Әдебиет және қоғам</b></u>	
А. НҰРЛЫБАЕВА. Әбіш Кекілбаевтың “Күй” повесіндегі “мәнгүрттік” мәселесі.....	18
<u><b>Абай әлемі</b></u>	
Б. М. БАЙГАЛИЕВА. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа!.....	24
<u><b>Әдебиет және тарих</b></u>	
З.Т МУХАМЕДЬЯРОВА. Сырым батыр шешендігі.....	31
<u><b>Сауаттылық сыры</b></u>	
Б. Т. МУРЫНБАЕВА. Ғабиден Мұстафиннің “Шығанақ” романындағы кейіпкерлер бейнесі.....	37
<u><b>Жаңа әдіс – сапалы білім</b></u>	
Ә.НИЕТАЛИНА. “Lesson Study” – сабақтың сапасын жақсарту тәсілі. Сабақты «Lesson Study» аясында зерттеу.....	47
<u><b>Атаулы мектеп тынысы</b></u>	
Ә. ТЕГИС. Қайырымдылық – ізгіліктің анық көрінісі.....	53
<u><b>Ізденген жәстер мұратқа</b></u>	
М. Ж. МЫРЗАТАЕВ. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясы мен исламдық түркі дәуіріндегі ақындардың арасындағы рухани байланыс.....	56
М. ӘБЛҰЛЫ. Қаламгер Зейнолла Сәнік – шағын эпикалық жанр шебері.....	64
А. ӘДІЛЖАН. Тұрысбек Сәукетай шығармаларындағы лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы.....	71
А. ҮСЕЙҰЛЫ. Ж. Аймауытовтың “Қартқожа” романын сын тұрғысынан ойлау технологиясымен оқыту жолдары.....	84
<u><b>Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе</b></u>	
С.А. НАСИБУЛЛИНА. Ата-бабаның асыл арманы не?.....	94
Н. БЕКБУЛАТОВА. Дәрілік өсімдіктер.....	99
<u><b>Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе</b></u>	
А.Н. ГИЗАТОВА. Д. Исабеков “Әпке” драмасы. Бауырмалдық.....	106
Ж. Б. АБДИРОВА. Ш. Айтматов “Алғашқы ұстаз” шығармасындағы негізгі кейіпкер –Алтынай.....	111
М. Н. НАКИПОВА. Ақан трагедиясы.....	119
<u><b>Тілдер байланысы</b></u>	
Г.ҚҰЛЕКЕНОВА. А.ТӨЛЕГЕНОВА. Г.АБДУЛЬДИНА. Мәтінмен жұмыс.....	127
<u><b>Сыныптан тыс шара</b></u>	
Б.Ж.ҚЫЛЫШБАЕВА. Қазақ тілі пәні бойынша апталық шеңберіндегі интеллектуалды сайыс.....	135
<u><b>Кітапхана тынысы</b></u>	
А. Н. ТЛЕУОВА. Кітапхана ісіндегі жаңашылдық.....	141

## Тарих тағылымы

**М. ӘБЛҰЛЫ,**  
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің  
доценті, филология  
ғылымдарының кандидаты.

## ШАПҚЫНШЫЛЫҚ ЖЫЛДАР ШЫНДЫҒЫ

### **РЕЗЮМЕ:**

*В этой статье рассматривается китайское нашествие на территорию Средней Азии и Казахстана. Фундаментальных исследований на эту тему нет и автор призывает остальных ученых обратить внимание и рассмотреть его.*

### **ABSTRACT:**

*This article reviews Chinese invasion on the territory of Central Asia and Kazakhstan. There is no fundamental research on this theme and author draws attention to it and encourages other researchers to consider.*

Өткен ғасырлардағы қытай шапқыншылығының зардаптары туралы Орталық Азия мен Қазақстан түркілерінің ауыз әдебиетінде, жазба әдебиетінде әр түрлі әдеби жанрларда жазылған шығармалар мектеп оқулықтарына, жоғары оқу орындары білімгерлеріне арналған оқу құралдары мен хрестоматиялық оқу құралдарына, оқулықтарына енгізілмей келеді.

Қазақ халқының басына түскен ауыр нәубеттерді ашына жырлаған қазақтың белгілі ақыны **Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанында:** «Алыстан орыс, қытай-ауыр салмақ, жақыннан тыныштыпайды қалың қалмақ...» – деп, жазғанынан салмақты ой аңғарамыз [1].

Ежелгі түркілердің Қарахан мемлекеті ХІ ғасырдың

аяғына қарай құлдырап кеткені тарихтан белгілі. Қарахан мемлекетінің құлдырауы қарақытайлардың түркі жеріне емін-еркін кіре бастауына мүмкіндік жасады. Ал бұл аймақта тарихта белгілі қарақытайлардың Ляо мемлекеті 907-1125 жылдары өмір сүрген еді.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атақты Атлақ шайқасы туралы **"Талайғы Тараз" атты кітабында** былай деп жазады: *"Қытай әскері 740-жылы Таразды шауып талқандады. Қара сор әулетінің билігі жойылды. Ашина Сянь деген қытай боданы "он оқтың" ханы болып тағайындалды. Ол 742 -жылы Құланда өлтірілді. Қытайдың ауыр қолы 748-жылы Батыс түрік астанасы Суябты алып талқандады. 749-жылы Шаш (Ташкент) шабылды. Оның әкімін Қытайға апарып, дарға асты. Соғдыларға арабтарға мойын ұсынудан басқа жағдай қалмады. Оқиғалардың бұлай өрістеуі Хорасандағы Аббас халифтерінің әкімі Әбу Мүсілімді атқа мінуге мәжбүр етті. Ол Қытайға апарылып дарға асылған марқұмның баласы Зияд ибн Салихтың әскері қоршаудағы Таразға көмекке аттанды. Қытай жағында 30 мың ферғаналықтар, қашықарлықтар, құшастықтар бар еді.*

*Екі әскер 751 жылғы шілдеде Талас өзені маңындағы Атлах деген жерде кездесті. Бес күн бойы екеуі де бірінші болып шабуылға шыға алмай, теке тіресіп тұрып алды. Істің түйінін бесінші күні қытайлардың ту сыртынан тұтқиылдан тап берген қарлұқтар шешті. Сол-ақ екен бір қанаттан арабтардың қалың қолы қаптағайлап шабуылға шықты. Тан әскері сан жағынан көп болса да, қапы қалып, сетінеп сөгіле бастады. Зор шығынға ұшырап, шегіне-шегіне, ақыр*

*аяғында бет-бетіне қаша жөнелісті. Мұсылмандар мен қарлұқтар жеңіске жетті. Мол олжаға кенелді. Тұтқынға түскен қытай кәсіпкерлері Самарқан мен Иракқа апарылып, қағаз бен жібек өндірісін жүзеге асырады..." [2].*

Бұл шайқас жөнінде Л.Н.Гумилов: *"Жеңіліс қытайлықтарды қорқытып тастағаны соншалық, олар батысты басып алмақ ойларынан түңіле бас тартты" (Көне түріктер, 371-бет)-десе, О.Г. Большаков: "Тан қытайының Орта Азия істеріне араласу ниетіне түпкілікті тыйым салынды" (Аталмыш еңбегі, 132-бет), дейді. Ал бұл шайқас мұсылман мәдениетінің Орта Азияда Қытай мәдениетінен басым түскендігінің көрінісі дейтін пікірді Л.Н. Гумилов сияқты біз де ұшықырлық санаймыз. Ол екі мәдениеттің емес, екі саяси мүдденің шайқасы еді. Қытай империясы кезекті құлдыраудың алдында тұрса, Араб халифаты қайратына енді мініп келе жатқан-ды. Оның үстіне шайқасқа түскен екі әскердің құрамында да арабтар мен қытайлардан гөрі жергілікті отырықшы, көшпелі, қазір түркі тілді болып кеткен тайпалардың өкілдері көп еді. Сондықтан, біздің ойымызша, Атлақ (Талас) шайқасы Орталық және Орта Азия түріктері ол кезде қытай мен араб экспансиясына санының аздығынан да, мәдениетінің төмендігінен де, әскери құдіретінің кемдігінен де емес, бірқатарының емін-еркін ерсілік-қарсылы көшіп жүретін мекендік тұрақсыздығынан, бірқатарының, керісінше, сауда мен қолөнерді талап етіп, бір базар мен бір қоныстың төңірегінде шыға алмай қалған мекендік томаға-тұйықтығынан, соның салдарынан туындайтын шашыраңқылық пен әр ыңғайластықтан тиісті тойтарыс бере алмағандығын көрсетеді..." [3].*

Белгілі ғалым И. Жеменей 751 жылы Атлақ мекенінде түркілердің қытайларға ойсырата соққы бергені туралы мынадай дерек келтіреді: "...751 - жылы түркілер Қытай әскеріне қарсы Атлақ мекенінде Аббаси халифасының әскери күштерімен бірлесе шайқасып, жеңіске жеткен..." [4].

Ұлт пен ұлысты берекесіздікке апаратын алауыздық ежелгі түркілерде болды. VII ғасырда қарақытайлар түркілердің алауыздығын пайдаланып, оларды тепкісіне алды. «Тонькөк» жазуында қырықытайлардың боданында болып, ауыр азаптарды бастарынан кешірген түркілер туралы былай деп жазылады:

«...Бектерінің халқының ымырасыздығынан,  
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,  
Арбауына көнгендігінен,  
Інілі-ағалының дауласқандығынан,  
Бекті халқының жауласқандығынан,  
Түркі халқы елдігін жойды.

Қағандығынан айырылды...» [5].

Айрандай ұйыған түркілерде бірлік пен береке болмағандықтан қарақытайлар олардың мемлекетін құлатып тынған.

Алауыздық пен жалтақтық, сатқындық қазақ халқының ел басқарған сұлтандары мен бай-болыстарында да болғаны әммеге аян:

«...Елді сатып қан сорған,  
Қарғылы қара болыстан...»  
...Ұлық, төре, бай, манап,  
Патша жақты паналап,  
Елді бірге талады...  
...Хан мен сұлтан, бай мен бек,  
Патшаларға телмеңдеп,

Табандарын жалады...» [6].

Қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов әдебиет пен тарихтың байланысы туралы былай деп жазады:

«Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген бұдан бұрынғы халықтардан қалған және олардың атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау керек. Ескі әдебиеттің, оның ішінде ескі жазба әдебиеттің, қандай болса да кейінгі қауымдар үшін ертезамандардан қалған әдебиет мұрасы болып саналады. Ескі әдебиет мұрасы халықтың тарихын танытатын материал болады, бір халықтың тарихын білу үшін, сол халықтың әдебиетінен қалған мұраларды жинау, сақтау, оларды тиісінше тексеру керек. Біздің жұртшылығымызда ұлан-байтақ Ұлы Отанымыздағы әрбір ұлттың тарихи мұраларын соның үшін сақтайды, сақтап та отыр...» [7].

Онан әрі профессор Қ.Жұбанов қарақытайлардың Орталық Азияға басып кіруін, сопылық әдебиеттің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері туралы, қарақытайлардың Әмудария мен Сырдария аралығындағы өктемдігі туралы былай деп ой толғайды: «...Хожа Ахметтің «Диуани хикмәті» діни үгіт жырлар болумен бірге, сол өз өмірінің түрлі кезеңдерінде айтылған, сол кездегі қоғам тұрмысымен байланысты туған бірқатар жыр-толғауларды қамтитыны айқын көрінеді. Солардың ішінде, әсіресе біздің көңілімізді аударған 95- толғауы болды. Үйткені, бұл толғаудың айтылуы Қазақстан халқының бір бөлігінің тарихымен байланысты тәрізді. Оның мәнісі былай екен: «12 ғасырдың алғашқы жартысында

*Шығыс жақтан келіп, Орта Азияға қара қытайлар басып кірді. Бұл-саны 40 мың үйге дейін баратын, көшпелі көп халық болған. Қара қытайлар Шу өзенінің аңғарында көшіп-қонып жүре бастаған. Амудария мен Сырдарияның алқабындағы екі өзен аралығын мекендеген отырықшы халықтың қара қытайға тәуелді болуы тек оларға алым төлеумен біткен. "... Қара қытайлар бір қатар жерлерді жаулап алады. Оның ішінде Амудария мен Сырдарияның арасын мекендеген халықтарды да басып алады. Жеңілген елдің әрбір түтін басы сайын бір динар (ақша) салық төлеп отырған. Бірақ, 1212 жыл шамасында күншығыстан келген Шыңғыс ханның алғашқы қолынан жеңіліп, қара қытайлардың үкіметі құлайды...».*

Тарих кітаптарында қара қытайлардың 12 ғасырдың алғашқы жартысында өзен аралығындағы елдерді жаулап алғаны айтылады. Бірақ, қалайша жаулап алғаны, жеңілген халықтың нендей күйзеліске түскендігі сөз болмайды..." [8].

Профессор Қ.Жұбанов қытай басқыншыларының шапқыншылығынан азап көрген қазақ халқының жай-күйі туралы былай деп жазады: «...Осы дәуірде Түркістанда өмір сүрген Хожя Ахмет Яссауидің 95 толғауы жауға шабылған елдің күй-жайын суреттеуге арналған...» [9].

Профессор Қ. Жарықбаев XII ғасырда өмір сүрген ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иасауидің діни ағартушылық қызметінің қытай шапқыншылығымен тұспа-тұс келгенін атап көрсетеді: "...Оның діни ағартушылық уағыз қызметі будда мен шаман діні жолын ұстаған, XII ғасырдың қырқынышы жылдарында Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігін өздеріне қаратқан қара қытайлардың жойқын шабуылымен

*тұспа-тұс келеді..." [10].*

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде қытай шапқыншыларынан зардап шеккен қазақ халқының ауыр тағдыры былай суреттеледі:

*Әй, достар, заман ақыр болды, көрің,  
Кәпірлер дүние-әлемге толды, көрің.  
Барлық жаннан ізгілік ниет қашты,  
Сол үшін Тәңірім ашу қылды, көрің!*

*Ғалымдар ғылымдарын малға сатты,  
Өздерін көре-біле отқа атты.  
Сондайдың арам пейіл кесірінен,  
Тұтқынға балаларын салды, көрің!*

*Пейілімізден (жасаған) бізге ашу қылды, халық,  
Масқара ауыр жаза бұл қанишалық.  
Сұлтандар хайыр есігін байлап қойды,  
Сол үшін жүз мың бәле келді, көрің...*

Қожа Ахмет Ясауи ел басқарған сұлтандарды, зиялы қауым (интеллигенция) өкілдерін сынайды: «ізіне ерген халықты басқара алмады, арам ниеттілер қытайларға сатылып кетті, оларда ізгілік пен адамгершілік сияқты аса қымбат қасиеттер жетіспеді...»

**«Тоныкөк» жазуында:**

*«...Соңындағы інілері қаған болған,  
Ұлдары да қаған болды.  
Соңындағы інісі ағасындай болмады,  
Ұлдары әкесіндей болмады.  
Біліксіз қағандар отырған екен,  
Жалтақ қағандар отырған екен.  
Әміршілері де біліксіз екен,  
Жалтақ болған екен...» – деп жазады [11].*

*Есіл жар күн тимеген айпаралар  
(Айдың бөлшектері),  
Қорықты, жүрегі болды мың паралар  
(мың бөлек).  
Дертіне дауа таппай бейшаралар,  
Мұңдықпен кәпірге күң болды, көрің!*

*Жаныңнан артық көрген жан аналар,  
Жүзі-ай, көзі-шолпан мастаналар (сурет).  
Бойларын көрсетпеген бәйгүнелер,  
Кәпірге зарлы бәнде болды, көрің!  
Мұндай ауыр жағдай ежелгі түркілерде де  
болған.*

**«Күлтегін» жазуында:**

*«...Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,  
Пәк қыздары күң болды...» – деп жазылған [12].*

**Жамбыл Жабаев «Өтеген батыр» жырында:**

*«...Айдарлыңды құл қылып,  
Тұлымдыңды тұл қылып...» – деп жырлады [13].*

Қожа Ахмет Ясауи өзінің хикметтерінде қарақытайлардың шапқыншылығынан азап көрген түркілердің ауыр тағдырын былайша суреттейді:

*«Ата!»-деп, күндіз-түні жылайды олар,  
Ботадай аңырап қалған боздайды олар.  
Қозыдай жетім қалған маңырауына,  
Қара тас та еріп су болады, көрің!*

*Аналар не қыларын білмей хайран,  
Запырандай қызыл жүзін дерт сарғайтқан  
(сарғайтын).*

*«Әй, ботам! Әй, құлыным!»-деп еңіресіп,  
Жағасын жыртып, шашын жұлды, көрің!*

*Аталар қан жыласты ғилаж таппай,  
Жүрмеді қараменен бетін жаппай.  
«Болды ғой аш-жалаңаш перзентім», – деп,  
Уһілеп іші-бауырын езді, көрің!*

*Жаным ед, жаннан артық мейірбаным,  
Көз нұрым жүрек-бауырым, ғамақсәрім  
(қамқорым).*

*Жарығы екі көзімнің, тән де жаным,  
Қайдасың, деп нуһы пәряд қылды, көрің!*

*Ана-перзент, қошақташлар, мұңластылар,  
Құшақтасты, зар еңіресті-жыластылар.  
Өртеген жүрек, бауырын мың арманмен,  
«Жан балам, аман жүр!»-деп қалды, көрің!*

*Бұларды қараңғылық басты тамам,  
Бізге ашу қылды бүгін Тәңірім-сұхбан.  
Кәпірлер олжаланып қуанысты,  
Мұсылман зар еңіресіп састы, көрің!*

Қожа Ахмет Ясауи ислам дінін қорғайтын, кәпірлерді ислам дініне енгізуге бар күш-қайратын жұмсаған батырлардың қытайларға қарсы күресіп, қытайлар жаулап алған жерді қайтарып алатын күн бар ма екен деп, Дариғадай, Шаһимардандай батыр болып туатын ұл-қыздарды армандайды:

*Дариға, Шаһимардан болса ер-ді,  
Қолына алмас қылыш алса ер-ді.  
Әскерін кәпірлердің қырып салып,  
Қайтарып ғаріптерді, алса жерді.*

Профессор Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Ясауидың бұл хикметтері туралы өз ойын былайша өрбітеді:

*«Біріншіден, бұл толғаудың Хожя Ахмет аузынан айтылуы жоғарыда сөз болған қара қытайлардың Түркістан елін жаулап алуымен байланысты тәрізді. Үйткені бұл толғаудың мазмұны шапқыншылыққа ұшыраған халықтың хал-жайын суреттейді. Ал қазіргі қолда бар тарихи деректерге қарағанда, екі өзен аралығындағы Түркістандық елдерді 12 ғасырдың алғашқы жартысында қара қытайлардан басқа жаудың шауып алғаны айтылмайды.*

*Бұл толғаудың мазмұнына қарағанда, қара қытайлар Түркістан елін (өзен аралығындағы елді) жаулап алған кезде, олар елге үлкен зәбір-жапа жасаған. Елдің ұлдарын құлдыққа, қыздарын күңдікке алып, ел тұрмысын зор күйзеліске түсірген. Құр жылау-сықтаудан басқа жергілікті халықтың қолынан еш қайрат келмеген. Шет ел басқыншыларының мұндай жауыздығына қарсы ызаланған Хожя Ахмет ел күйзелісін суреттеп, басқыншыға «кәфірлік» атақпен нәлет айтып, («кәфір» деген сөз ол кезде адам баласының ең жауызына айтылатын қарғыс есебіндегі сөз еді, біздің заманымыздағы «фашист» деген сияқты), осы жырымен мұңын шерткен тәрізді.*

*Екіншіден, сол кездегі түркістандық елдердің өзара ауызбірлігі кем болған. Оның себебі қара халыққа хан-сұлтандардың қамқорлығы, галым-ғұламалардың мейірімі түспеген тәрізді. Соның салдарынан жергілікті халықтың шеттен келген басқыншыға қарсы күресі әлсіз, бытыраңқы болғанға ұқсайды. Сонымен қатар, сол кездің өзінде-ақ, жергілікті халықтың әлеуметтік, саяси тағдыры хан-сұлтан, галым-ғұламалардың қолында болғандығы көрінеді...» [14].*

Түркілердің алауыздығы моңғол шапқыншылығы

кезінде де болғанын біз тарихтан білеміз. Моңғол шапқыншылары сол алауыздықты пайдаланып, Отырарды, Орталық Азиядағы Хорезм, Бұқара, т.б. қалаларды басып алғаны белгілі.

Қазақ ауыз әдебиетінде Самарқан қаласы үшін қарақытайлармен шайқасқан түркілердің ерлік істері жөнінде баяндалатын **«Кәпірлердің Самарқанды басып алуы» атты діни қиссаны** Өтім жырау, Мыңбай жырау, Теңізбай жырау жырлағаны белгілі. Қиссада қытайларға қарсы шайқасқан түркі қолбасшылары - Тебинген батырдың, Омарқұл батырдың, Шыраз батырдың елін кәпірлердің тепкісінен қорғау жолында құрбан болғаны баян етіледі. Қиссада үш батыр да Ислам діні жолында құрбан болады. Қиссада қытай басқыншылары кәпір ретінде суреттеледі.

Сондай-ақ қытай басқыншыларының түркі халықтарына жасаған зорлық-зомбылығы «Батыр Дауыл», «Балуан жігіт Жортуыл» атты діни қиссаларда баяндалады. Бұл діни қиссаларда батыр Дауыл да, балуан Жортуыл да Ислам дінін қорғау жолында опат болады. Діни қиссалардың идеясы – Ислам діні жолында құрбан болған батырлар арқылы жастарды мұсылманшылық дәсүрлерді қолдауға һәм қорғауға шақыру болды.

Белгілі ақын Ахмет Жұмағалиұлы "Өрлік толғауы. 1986-жылғы желтоқсан қаһармандарына" атты өлеңінде қазақтардың ұлт азаттық қозғалысының тереңнен тамыр тартатынын, ерлік һәм өрлік рухының сонау сак, ғұндардан бастау алатынын, ғұндардың қытай шапқыншыларына, сонан соң қазақтардың жоңғар, орыс отаршылдарына қарсы күресін былай жырлайды:

*"...Қытай, Жоңғар, Ресейдің соққысына ұрынды,  
Кең даласын қорғаймын деп "мың өліп, мың*

*тірілді" [15].*

Қытайлардың Орталық Азиядағы шапқыншылығы жөнінде қазақ, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз түркілерінің ауыз әдебиетінде қисса-дастандар мен аңыз әңгімелер көптеп кездеседі. Қарақытай мемлекетінің құрамындағы түркілер бостандық үшін күресе отырып, басқыншы қытайлардың озбырлығын ауыз әдебиетінде сипаттаған.

Гурид билеушілерінің қарақытайларға қарсы соғысы туралы баян қылатын **«Шипалы шөп» деп аталатын діни қиссасын** Бесқала қазақтары арасында Өтім жырау, сонан соң Теңізбай жырау жырлаған. Бұл қиссаны күні кешеге дейін Қанышбек жырау, Пішенбай жырау жырлап келді. Қиссада қытайларға қарсы ұрыс салған түркілердің батыр сарбаздары жараланып қалады да емдік қасиеті бар шөппен емделеді. Шипалы шөптің туған жерде өсетіні, сыртқы жауларға қарсы күресте елін қорғаған ерлерге туған жердің шөбінің де көмек бере алатындығы жырланады. Бұл қиссаның діни ағартушылық, патриоттық тәрбиелік маңызы зор.

Бұқара қаласы үшін болған шайқас жырланатын **«Ұлы шайқас» деп аталатын діни қисса да «Ғазауат Сұлтан» деп аталатын діни қиссамен сабақтас.** Қиссада Бұқараны қарақытайлардан азат етудегі түркі халықтарының азаттық соғысы баян етіледі.

Тарихи деректерде жоңғар тағына таласушы Әмірсананы Абылай ханның қолдайтыны айтылады. Қытай боғдыханы Цяньлуидың Абылайханға хат жазатыны бар. Цяньлуидың 1756-жылдың мамырында Абылайханға жазған хатында: «Цзяньцзюи бастаған он мың қолды екі бағытпен сенің жеріңе жіберіп отырмын. Егер сен ұрыны жасырғың келсе, өзіңнің қателігіңді түсінбей оны байлап, матап ұстап бермесең, онда ұлы

армиямызды саған жіберуге және сендерді түгелімен құртуға негіз бар деп есептеймін...» [16].

Кейін Жоңғария мемлекетін құртып жіберуге құдіреті жеткен Қытайдың қазақ ханына көз алартуы тегін емес.

**М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында Абылайханға өз батырларының:**

*«...Қытайдың қол ұсыным шекарасы.*

*Қалмақты қытай кірген зерттер болсақ,*

*Қазақтың бірі қалмай мерт боласы!..»*

[17] – деп, мәлімет беруінде үлкен мән-мағына жатыр.

Осындай тарихи деректерде Қытайдың Дардана, Хадаха деген әскер басыларының қазақ жерін жаулап алу мақсатында жүргізген қанды шайқастарда ерлік көрсетіп, олар Қытай мемлекетінің ең жоғарғы құрмет белгісі екі көзді тауыс қауырсынымен марапатталғаны жазылады. Мұндай шайқастарда қазақ әскерлері де қытайлармен болған шайқастарда аянып қалмағаны белгілі.

**XVIII ғасырда өмір сүрген Тәтіқара ақынның:**

*«...Көп қытайдың жылқысы*

*Тұрымтайдай құнысты.*

*Жау жағадан алғанда,*

*Ит етекпен алғанда,*

*Ер Абылай қорыққан жоқ,*

*Әншейін еңкейе бере жылысты...»* – деп,

жырлауы да тарихи шындықтың бетін ашады.

Сөйтіп қарақытайлар сонау XI ғасырда қазақ еліне жасаған басқыншылық әрекеттерін XVIII ғасырда да жалғастырды.

Журналист **Табиғат Абайлдаев «Қазақ алыптары басынан қалай айырылды?» атты мақаласында** қытай әскерлерінің 1904-жылы ауыр сырқаттың салдарынан



қайтыс болған қазақ батыры Бөке батырдың (1846-1904) көрін қазып, басын кесіп алып, Үрімжі қаласының орталығына іліп қойғанын жазады. Осы мақаласында автор: «...Оуу, қиырдағы Алтай жерінде жеке әскер құрып, дербес түрде билік жүргізген Зұқа батыр Сәбитұлының басын 1921-жылы Қытай үкіметі кесіп алып, Үрімжі қаласындағы ел көп жүретін үлкен көпірге іліп қойды (!). 1928-жылы Қобда жерінде өмір сүрген қазақтың биі Қылаңның басын тағы да қытай жендеттері қанжығаға бөктерді...

...Үлкен оқымысты, ақын, қажы, «Құранды» тұңғыш рет қазақ тіліне аударған Ахыт Үлімжіні (1866-1940) Қытайда өлтірді. Атақты Оспан батырды (1889-1951) Қытай өкіметі дарға асты...» – деп жазды [18].

Қытай шапқыншылығының ХХ-ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ батырларына жасаған зорлық-зомбылықтары қазақ халқының рухын таптау үшін жасағаны белгілі.

Ежелгі замандарда және өткен ғасырлардағы Қытай шапқыншылығының зардаптары жөнінде жазылған әдеби шығармаларды көптеп басып шығару арқылы еліміздің тарихына байланысты жазылған әдеби жәдігерліктер халқымыздың рухани байлығына айналуы тиіс. Біз осы әдеби жәдігерліктер арқылы ұлттық идеологиямызға қомақты үлес қоса аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Жұмабаев, көп томдық шығармалар жинағы, бірінші том, Алматы, «Жазушы»- 2002. 134б.
2. Ә. Кекілбаев, "Талайғы Тараз", "Елорда", 2002.
3. Большаков О.Г.К. истории Таласской битвы. (751 г.) "Страны и народы Востока", 1980, вып.22.Кн.2.132-б.
4. И. Жеменей, "Хикмет" шығармасының тілдік және әдеби бағыты", республикалық "Керуен" журналы, №4,

2010. 49б.

5. «Тоныкөк» жазуы, кітапта: «Ежелгі дәуір әдебиеті», құрастырып, алғы сөзін жазған: А. Қыраубаева, Алматы, «Ана тілі». 1991-жыл, 11-б.

6. Ж. Жабаев, «Өтеген батыр», екінші нұсқасы, кітапта: «Өтеген батыр», құрастырған Айзада Сейітқызы, Алматы, «Мерей», 1994. 53-54-бб.

7. Қ. Жұбанов, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», ішінара өңделген үшінші басылымы, Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. 300б.

8. сонда, 302. б.

9. сонда, 302. б.

10. Құбығұл Жарықбаев, "Қожа Ахмет Иасауи", республикалық "Ұлан" газеті, 1993. 18-мамыр.

11. «Күлтегін» жазуы, кітапта: «Ежелгі дәуір әдебиеті», құрастырып, алғы сөзін жазған: Алма Қыраубаева, Алматы, «Ана тілі», 1991- 11б.

12. «Күлтегін» жазуы, «Ежелгі дәуір әдебиеті», 11б.

13. Ж. Жабаев, «Өтеген батыр» жыры, екінші нұсқасы, кітапта: «Өтеген батыр», құрастырған Айзада Сейітқызы, Алматы, «Мерей». 1994-54б.

14. Қ. Жұбанов, «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», ішінара өңделген үшінші басылымы, Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.

15. А. Жұмағалиұлы, "Өрлік толғауы. 1986-жылғы желтоқсан қаһармандарына", кітапта: "Ақиқаттың рухы", "Қазығұрт". Алматы, 2014. 5б.

16. «Цинская империя и казахские ханства», бірінші бөлім, Алматы, 1989. 86б.

17. М.Жұмабаев, көп томдық шығармалар жинағы, бірінші том, Алматы, «Жазушы». 2002. 151-б.

18. Т. Абайлдаев, «Қазақ алыптары басынан қалай айырылды?», Жамбыл облыстық «Ар-Ай» газеті, №26, 30-маусым, 2011.

## ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ “КҮЙ” ПОВЕСІНДЕГІ “МӘҢГҮРТТІК” МӘСЕЛЕСІ

Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының көне тарихына бағытталған Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер», І.Есенберлиннің «Қаһар», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», М.Мағауиннің «Аласапыран», Қ.Жұмаділовтың «Соңғы көш», А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», А.Сүлейменовтың «Бесатар», Қ.Мұханбетқалиевтың «Ежелгі дұшпан» сынды үздік туындыларымен қатар аталатын тағы бір тарихи туынды – *Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесі*. Интернационализмнің ықпалымен кетіп бара жатқан халық үшін саяси-әлеуметтік маңызы зор болған бұл туындыда адайлар мен түрікмендер арасындағы бірнеше ғасырларға созылған өзара кикілжіндер мен алауыздықтардың үдей келе, ушығып, қасіретті оқиғаға айналғаны баяндалады. Өз заманында бұл повестің халық санасына енгізген сілкінісі зор болды. Кеңес Одағына тәуелді кездің өзінде неміс тіліне аударылған бұл повесть жайында неміс сыншысы Герберт Кремпиен: *«адайлар мен түрікмендер арасында жүздеген жылдарға созылған алауыздықтан хабардар ететін осы оқиғалар – көшпелі халықтарда бұрын тарих болмады деген қауесетті жоққа шығарады, мұндай қауесет бұрын қазақтарға да таңылып келген еді. Сонымен қатар Орта Азия даласында өткен кішігірім қақтығысты суреттеу арқылы да үлкен қоғамдық мәні бар гуманистік хикая*

*жасауға болатынын дәлелдейді. Қазақ жазушысы ертедегі ұлттық тарихқа үңілсе де, бүгінгі заманда, мысалы Африка халықтары үшін де айрықша мәні бар өте көкейтесті жайларды қозғайды»* [1,8] деп жазады. Расында да, айтылған повесте айтылуға тиісті көкейтесті мәселелер біршама. *Соның ішінде ең негізгісі – мәңгүрттік мәселесі*. Әбіш Кекілбаев әлем әдебиетіне мәңгүрттік проблемасын жиырма сегіз жасында енгізіп, ол кейін Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романында Найман-ана аңызы бойынша өз жалғасын тапты. Қазақтың жан берісіп, жан алысқан қилы тарихының бір кезеңін перзенттік көңілмен көркем туындыға айналдыра білген жазушының бұл туындысы сонысымен де құнды деуге болады.

Қазақ халқының бүгінгі социумында кеңінен тараған «мәңгүрт» сөзі түрікмендерде де бар (есінен айрылған ақылсыз жан мағынасында қолданылады). Әлем әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген, қолданысқа түспеген мәңгүрт тақырыбын әлем әдебиетіне алып келген бірден-бір жазушы Әбіш Кекілбаев болды. Бұл мәселе кейіннен қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романында жалғасын тауып, кеңінен сөз болды. Қандай ұлт, қандай халық болса да жас ұландарының мәңгүртке айналуы – ол ел үшін үлкен трагедия. Ақыл-есінен айырылып, елін, жерін, тіпті туған анасын танымай, тек жаңа қожайынның ғана айтқанын екі етпейтін міскіндердің кеудесінде жаны бар, тірі жүр дегені болмаса, ұлтына да, еліне де пайда әкелмейтін, рухы өлген жанға айналуы расында жақсы емес. Ал рухы өлген жан ас ішіп, аяқ босатқаны болмаса, болашағы күңгірт екені белгілі. Повесть желісіндегі айыр сақал – түрікменнің атақты қолбасшысы Жөнейт. Дүйімқара – адайдың даңқы жер жарған әйгілі батыры. Жөнейттің туған інісі, қарсы елге де «Көкбөрі» атанып кеткен Дүрдіні Дүйімқара жекпе-жекте азаптап өлтіреді. Азаптап өлтіргені – оны тірідей көрге көміп

кетеді. Аталған кейіпкерлердің әрқайсысының жұмбақ әлемі шығармада шынайылықпен көрсетілген.

Адай батырының қолынан қаза тапқан інісінің кегін Жөнейт «қанға қан, жанға жан» емес, одан әлдеқайда еселей асырып, адам баласының құлағына шалынбаған тірілей азаптаудың ауыр түрін пайдаланып, бір ауылдағы өрімдей жастардың ішінен таңдап жүріп он екі ұл мен қызды тұтқиылда алып кетіп, мәңгілік күң мен құлға айналдырды. Шығарманың басынан-ақ алға тартылған мәңгүрт қазақтар – нақ солар. Осылай өш алуда Жөнейт айналасындағы елдерге өзін айбынды батыр етіп көрсеткісі келді. Повесте Жөнейттің жан әлеміндегі мәңгі мызғымастай көрінетін рухани өзгерістер ішінара тікелей күйші өнерімен терең сабақтастықта ашылады. Оның түпкі ниеті де жаугершілікпен даңқын шығару.

Шығармада баяндалған мәңгүрт жасау оқиғасынан үзінді келтірсек: *«Көзді ашып жұмғаниша, алты тұтқынның шашы алынды. Шаш алғыштар қанжарларын сүртіп, қындарына салды. Жаңа гана шашы алынған көк құйқа бастар айнадай жалтырайды, жазғы күннің жылы шуағы шекелерін қыздырып, маужыратып алып барады. Алты тұтқынның көздері ақ тайлақтың терісіне үймелеген көп түрікменде. Күнге шағылысқан ақ қанжарлар сыр-сыр етеді, жаңа гана көлдей боп жайрап жатқан ақ теріні үзім-үзім қып турап жатыр. Қанжары жалақтаған жас жігіттер кесіп алған терілерін анадайда жер тізерлеп, тұқшыңдасып, әлденені малышылап отырған екі шалдың алдына тастайды. Манадан бері білектерін сыбанып, әзер тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп жерді бұқтырды. Алты жігіттің қолындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы кеппеген жып-жылы тері жаңа гана шашы алынған жылтыр басқа жабыса кетті... Қолдары жып-жып еткен*

*мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықситып таңып тастады. Жаңа гана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді»* [1,80]. Жалын ескен ыстықта күнге күйіп кеткен түйенің терісі бас сүйекті қазір-ақ ұнтақтап жіберердей сытырлата сыға бастайды. Алты тұтқын баланың шыбын жандары жанарынан жас болып сорғалап, жарық дүние теріс төңкеріліп кетті. Арада шамалы уақыт өткенде, олардың басына шаш шықты. Тұтқындар шашы түйе терісін тесіп өте алмай, адам басының құйқасына кіріп ішке қарай өсті. *«Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден да айырылды. Түйемен бірге өрді, түйемен бірге келді. Тезек теріп қайтқан мәңгүрт қазақтар ауылға келіп, ошақтың басына қаптарын төгіп жатыр»* [1,75]. Міне, Жөнейттің қазаққа жасаған қастандығы осы болды. Ол тұтқынға әкелген жас балаларды өлтірмеді, оларды ақыл-есін, аты-жөнін, тіпті туған анасы мен әкесін білмейтін мәңгүртке айналдырды. Олар өз бетінше ойлау қабілеті жоқ, тек қожайыны не айтса соны мүлтіксіз, ешқандай сезімсіз орындап, аттап жүре беретін күйге енді. Әрбір ұлт үшін ең қауіпті нәрсе еді бұл. Екі ел бір-бірінен өш алуда адами құндылықтардан аттап, түрлі қатігездіктер арқылы күш көрсетіп, кек алды. «Күні кеше намыс қуған, кек қуған еңіреген ермін деп ойлаушы еді, «кек», «намыс» деп босқа лепіріп жазықсызға тырнағы, нақаққа найзасы батқан желбуаз жендетке айналғанын сол күні ғана сезіп, жүдеп қалған» қазақ батыры Дүйімқараның күйі де көп жайдан хабар береді.

Қаламгердің жалпыадамзаттық құндылықтың аяққа тапталуын құптамайтындығы мына жолдардан байқалады: *«Кеше гана көкіректеріне сыймай, дүниенің төрт бұрышын қайта қондырып шықпаса тыншымайтындай лепірген өр*

жүректері ессіз жонның құрт-құмырсқасының аузында кетеді. Екеуінің артында қалған екі жетім бала ер жеткен соң әкелері өлген соғыстан тірі қалған екі еркекке еріп келіп, енді олар алысады; олар да бір-біріне тісін қайрайды. Олар жермен қоса баяғыда қызды-қыздымен бастарын жұтқан екі өліктің де кегін кектейді. Ол екеуінен туған балалардың істейтіні тағы сол. Қара жерге бәрібір. Адамдар дегенін қылсын. Тірі жүрсе тірі жүргендерін ауырсынбайды, өлсе өлгендеріне қиналмайды. Әйтеуір, олар бір-біріне қанша кеуде қағып, асып-тасқанымен бұдан басқа барары жоғын жақсы біледі. Адамдар бірін-бірі жеңсе жеңер, бірақ бұны жеңе алмайды. Жер бетінде қанша қырғын соғыс болса да жеңіс – жердікі. Ол үстіне сыйыспаған адамдарды астына ап, оп-оңай-ақ сыйыстырады. Бұл адамдардың соны неғып ұқпайтындарына таң қалады. Шетінен жер түбіндегіні қозғап, өжектеп шыға келеді. Өздерінің жұмыр басы мен ошағының үш бұтының пайдасына бастары жетпей жатып, әлдеқашан сүйегі қураған аруақты айтады. Аруақ түгендейміз деп жүріп, өздері де аруаққа айналғандарын білмей қалады. Тәңірінің көл-көсір жаратқан жеріне қаралай сыйыспай қырылысады да жатады; табиғаттың небір жайсаң жадырап, мейір шашқан күндерінде қойнындағы жарын, қолындағы ұлын, қорадағы малын қызықтамай, біреудің іргесін бүлдіріп кеп, енді өзі іргеге құлағын түріп, дүсір мен дүбірді аңдып, сыбыр шықса құдайдың қасық қара суын да шашалып жұтып отырғаны» [1,82].

Сол бір тарихи заманда ақыл-есінен мәңгі айрылған тірі өлік адамдар қатары қалыптасты. Бұлар жауыздар қолдан жасаған мәңгүрттер болатын. Көне заманда өшпенділікке өлермендене ұмтылғандардың жасаған апатты әрекеті. Осы бір қасіреттің жұрнағы бүгінгі дәуірде белең ала бастағандығын да біз жоққа шығара алмаймыз. Бүгінде

осы типтегі мәңгүрттер қатарына дүниетанымы басқа, өзін өзгелерден, өз ұлтынан жоғары қойып, артық санайтындар, өз ұлтынан жерігендерді қосуға болатын секілді. Бұлар – қауіпті қоғамдық құбылыс ретінде ерекше мән берілетін, күллі адамзат баласын ойландыратын, рухани дамуына кедергі келтіретін топ. «Күйшідегі» мәңгүрттер **біріншіден**, санаулы ғана, **екіншіден**, оларды күштеп мәңгүрт қылса, **үшіншіден**, мәңгүрттіктен мәңгүрттердің өздері ғана зардап шегеді. **Ал қазіргі қоғамда жиілей бастаған мәңгүрттіктің көрінісі, оның зардабы тек өзіне ғана емес, өзгелерге, қоғамға тиетіндігі белгілі. Өз халқының өткен-кеткен тарихын білетін әр оқырман осылайша жауыздықтың қайталанбауын тілейді.**

Сонымен бірге, Әбіш Кекілбаев шығармасында мәңгүрттік мәселесін көтеру арқылы ештеңенің байыбына бармайтын, ештеңе білмейтін, сезбейтін, ұғынбайтын санасыз, ойсыз адамның жалпыға ортақ жалқы бейнесін көрсетті. Мәңгүрт бейнесі әдебиеттегі тамыры үзілген, жады, өткені мен бүгіні, келешегі жоғалған бейненің атауына айналды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. 1-т. –Алматы: Жазушы, 1989. -408б.

Б. М. БАЙГАЛИЕВА,  
№104 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.  
Алматы қаласы,  
Әуезов ауданы

## АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!..

(Шығармашылық сабақ  
(Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық  
мерейтойы қарсаңында))

**Мақсаты:**

**Білімділік:**

Ұлы ақынның балалық шағымен, өскен ортасымен,  
шығармашылығымен таныстыра отырып, олардың  
ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту.

**Дамытушылық:**

Жас ұрпақтың Абай шығармашылығын танып,  
жаттай отырып, логикалық ойлау дағдысын,  
шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жүйелі сөйлеуге, өз ойларына қорытынды жасай  
білуге дағдыландыру.

**Тәрбиелік:**

Жақсы мен жаман қылықтарды ажырата  
білетін, бойларына жақсы қасиеттерді жинаған,  
жауапкершілігі бар өнегелі тұлғаны тәрбиелеу. Абай  
шығармашылығын оқыта отырып, оқушыларды  
білімге, өнерге, ғылымға баулу.

**Шығармашылық:**

Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге,  
асыл мұрасындай есте сақтауға бағыттау.

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды  
ақын шығармаларын  
нақышына келтіре  
орындауға баулу.

2. Абайдың ғұлама  
ақын екендігін таныту  
арқылы өзіндік  
көзқарасын дамыту, ой-өрісін жетілдіру.

3. Абайды оқуға, Абайды тануға, Абайды терең  
меңгеруге шақыру.

Музыка әуені «Желсіз түнде жарық ай» (ойнап  
тұрады).

**Данияр:**

Қош келдіңіздер, құрметті оқушылар, ұстаздар,  
ата-аналар!

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге,  
Көкірегінде болсын көз –

деген данышпан  
Абай атамның  
арманды ойы  
мұратына жетіп,

**Зарина:** Өресі  
биік өрелі сөзі өз  
тыңдаушысын елдің  
ертеңі жас ұрпақ

қатарынан табуы – берекеміздің бастауы.

**Данияр:** Жүрекке егіп даналық дәнін,  
Тереңнен ұғып өнердің мәнін.



Барады ұрпақ бақытын іздеп,  
Сіңіріп бойға бабамның нәрін.

**Зарина:** Ғұламалықтың қыры мен сырын,  
Санаға құйып сағымды нұрын.  
Өсіп келеді, өскелең жандар,  
Бойында жігер, ойында білім.

**Данияр:** Арманы асқақ, бойында талап,  
Үміт-құлынның кекілін тарап.  
Бірі тұр, әне, сыр іздеп терең,



Кеңістік жаққа  
құмарта қарап...  
Ендеше, бүгінгі  
думанды кешіміздің  
шымылдығын ашуға  
Нұрболды өз арнауымен  
ортаға шақырамыз.

**Данияр:** Абай  
қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында 1845  
жылы әйгілі Қасқабұлақ басында, киіз үйде дүниеге  
келді.

**Зарина:** Абайдың азан шақырып қойған аты –  
Ибраһим.

Әжесі Зере сүйікті немересін Абай, яғни сүйкімді  
деп еркелеткен. Осыдан кейін ел арасында шын аты  
аталмай, Абай атанып кетеді.

**Данияр:** Абайдың әкесі – Құнанбай. Құнанбай  
Өскенбайұлы 1802 жылы өмірге келеді. Ол халық  
арасында өте беделді, абыройлы, әділ би болған. Ол 81  
жыл ғұмыр кешкен. Құнанбай ел ішінде қажы атанған.

**Зарина:** Абайдың әжесі – Зере Абайға халық  
қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен,

білімге итермелеген ұлы ұстаз, тәлімгер, ана.

Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол  
дана кісі болған.

**Данияр:** Абай атамыздың «Өлең – сөздің патшасы,  
сөз сарасы» – деген даналық сөзі бар ғой,

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінде жатады –



демекші, ортаға  
Абай атамыздың  
өлеңдерін мәнерлеп,  
нақышына келтіре  
оқитын өрендерімізді  
шақырайық.  
(Оқушылар Абай  
өлеңдерін оқиды.)

**Зарина:** Иә, ақынның айтпақ өсиеті: ғылым-білімге  
негұрлым ертерек, бала кезден ден қойсаңдар, кейін  
өкінбейсіңдер. Балғын шақтарыңда оқыған кітап,  
алған білім тасқа басылғандай мәңгі-бақи естеріңде  
қалмақ дегенді меңзейді.

**Данияр:** Қазақтың кемеңгері – асыл ұлы,  
Ұрпаққа мұра болған ғасыр жыры.  
Танытқан өзіңізді жер жүзіне,  
Танылған сол арқылы халық сыры.  
Көңілдің қылын шертер шығармасы,  
Көкейде арман болып қалмады ма?

(М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы.  
«Қайтқанда» бөлімінен сахналық қойылым)

**Зарина:** Тайсалмай мыңмен жалғыз алысқан кім?

Жауына найза сөзін танытқан кім?  
Өзендей құйған барып көк теңізге,  
Лермонтов, Пушкиндермен тілдескен кім?  
(Ақын аудармасынан, «Қарға мен түлкі»)

**Оқитын: Амина**

**Данияр:** Көркемдікті көркемдеп ұға алатын,  
Нәзіктіктен наздардан құралатын.  
Фариза мен Елдана, Арайлымдар,  
Құйқылжыта күй шертер тамсандыра.  
«Келіншек» күйі.

**Зарина:** Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?  
Жырымен жан сусынын қандырған кім?  
Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,  
Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім?

**Данияр:** Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?  
Талабын тас қияға өрлеткен кім?  
Құба жан, құбақан құм, құла қырды,  
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

**Зарина:** Ол – Абай, дара ақын, дана ақын,  
Қалдырған дәмді, асыл сөздің парқын.  
Әр сөзі үлгі-өнеге, жанға сая,  
Тілге жеңіл, жүрекке өте жақын.

**Данияр:** Жүрек тербеп, оятар баста миды, –  
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды, –  
деп музыканың ойлы адамға тіл жетпес ләззат  
беретінін, жақсы әуен адамның жан-сезімін оятып,  
ой-санасын өсіретінін де Абай атамыз айтып кеткен  
гой.

**Хор: «Өзгеге көңілім тоярсың»**

**Зарина:** Жақсылық пен жамандықты, әділдік пен  
қиянат туралы білгіңіз келсе,

**Данияр:** Адамгершілік пен арлылық, махаббат пен  
зұлымдық туралы білгіңіз келсе,

**Зарина:** Өлім  
мен өмір,  
адам жанының  
қалтарыстары  
мен сырлары  
туралы білгіңіз  
келсе,



**Д а н и я р :**  
Тіршіліктің мәңгі сауалдарына жауап іздеп, он сегіз  
мың галамның құпиясын білгіңіз келсе,

**Екеуі қосылып:** Абайды оқы, таңырқа!

**Мұғалім:**

Асыл сөзді издесең,  
Абайды оқы, ерінбе!  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап, тоқы көңілге! – деп, ақын  
Сұлтанмахмұт жырлағандай,  
Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Қазақ халқының киесі, ақылы мен жүрегі, ары мен  
намысы, Ұлы Абайдың аталы, баталы сөздері біздің  
әрқайсымыздың бойтұмарымыздай жадымызда  
болғаны абзал.

Қазақтың кемеңгері – асыл ұлы,  
Ұрпаққа мұра болған ғасыр жыры.  
Танытқан өзіңізді жер жүзіне,  
Танылған сол арқылы халық сыры.  
Көңілдің қылын шертер шығармасы,  
Көкейде арман болып қалмады ма?

(М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы.  
«Қайтқанда» бөлімінен сахналық қойылымнан  
көріністер.)



## Әдебиет пен тарих

ӘОЖ 94 (574.1)

**З.Т МУХАМЕДЬЯРОВА,**  
**№9 ЖОББМ,**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
Орал қаласы

## **СЫРЫМ БАТЫР ШЕШЕНДІГІ**

Орал педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор Матжан Максимұлы Тілеужанов ұзақ жылдар бойы халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданды. Ол бұл аса маңызды жұмысқа кафедра ғалымдары мен студенттерді тартып, істің ауқымды жүргізілуіне күш салды. М.М.Тілеужанов өзінің ынта жігері арқасында республика жоғары оқу орындарының арасында тұңғыш рет фольклор кабинетін ашты.

Сырым Датұлы ел есіміндегі ерекше тұлға болды. Ол батырлығымен де шешендігімен де халқымыз тарихынан мәңгілік орын алған тұлға болып табылады. Ал оның өмірбаяны мен шешендігі халыққа толық танылды ма?

Сырымды О.Игольстром да, олар туралы тарихи шежіре жазған М.П.Вяткин де, сұлтандар мен билер де батыр деп атаған.Сырым ханнан да, патшадан да қорықпаған, қайта өзінің тапқырлығымен, зеректігі арқасында оларды ықтырып отырған. Бұл жағдайлар оның ел арасындағы беделін арттырды. Сырымды батыр атандырған ел намысы, намыс қорлауға көнбейтін сезім.

Сырым ерте оянған халықтың сана-сезім дәрежесінен биіктеу тұрған, хандардың да, патша әкімдерінің де айла-шарғыларын тез түсініп, ақылымен, тездігімен аман-есен құтылып отырған. 1792 жылы Екатерина патшаға қатты-



қатты сөздер айтып, әкімдер алдында сақталуға тиісті инабаттылықты, әдептілікті де сақтаудан асып түскен. Тіпті бұдан екі жыл бұрын жазған бір хатында (1790, 11 сентябрь) «Патшаға қарсы көтеріліске дайындалып жатқандығын жасыра алмады. Патшаның Орынбордағы оң қолы Игольстромның алдауына да тізе бүкпеген. Олардың алдында хандықты жою керек деген үзілді-кесілді талап қойған. *«Мен елді басқару орнына, билейтін хандарға қарсымын!»* (Ғ.Мүсірепов)» деген. Олардың орнына «Халық кеңесі» деген басқару жүйесін ұсынған. Сырымның ел басқару әдісі мен ұйымдастырғыш таланты ерекше көрінеді. Қара халықты патша да, сұлтан да, билер де билеп-төстеген. Оларды аяған Сырым әуелі қара қазақтың басын біріктіргісі келді. 1795 жылы «Ешкі қырғын» деген (қазіргі Қаратөбе ауданы, Егіндікөл совхозының қасы) жерде халық кеңесін құрған. Бұл жиынға қара халық арнайы қатыстырылады. Сырым бірде Нұралы ханға: *«Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе?»* – деп сұрақ қойыпты. Бұл тұспал Нұралының халық мүддесінен аулақ, ат төбеліндей билердің жоғын жоқтаушы екенін дәлелдейді. Халық: *«би екеу болса, дау төртеу болады»* деп айтпады ма, бастық көбейсе берекет болмайды, *«биі көп елді дау аралайды, дауы көп елді жау аралайды»* демеп пе еді бір кезде?! Бірде Сырым асығып жүріп, ханды елемей қалған екен, сонда Нұралы хан: *«Әй, Сырым, неге сәлемдеспейсің, асып жүрмісің?»* депті. Сонда Сырым іле-шала: *«Хан ие, асып жүргенім жоқ, қара қазақтың басын қоса алмай, сасып жүрмін!»* – депті.

Тарихымызда қара қазақты халық қатарына қосуды арман еткен бірінші қайраткер Сырым Датов десек, артық емес. Халық әдебиетінде Сырым Кіші Жүздің атақты Малайсары, Мөңке, Алдар, Әйтеке, Саржалақ, Есет, Үкі, Ақсуат, Төле билерінен ақыл-кеңес сұрайды. Олардан:

көпшіл бол, халықтан қол үзбе-деген баталар алады. Сырымға: *«Досың кім, дұшпаның кім?»* – деген сауалдар қойылса керек, сонда ол: *«Досым – алаштың азаматы, дұшпаным – жаман туған туысқаным!»* – десе керек.» Сырымды Хиуа, Түркімен хандарымен салғыластырады, хандармен қағысқанда халықты ордаға, көлгетеңейді, зордан да зор шығады, ақыры одан сендердің көздерің шығады» деп өктем-өктем сөздер айтқызады. Сырым сөздерінде жұмбақ, тұспал, ишара, пернелеу көп ұшырайды. Сырым сөздері тыңдаушысын ойлантады, толғантады, жылдам жауап беруге, шапшандыққа, тапқырлыққа үйретеді. Сырым сөздерінде даналық дәріптеледі. Сырым туралы ел арасынан жинап алынған поэма да бар. Оларды жазып алған адам болмаса, авторы анықталмаған. Бұл шығармаларда Сырым – ел қамқоршысы, даласын қорғаған батыр, хан-сұлтандармен салғыласта шешен, көреген, алдын ала болжағыш кемеңгер азамат болып көрінеді. Жұмыр қожа айтты деген мына бір шумақта Сырымның өмірі туралы мәлімет бар:

*Арғы атаң сенің Дат еді,  
О да бір тентектің аты еді,  
Одан туған Сырым еді,  
Төле билермен қырын еді...*

Сырым есімі халық алдында жыр болған. Сырым сөздері халық жадында екі ғасыр бойы ұмытылмай сақталып келеді. Ол өз бейнесін өзі жасады. Бұл халық әдебиетінің тамаша дәстүрі еді. Сырым тұтқында жатқанда бір белгілі адам арқылы Игельстром 1786 жылы күзде Ералы сұлтанға: *«Сырым батырды ешқандай кешіктірмей босатсын, мұны істемесе кінә өзінен, қылмысты адам ретінде заң бойынша мейлінше қатаң жаза қолданылады. Егер кімде кім Сырым өміріне оқталатын болса, онда ол адамның бүкіл руы, аға-інілері ауыр жаза тартпай қалмайды»* –

деп, хат жазады. Генерал-губернатордың Сырым өміріне қатаң жауапкершілікпен қарағанынан оның беделін аса жоғары бағалағаны байқалады. Бұл хат «Ескі дәуір хаттары орталық Мемлекеттік архивында», «Россияның қырғыз-қазақтармен қатынастары (к 63,1786 іс, №12,13 деген қорда жатыр, бұлардың бәрі Сырым өмірінің қиыншылықтарынан хабар береді. Орынбор шекара комиссиясы мұрағатында Сырымның 1791 жылы Беріш ру басыларына жазған мынадай хаты бар: *«Маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар берілсе де және одан еліңе тыныштық орнат деген арнаулы жарлық келсе де, мен орыстарға сенбеймін»* (Фонф.1791, іс №168) деп берген адал анты да сақталған.

Сырымның сыры кетпеген сырлы сөздері қазақ әдебиетімен ұласты. Сырым батыр тұзды көлде, Қарақамыс деген жерде дүниеге келген. Сырымның шын аты – Сырлыбай. Хиуа ханы Сырымды сынамақ болады. Сырым екі жолдасын ертіп келеді. Келгеннен кейін жүзімнің алуан түрін қойдырады. Хан Сырымға қарап, *«Сіздің елде жүзім бар ма?»* – деп сұрақ қойыпты. Сонда Сырым: *«Жүзімді білгенде қандай, бір жегенде жүзін жейді.»* – деп, уыстап алып аузына салып жіберіпті. Сырым ат жарысқа өзінің Ақмоншақ атты атын қосады. Аты бәйгеден алда келеді. Бұған ашуланған хан Сырымды өлтірудің қамына кіріседі. Хан Сырымға *«Күресуге адамыңды шығар, шығара алмасаң жеңілгенің.»* -дейді. Зілқара батырға барып: *«Күресуге қалайсың?»*-деген. Зілқара батыр да : *«Жолда келе жатып шөлдегенімде, жол бойында өсіп тұрған бір топ тобылғыны сығып, су шығарып іштік, ал күресу одан жеңіл. Мен әзірмін дейді.»* Екі жақтың батырларының күресінде Зілқара батыр жеңіске жетеді. Хан Сырымды өлтіруге мыстан кемпірді жібереді. Бір қапылыста мыстан кемпір Сырым мінген аттың үзеңгісіне аяғын сала бергенде,

кенет бір алып күш аяғын сырқырата жөнеледі. Бір бәленің болғанын, оның ханнан келгенін өзі де, жолдастары да сезеді. Жолдастары біраз жерге дейін көтеріп жүреді. Сырымға: *«Аяғыңды кесейік пе?»* – деп жолдастары сұрағанда, Сырым: *«Жоқ, аяғымды кестіріп, шолақ аяқ атанғаннан өлгенім артық, менің ырысымның жеткен жері осы болар, тастап кетіңдер»*, – деп өтініпті. Сөйтіп, өткірлігімен де, тапқырлығымен де ерте көзге түсіп, халықтың сүйікті ұлы болған Сырым батыр Ойыл-Қиыл деген жердің бойында қайтыс болыпты. Қазақта: *«Тамның да құлағы бар»* деген сөз бар, ол да Сырымнан қалған сөз болса керек. Жолаушылап келе жатқан Сырымды жолдастарымен бөлек үйге түсіреді. Жолдастары әр нәрсені айтып дабырласып жатқан кезде Сырым: *«Шуламаңдар, тамның да құлағы бар»* – дейді. Ертесіне хан шақырып алып, бұл сөзді неге айтқанын сұрапты. Сонда Сырым тұрып: *«Тамның құлағы болмаса, сен менің не айтқанымды қайдан білесің?»* – депті. Бірде хан халқын жинап: *«Дүниеде өлмейтін зат табыңдар, таппасаңдар бастарыңды аламын»* – депті. Біреулері – күн өлмейді, енді біреулері – ай өлмейді, жер өлмейді, асқар тау өлмейді» – депті. Сонда Сырым:

*– Осының бәрі өледі.*

*Ай мен күннің өлгені –*

*Иіліп барып батқаны.*

*Қара жердің өлгені –*

*Алты ай қыс қар астында жатқаны.*

*Асқар таудың өлгені –*

*Басынан бұлттың асқаны.*

*Өлмейтін екі нәрсе бар:*

*«Жақсының аты өлмейді,*

*Ғалымның хаты өлмейді»* – дейді. Сырымның

арғы атасы Шолан болса керек. Шолан батыр болыпты. Жорықта жауға қарсы жалғыз шауып, жеңіске жеткен

Шоланды басқалары күндейді. Ауылға барған соң, «*Жауды мен шаптым*» – дейді Шолан. Шоланның шабуы рас болса, олар Шоланның көзін жоймақшы болып өзара келіседі. Алайда Шоланға әлдері келмейді. Жолда олар шөлге ұшырап, Шолан елсізден шыңырау құдық табады. Мал мен жанды алып келіп, бір тайды сойып терісінен мес жасап, мал мен жанды суару үшін құдықтың ішіне бір адам түсуі керек болады. Ал кім түседі дегенде, «*Ойбай, Шоланжан-ау, сен болмасаң кім түседі?*» – деп, Шоланды шыңыраудың түбіне қалдырып кетеді. Сонда Шолан: – *ал, жігіттер, мені тастадыңдар зой, елге сәлем айтыңдар. Мен кеткенде әйелімнің аяғы ауыр қалып еді, егер ұл болса, атын Дат қояр, қыз болса өздері білер* – депті. Сонымен жорықшылар елге келді. Елдің Шолан қайда? – дегеніне: *Шолан жау қолынан қаза тапты, қолымыздан қойдық* – дейді ұялмастан. – *Айтқаны бар ма десе: Әйелімнің аяғы ауыр еді, ұл туса атын Дат қойсын деді* – дейді. Сонымен ұл өмірге келіп, атын Дат қояды. Сол Даттың баласы – Сырым екен. Сырым туралы аңыздар Батыс Қазақстанда, яғни біздің өңірімізде, көп кездеседі. Оларды жинап зерттеу мәселесі алдағы уақыттар еншісінде деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.М.Тілеужанов. Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері. Орал қаласы, 1991 ж 46 бет
2. Тарихи тұлғалар. –Алматы, 2016
3. Жеті ғасыр жырлайды. –Алматы, 1992

### **Сауаттылық сыры**

**Б. Т. МУРЫНБАЕВА,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ-мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Қызылорда қаласы**

## **ҒАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ “ШЫҒАНАҚ” РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер БЕЙНЕСІ**

Жазушы өз заманының, өз дәуірінің төл перзенті болып саналады. Сол үшін ол қоғамның бүкіл болмысымен бірге өмір сүреді. Міне, Ғабиден Мұстафин – осындай өз дәуірінің ірі тұлғалы көреген жазушыларының бірі.

Ғабиден Мұстафиннің шығармаларының ішінде ауыл шаруашылығы саласының еңбек адамдары жазушы шығармашылығында жақсы көрініс тапты. Алғашқы колхоздастыру дәуірінің тарихи кезеңдерін Шығанақ пен Олжабектің басынан кешкен оқиғаларын шындықпен суреттей отырып, «Шығанақ» романының сом тұлғалы кейіпкерлерін қалыптастырды. Бірі – колхоздастырудан қорқып қашса, бірі – сол шаруашылыққа мүше болып кіруге ұмтылады.

«Шығанақ» романында оқиға осылай басталып, мұнан әрі Шығанақтың іс-әрекеттері басқа кейіпкерлерді қамти отырып, жан-жақты ашыла түседі. Шығанаққа ерген Олжабек өзінің ауыр тағдырын жеңілдете білді. Отбасынан айырылған қасіретті күндер Шығанақтың қамқорлығы арқасында адал еңбектің майталманы болуына жәрдемдеседі.

Романда егін шаруашылығының мол өнім беретін түрі-тары өсіру. Шығанақтың басшылығымен көркем бейнеде зергерлік сөз өнерін тудырады.

*Қазақ әдебиетінде егін шаруашылығы жайлы көркем әдебиет «Шығанақ» романына дейін Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінде ғана кездеседі.*

*Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі* осы саланың, отырықшылықтың насихатталған алғашқы әдеби көркем нұсқасы болатын.

Міне, осы соқпақты ұлы жазушы Ғ.Мұстафин өз шығармаларына арқау ете білді.

Өндіріс тақырыбынан ауыл шаруашылығы тақырыбына қалам тартқан қарымды жазушы Ғ.Мұстафин *«Шығанақ», «Миллионер» сияқты көркем туындыларды* қазақ әдебиетінің алтын қазынасына қосты.

Біз жазушының шығармасын талдағанда, оның дәуіріне, өмір сүрген кезеңіне емес, әдеби көркемдігіне байланысты талдаймыз. Қазіргі осы дәуірімізде қоғамдық дамудың өзгерген сатысында Елбасымыз Қазақстанның ауыл шаруашылығына ерекше мән беріп отыр. 2003-3005 жылдар аралығы, яғни үш жыл бойы, «Ауыл шаруашылығы жылы» деп жарияланып, оған бүкіл халық назары аударылып, өкіметтің қолдауына ие болады.

Жазушының көрегендігі осынау тарих тағылымымен сабақтасып, өзінің өміршеңдігін дәлелдегендей болып отыр. Біз енді шығарманың өзіне тікелей тоқталып, талдай бастаймыз.

«Шығанақ» романы – кеңес дәуіріндегі колхоз құрылысының оқиғаларына арналған шығарма. *Шығарманың негізгі тақырыбы – еңбек адамдарының сараң табиғатпен күресі.* Күрес

үстінде Шығанақ бастаған еңбек адамдары тары өнімін алуда дүниежүзілік рекорд жасап, жаңалық енгізіп, ауыл адамдарының бұдан былай да ауқатты тұрмысқа жеткізу жолында еңбек етеді.

«Шығанақ» романында бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі адамдар бейнесі бар. Ауыл адамдарының көбі-қарапайым адамдар.

Романның басты кейіпкерлері – Шығанақ, Олжабек, Жанбота, Амантайлар үнемі халық арасында көрінеді. *Романның басты кейіпкері – Шығанақ атақты диқаншы, тары өсірудің әйгілі шебері, ауыл шаруашылығының озат адамы.* Жазушы Шығанақ бейнесін жасауда ешқандай жалған әсірелеуге бармайды. Романдағы Шығанақ – халықтың диқаншылық кәсібін бойына мол сіңірген тәжірибелі адам. Оқымаған, сауатсыз адамның егіншілік жайына келгенде кеудесі сара, білетіні көп.

Қазақтар ерте заманнан егіншілікті кәсіп еткен. Өйткені көршілес Орта және Орталық Азияның, Сібірдің, Қиыр Шығыстың отырықшы елдерімен қарым-қатынас жасаған кейбір қазақ рулары соларға еліктеп, өздері де егіншілікпен шұғылданған деген деректер бар. Бұған келтірер дәлеліміз – Керей руларының ішінде «Тарышы» деген бір тармағының болуы. Бұларды сол көне заманда тары егуді кәсіп еткендіктен, «тарышы» деп кетсе керек. Бертін келе Сырдария және Жетісу бойын мекендеген қазақтардың егіншілікпен шұғылданғаны рас. Қазіргі таңда Қызылорда облысының Сырдария, Шиелі, Жанақорған аудандарының халқы аз көлемде тары өндірумен шұғылданады.

Романда Шығанақ – құрғақ сөздің, даудың адамы емес, істің адамы. Тар жол, тайғақ кешуде талмайтын,

талпынғанын істемей тынбайтын жан. Машина сұрап, обкомға барған жолы айтқан бір сөзінде: *«Әкемнің әкесі егінді кетпенмен алған. Әкем Берсе ағаш соқамен салды. Өзім темір соқаға түйе шығырды қостым. Осының бәрі тарыны көп салып, көп алудың алға басқан амалы еді. Сонда кетпеннен ағаш соқа, ағаш соқадан темір соқа көп бермеді ме? Бұл даусыз болса, енді машинаның көп беретіндігіне дауласу күлкілі емес пе?»* – дейді.

Шығанақ болашаққа сенім білдіреді. Талабын іске асыруға бөгет болғандарға қарсы күресте өз ісіне сенеді, қайтіп қалар екем деген күдікке берілмейді. *«Біздің жеріміз тым қатыгез, тым сараң. Бірақ бабын білгенге тым берген, тым мейірбан»* дегенді ол үнемі батыл айтады.

Романда Шығанақты тәжірибе үстінде суреттеген көріністер де бар. Ол шыққан тарыны аралап жүріп, тұқымға жарайды дегенін өз қолымен үгіп жинап алады.

*«Тары құр көп салынғанымен көбеймейді. Бабын білу керек. Әуелі тұқымын сайлау керек. Ойылдың ақ тарысы әбден тазарған емес. Оның ішінде, міне, ағы да, ала бүйрегі де, қызылы да жүр. Ең бітік шығаратыны ұйыспа келіп, дәні таза болады. Мен сол ұйыспасын іріктеп отырмын.»*

Егістік жерге неше рет, қай мезгілде, қандай әдіспен су жібереді, осыны мөлшерлейді. ***Бірақ Шығанақ ғылымнан алыс, тек тәжірибенің ғана адамы емес.*** Ол тәжірибені ғылыммен жалғастыра пайдалануды дұрыс санайды. Шығанақ өз басының қамын ойлап қызмет істеп жүрген адам емес, оның ойлайтыны – ел қамы, астықтың молшылығы. Елдің, халықтың тұрмысының жақсаруы үшін күреседі. Ол қасына Олжабек, Амантай, Жанбота сияқты ізбасарларын дайындайды. Осы кейіпкерлер арқылы Шығанақтың

бейнесі жан-жақты ашыла түседі. Шығанақ сөздің ғана адамы емес, тікелей істің адамы болып көрінеді.

Шығанақтың еңбекқұмар, ізденгіштігі Ұлы Отан соғысы кезінде айқын көрінеді. Науқастанып жүрсе де, белін мықтап буынып, таяғына сүйеніп, жұмыс басында жүреді. Жасы егде тартқанмен, қуаты қайтпаған тарышыны ауру меңдей түседі. Асқынған ауру ешбір емге болмай, Шығанақты мерт қылады. Шығанақ елге табиғаттың сырын ашып береді. Ол өлгенмен, оның ісі тірі, заңды мұрагерлердің қолында әрі қарай жалғасын таба береді.

Олжабек бейнесі арқылы жазушы қазақ аулындағы беталысты түсінбеген, жекешіл шаруаны суреттейді. ***Олжабек – ауылды кохоздастыру кезінде жаулардың сөзіне еріп, колхоздан қашып, өзінің жеке меншігін қорғаған шаруалардың бірі.*** Колхоздан қашып жүргенде, Олжабек еңбек етуден, бейнеттен қашып жүрген жоқ. Оның қорқып жүргені – екі жылқысы мен жалғыз түйесі. Жеке кәсіп жасауға үйренген шаруа бірігуден қорқады, колхоз бәрін тартып алады деп ойлайды. *«Ортақ өгізден оңаша бұзау артық»* деп түсінеді.

Олжабек – еңбекқор, істің көзін білетін, морт мінез, адал, момын, ұстамды, үндемес берік кісі.

*«– Шіркін-ай, жаңағы бір егінді ұқсатып-ақ жыртыққан екен, байқадың ба?»*

*– Е, жақсы көрінеді. Бәрі көңіл қоядан да, әйтпесе оқуы бар деймісің оның.*

*– Егер жұрттың бәрі жаңағы шалдай пейілімен істесе, бұл колхоз дүрілдеп-ақ кетер еді.»*

Бұл үзіндіден Олжабектің істің көзін білетін еңбекқор адам екенін байқаймыз. Колхоздан қашып, тау ішінде бес қарақшыға тап болып, бала-шағасынан

айырылып, бақытсыздыққа ұшыраған Олжабек Шығанаққа кездесіп, Құрман колхозына келеді. Колхозды жаулар жамандағандай емес екендігіне көзі жеткен Олжабек адал еңбегінің арқасында табыстарға да жетеді.

*«Олжабек ту кеткенін жақсылыққа жорымады. Екі қашар қоса кетеді, абырой тағзы жоқ, бәрі туға байланысты.»*

*«Олжабектің көңілі әлі де үлкен туда, қос қашарда еді. Өзіне-өзі сенгендігі ме, жоқ шыдамды ма, кішкене туға алаңдамастан үлкен тудың соңынан жүреді.»*

Мұнда жеке меншікке құмарлық оны қызыл туға емес, бәйгеге тігілген қашарға ықыласы ауғаны көрінеді. Мұның өзі жекешілдік пиғылдан әлі арыла алмайтындығын байқатады. Жазушы Олжабектің мінезін беруде осындай ұтқырлық танытады.

**Олжабектің әйелі Жамал – жібек мінезді, адал жар.** Қарақшылардың қолына түскен Жамал өз тағдырының не болатынын ойламайды, баласы Сағынтай мен күйеуі Олжабекті ойлайды. Жамал қарақшылардан құтылудың жолын іздеп, Кертөбелді мініп, қашпақшы болады. Кертөбелдің маңдайындағы жарқыраған жұлдызы Жамалға қарақшылардан құтылудың жолын көрсеткендей еді.

Қарақшылардан құтылып, ендігі арманы – Олжабегі мен Сағынтайын табу. Кейін Олжабек пен Жамал Алматыда өткізілген ауыл шаруашылығының мәслихатында кездеседі. Кейін олар қайтадан қосылып, тату-тәтті өмір сүреді.

**Жанбота мен Амантай – өткір, өжет жастар.** Олар үнемі ісімен, адамгершілігімен көрінеді. Жанбота – істе шыныққан, сом денелі, тепсе темір үзетін шаруаның қызы. Жүрегі жылы, мінезі жайдары, сөзі

тұрақты, адамгершілігі мол жан. Еңбек майданында ерлермен тең түсіп, бәйге алады.

*«Сыртын айтқанша, ішін айт. Жанботалар жанып тұрған от емес пе, шіркін!»* – деп, Шығанақтың сөзімен Жанбота бейнесін сомдайды.

**Жастар бейнесін көрсетуде Жанботамен тең дәрежеде жұмыс үстінде көрінетін еңбек майталманы – Амантай бейнесі.** Амантай Шығанақ ісін алға апарушы ізбасары ретінде суреттеледі. Мінезі ашық, ақ көңіл, адал азамат.

Ол жұмыстан бос уақытында Жанботамен қалжыңдасып, күліп-ойнап, өзінің сүйіспеншілік көңілін білдіреді. Жанбота сияқты жақсы қызға жақсы жолдас, жақсы жар бола алатындығын екеуінің еңбек үстінде де, бос уақытында да қарым-қатынасынан дәлелдейді. Кейде Амантайдың дөрекілеу қылығын да Жанбота сөзімен сыпайы ғана сынап қояды. Бірақ Амантай ниетінде арамдық, көрсеқызарарлық байқалмайды. Оғаштау мінез жастықтың ұрыншақтық қасиетіне бой алдырғандай әнтектік байқалады.

Жазушы жастар бейнесін жасауда да өмір шындығынан аулақ кетпей, нақты дәлелдермен кейіпкерлер бейнесін аша түседі. Роман ақырында Амантай мен Жанбота екеуі қосылып, отау құрады. Жаңа өмірдің жарасты отбасын бейнелейді, бірақ кенеттен болған соғыс Амантайды ел қорғауға жұмылдырады.

Жанбота соғысқа кеткен күйеуін баласы Амангелдімен бірге күтіп, отбасы шаңырағының түтінін түтетіп отыра береді.

**Жанбота мен Амантайдан кейінгі ауыл басшысы, ақылшысы – Кәрібай бейнесі.** Кәрібай – жаңа өмірдің жасампаз жандардың біріне айналған кейіпкер. Ол

үнемі Шығанақты қолдап, оның болашағынан мол үміт күтетіндігін аңғартады, қолдап, қорғап отырады. Бұл да ұнамды кейіпкерлер тобын молайта түседі.

***Романда халықтар достығы молынан қамтылады.***

Агроном Сергей, обком хатшысы Василий Антонович, машинашы Федор Шығанақтың мақсаттас қолдаушы кісілері болып табылады. Олар қолынан келген көмегін Шығанақтан аямай, қажетті жәрдемін үнемі беріп отырады. Шығанақтың мол тәжірибесін ғылыммен байланыстырып, тарыдан мол өнім алуға қолын жеткізеді.

Ұлттық татулық, ұлттық байланыс романда қарапайым шыншылдықпен жан-жақты суреттеледі. Шығанақтың еңбек жолының жемісті болуы отбасының берекесіне байланысты екендігі романда мынадай жолдармен беріледі.

*«Басына шаршы байлаған қара бәйбіше қашан көрсең де, сары самаурынды сақылдатып, сары шұбатты көпіршітіп отырғаны. Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді.»*

*«Бәйбіше бүгін екі дүркін қонақ жөнелтіп, жаңа гана жантайып еді, дабырлаған дауысқа жұмулы көзін ашып алды.»*

Осы көріністерден Шығанақ үйінің қонақшыл, көпшіл екендігін анық көруге болады. Зәру сынды жолдасы Шығанақтың абыройына, беделіне өз дастарқанымен көмек көрсетіп үлес қосатынын білдіреді.

***Романда ауыл шаруашылығын өркендету жолына аянбай еңбек етіп жатқан адамдардың ісіне көлденең тұратын су маманы – Төкен мен қашқын Ахмет болады.***

Баяғы кебеже қарын, салпы бұғақ байбатша, жуан жұдырық Төкен – бүгін су маманы болып әмір етсе, Ахмет колхоздан, елден қашып, қарақшылық өмір кешеді. Ахмет – ел арасындағы Ақаң. Ахмет – баяғы

болыс.

Төкен Шығанаққа қарсы тұрып, колхоздың машина алуына кедергі жасамақ болады, іріткі салуды ойлайды.

Соғыстың ауыр күндерінде немістер келіп қалды деп жалған айтып, елді дүрліктіреді. Қашқын Ахметпен байланыс жасап, оны Шығанаққа айдап салады.

Төкен арам пиғылын асыруда аудандық жер бөлімшесінің басшысы Ержан мен колхоз басшысы Шәңгерей, Қабышты пайдаланады. Сөйтіп, Шығанақтың басты қарсыласы болады. Романда жағымсыз жандардың бейнесі өз бояуын жақсы табады. Осындай жағымсыз кейіпкерлермен іштей қабысып жататын бейнелер де кездеседі. Ол – аудандық жер бөлімінің басшысы Ержан бейнесі. Шала ойлы, біліксіз, қағаз басты адам. Оны жазушы мына төмендегіше сипаттайды.

*«Ержанның сырты қалың болғанмен, іші тым жұқа еді. Мәдениетті, ауқатты колхозды іздейді Ержан. Соған жету жолын көрсетпейді, бірақ көрмейсіңдер деп басқаны тықсыра береді. Одан да одағай бір мінезі, көз көргенді ойымен айыра алмай, қағазға қарайтын.»*

Романда жеңіл мысқылды, әзілге құрылған кейіпкерлер бейнесі бар. Бұл кейіпкерлердің іс-әрекеті жай ғана езу тартқызғандай оқырманына әсер қалдырады. Бұл кейіпкер – Шығанақтың құрдасы – Қабыш бейнесі. ***Қабыш – Шығанақпен жасты адам. Кезінде елубасы болып, ел билеуге араласқан ауыл пысықайларының біреуі.*** Енді заман өзгеріп, билік басынан тайғанда, жұмыс істесе, қыры қашқан берекесіз, бойкүйез жанның біріне айналған. Шығанақтың әрекетіне сенімсіздік білдіріп, сөзбен қағытып, өзінің күйкі тірлігін марқайтып көрсетіп, көлеңкелі бейнеде өмір сүреді.

Бұл кейіпкерлер бейнесі Шығанақ бейнесін жан-жақты ашып, биік тұлғасын асқақтата көрсетуге көп пайдасын тигізеді.

**Жазушы «Шығанақ» романынан басқа «Шығанақ Берсиев» атты пьеса жазды.** Бұл сахналық шығармасында кездесетін кейіпкерлер – романда кездесетін кейіпкерлердің өзі. Кейіпкерлері шағын, оқиғасы роман негізінде жазылған. Демек, жазушы Шығанақ бейнесін өнер сахнасында да көрсетіп, насихаттауды жөн көрсе керек. Жазушының «Шығанақ» романы өзінің көркемдік тіл ерекшелігімен де қазақ оқырмандарының кезінде жақсы бағасын алды.

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов «Шығанақ» романына жоғары баға беріп, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған таңдаулы шығармаларының бірі деп жазғаны айқын.

Қорыта келгенде, «Шығанақ» романының кейіпкерлері оқырманның үлгі алып, өзіне еңбек жолында мұрат тұтатыны анық. Шығанақ тарыдан әлемдік рекорд жасаса, біздің жерлесіміз, ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаев күріштен әлемдік рекордқа қол жеткізді. Ыбырай Жақаев осы еңбегі үшін екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алып, өзінің ізбасарларын дайындады. Жақаевшылар күріштен мол өнім жинап, еліміздің байлығын арттыруда мол үлес қосып келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Ж.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл.
2. Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл.
3. Ә.Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.
4. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.
5. З.Ахметов «Өлең сөздің теориясы»
6. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетін зерттеу жолы» Жұлдыз №5 1958 жыл.

#### **Жаңа әдіс – сапалы білім**

**Ә.НИЕТАЛИНА,  
Жаңақоныс ЖОББМ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы**

## **“LESSON STUDY” – САБАҚТЫҢ САПАСЫН ЖАҚСARTY ТӘСІЛІ. САБАҚТЫ «LESSON STUDY» АЯСЫНДА ЗЕРТТЕУ**

«Lesson study» – сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады, бұл тәсіл 1870 жылдары Жапонияда тәжірибені жақсарту мен жетілдіру мақсатында пайда болған. Қазірде мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде оқу үдерісіне белсенді енгізіліп жатыр. Бұл үдеріс барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерттейді.

«Lesson Study» бағытында жұмыс жүргізу үшін алты қадам бойынша іс әрекет жүзеге асырылады.

**Бірінші қадам бойынша** команда құрылады. Топтың құрамында басшылық өкілі мен тәжірибелі мұғалімдер болса, «Lesson Study» тиімді болады. Команда кездеспес бұрын сабақты зерттеу нұсқауын оның әр мүшесі қарап шығады. Сабақ басталмас бұрын 2-ден 6 кездесуге дейін «Lesson Study» мүшелері бас қосуы керек. Зерттеу жүргізетін топ әдетте кемінде үш мұғалімнен тұрады, топ санын 6 мұғалімге дейін жеткізуге болады. Бұл кезеңде топ мүшелерінің қанша уақыт кездесетіндігі, кездесуде қалай жазба жүргізетіндігі жайында, нені басшылыққа



алатындығы туралы пікірлеседі. Тек бір мұғалім ғана сабақ беретіндігіне қарамастан, зерттеу үшін бүкіл топ өзіне жауапкершілік алады. «Lesson Study» бірлесіп жоспарланғандықтан, ол топтың бірлескен меншігі болып табылады. Зерттеу барысында барлық топ мүшелері толық көлемде және бірдей дәрежеде үдеріске тартылады.

**Екінші қадам бойынша** оқытудың мақсаты айқындалады. Сабақтың қандай мақсатқа негізделгендігі, онда қандай даму мақсаттары қойылғандығы, сабақтың нәтижесінде оқушылар нені біліп, нені істей алатындығы айқындалады.

**Үшінші қадам бойынша** сабақты жоспарлау сатысында қандай стратегиялар оқушылардың ой-өрісін нақты дамытатындығы, сабақ кезеңінде оқушы әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы, оқушының берген жауаптарының оқу мақсатына негізделуі қарастырылады. Мысалы: «*Топтасқан оқу жағдайында оқушылардың пікіресе отырып, өздігінше білім алуын, сыни тұрғыдан ойлау әрекетін жетілдіру*» тәсілі оқу жоспарының қай кезеңінде аса ықпалды болатындығы белгілі. Бұл орайда оқыту стратегиялары бірлескен оқу әрекеті арқылы оқушылардың пікірлерін ашық айтып, өз идеяларын қорғай білуге, сөйтіп білімді өз беттерінше алу әрекетін жетілдіруге, мәселені шешуде сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталады.

**Төртінші қадам бойынша** сабақ үдерісінде оқушылардың оқу үлгерімін, танымдық даму деңгейін, өзін-өзі ұстанымын қадағалау, олардың іс-әрекетін бақылау назарға алынады. Оқушыларға өздерін сырттан қатаң бақылауға алынғандай сезім тудырмау керектігі ескеріледі. Бақылаушылар мұғалімге емес, бақылаудағы оқушыларға көп көңіл бөледі, кім қай

оқушыны бақылайтындығы анықталады. Сыныптағы ешбір оқушы бақылаусыз қалмау керек. Бақылау аясын кеңейте отырып, топтың немесе толық сыныптың қамтылуы ескеріледі. Жоспарланған нәтижемен салыстыра отырып, әр оқушының ілгерілеуінің дәлелдемесін анықтап, олардың күтілетін нәтижеге қаншалықты жеткенін белгілейді. Бақылаушылар зерттеу барысындағы жазбаларды түсіріп отыратын кестелер мен сызбаларды пайдаланады.

**Бесінші қадам:** Оқыту және бақылау кезеңі бойынша оқыту барысында мұғалімнің сабаққа өзгертулер енгізе алуы, бақылаушылардың қатысуы оқушылардың үлгеріміне теріс әсер етпеуі қарастырылады.

**Алтыншы қадам:** талдау және қайта қарастыру бойынша зерттеу сабағы аяқталғаннан кейін бүкіл топ мүшелері оқушылардың оқу үдерісіне қатысты барлық нәтижелерін жүйелейді және талдайды. *Оқудың мақсатына оқушылар қол жеткізе алды ма? Неліктен оқу мақсаты орындалмады? Тапсырмалар оқушылардың танымына сәйкес пе? Сабақты қайта қалай жоспарлауға болады?* Білім алушы топтың шынайы өкілі болып табылатын үш оқушының (жақсы, орта, нашар оқитын) деңгейін анықтап, «Lesson study»-дің аяғында қай оқушыдан қандай нәтиже күтілетіндігі туралы жазып алынады. Сабақтың әр кезеңіндегі бақылаудағы әрбір оқушының тақырыпты игеру қарқыны зерттеледі.

Жоспарланған нәтижемен салыстыра отырып, әр оқушының ілгерілеуінің дәлелдемесін анықтап, олардың күтілетін нәтижеге қаншалықты жеткені анықталады. Сабақ аяқталған соң, бақылаудағы оқушылардың сабақта не пайдалы болғандығын, нені

түсінгенін, олардың көзқарасы бойынша бұдан да тиімдірек болуы үшін нені өзгертуге болатындығы туралы сұхбат алынады. Кейде бақылаудағы оқушылармен бірге оқитын топтардағы басқа оқушылардан да жауап алынады.

– Саған сабақта бәрінен де не ұнады?

– Сен сабақта не үйрендің? Бұрынғы сабаққа қарағанда бүгінгі сабақта нені іске асыра алдың?

– Оқытудың қай бөлігі сен үшін тиімді болды?

Аталған сұрақтарға оқушылар сабақтағы топтық әдістің ұнағанын, бірлескен оқу нәтижесінде өздерінің білмейтіндерін жолдастарынан естігендерін, мәселені топ болып шешкендігін, сөйтіп өз беттерінше білім алғандарын, бұрынғы сабақта оқушының білмеген ұғымы сол күйінде түсініксіз болып қала беретінін, ал бүгінгі сабақта барлық ұғым түсінікті болғандығы туралы айтты. Сабақта негізгі әрекет етуші тұлға оқушы болғандықтан, өздерінде сенімділік, жауапкершілік пайда болғандығын аңғардым. Зерттеу сабағының нәтижесін пән мұғалімі мен бақылаудағы оқушылардың пікірінен байқадым.

**А деңгейлі оқушы:** «Біздің сыныпта өзгеріс пайда болды. Бұрын партада жұптасып отыратын едік, енді топтаса отырып, сабақты бірлесіп оқимыз, тапсырманы топ болып орындаймыз, ойымызды еркін айтамыз. Маған осындай сабақтар ұнайды», – дейді.

**В деңгейлі оқушы:** «Маған топтасып отырып жұмыс жасаған ұнайды, бәріміз бірлесіп оқыдық, тапсырманы бірлесіп орындадық. Өзімді еркін сезіндім», – десе, пән мұғалімі: «Lesson Study» зерттеу әдісі бойынша сабақ өткіздім. Талаптары

қиындау болғанмен, қазірде төселдім. Бастапқы кезде оқушыларым топта жұмыс істеуді жарысу деп түсінді. Басқа топтың оқушыларымен бәсекелесіп отырды. Осы орайда мен мұндай сабақты сайыс екен деп ойламау керектігін ұғындырдым. Алғашында топтасып отырғанда көп шулап кетті. Бірте-бірте сабақтың мәнін түсініп, қазір бірқалыпқа түсті. Топтық жұмыс, рөлдік ойындар, модульдердің сабаққа кіріктірілуі баланың ой-өрісінің дамуына, өздігінен білім алуына көмектесетіндігіне көз жеткіздім. Орташа, нашар оқитын оқушыларым да ашылып, сабақ айтып, сұраққа жауап беріп жатыр. Бұл әдіс сыныбымның сапалық көрсеткішін өткен жылғымен салыстырғанда 12 пайызға жоғарылатты. (жылдық-41%, I тоқсан-53%)

Сабақ қорытындысы бойынша «Топтық жұмыс бақылауы», «Талқылау барысы туралы жазбалар», «Сабақты зерттеуден кейінгі талқылау» кестелері толтырылып, «Lesson Study»-дің анағұрлым тиімді болуын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінде алынған нәтижелерді есепке ала отырып, сабақтың жағымды тұстары қандай, нені жақсарту керектігі туралы ойластырдық.

**Сабақ қорытындысы бойынша талқылауларды жазу**

	Бақылаудағы А оқушы	Бақылаудағы В оқушы	Бақылаудағы С оқушы
Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді?	Өтешеева Ақнұр Өз пікірін дәлелді тұжырыммен жеткізе білді. Бірлескен оқу үдерісінде қызығушылық	Саматов Нұрсұлтан Оқушы сабаққа зейін қойып, диалогтік қарым-қатынасқа түсті.	Сақов Бекарыс Оқушы әрекеті баяу. Ол мәтіннен арыстан мен тишқанның сөздерін тауып оқыды.

<p><b>Ол жеткілікті болды ма?</b></p>	<p><b>танытты.</b> Сыни ойлау нәтижесінде шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды жақсы орындады.</p>	<p>Жолдастарымен ойласты, пікірлесті. Мысал кейіпкерлеріне мінездеме берді. Проблемалық сұрақтарды шешуге талпынысы байқалды, оқушының ой-пайымы, сөз саптауы орнықты. Нұрсұлтан өз деңгейінен ілгері нәтиже көрсетті.</p>	<p><b>Мысал кейіпкерлерін атады.</b> Шығармашылық тапсырмаларды орындай алмады. Мұғалім жетекші сұрақтар арқылы оқушыға қозғау салды. Тышқан өлімнен қалай құтылды? Оның әрекетінен үлгі алуға бола ма? деген сұрақтарға оқушы өз деңгейінде жауап берді.</p>
<p><b>Енгізіліп жатқан әдіс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді? Қандай тосын оқиғалар болды?</b></p>	<p>Енгізіліп жатқан әдіс оқу үдерісіне жақсы әсер етті. Бұрын топқа бөлініп оқымағандықтан оқушыларда алаңдаушылық байқалғанмен, топтасқан оқу әрекеті арқылы тапсырманы бірлесе орындауы жақсы көрініс берді. Модульдердің үйлесімді кіріктірілуі сабақ сапасын жақсартты. Топтық оқыту әдісі үлгерімі нашар, тұйық, енжар оқушылардың ашылуына, сабаққа жауапкершілікпен қарауына әсерін тигізді.</p>		
<p><b>Әр оқушының нәтижесін жақсарту үшін келесі жолы әдістеменің қандай аспектілері түзетілуі керек?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Білімді өздігінен алу әрекетін ұйымдастыру;</li> <li>• Диалогтік оқыту әдісін дамыту;</li> <li>• Тапсырмалар деңгейін оқушылардың қабілетіне сай үйлестіру;</li> </ul>		
<p><b>Келесі жолы біз не істеуге тырысуымыз керек?</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқытудың жаңа әдістері арқылы сапалы әрі табысты оқытуға қол жеткізу;</li> <li>• Оқушы білігіндегі кемшін тұстарды жетілдіру;</li> <li>• Топпен жұмыста сындарлы қарым-қатынасты нығайту;</li> <li>• Жауап алу стратегияларын өзгерту.</li> <li>• Ашық сұрақтарды пайдалану.</li> <li>• Сапалық деңгейі өзгеше сұрақтарға көшу.</li> <li>• Алынған жауаптарды талдау.</li> </ul>		

**Атаулы мектеп тынысы**

**Ә. ТЕГИС,**  
**№148 мектеп-гимназияның**  
**әлеуметтік педагогы.**  
 Алматы қаласы

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ –**  
**ІЗГІЛІКТІҢ**  
**АНЫҚ КӨРІНІСІ**

Елімізде орын алып отырған төтенше жағдайға байланысты «COVID-19» инфекциясының алдын алудағы басты міндет – азаматтарымыздың денсаулығын сақтап, өмірін қорғап қалу болып табылады. Соған орай еліміздің білім ордаларында қашықтықтан оқыту бүгінгі күннің талабына айналды. Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен мейлінше жаңашылдыққа, жаңа өзгерістерге бейімделуді талап етуде. Осы мақсаттағы оқу үдерісін ұйымдастырудағы жаңа формалардың бірі – қашықтықтан оқыту. Қашанда кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті мамандар үшін оқытудың бұл түрі де қиындық туғызған жоқ. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланғандықтан жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар. Осы мүмкіндіктерді білікті де, тәжірибелі, жаңашыл ұстаздар нәтижелі қолданды. Әрине, елдегі болып жатқан төтенше жағдайға байланысты оқытудың бұл түріне дереу көшіп кету оңайға соққан жоқ. Дегенмен, оқыту жүйесін біздің №148 мектеп-гимназия ұстаздары да ұтымды ұйымдастыра білді. Жас ұрпаққа қашықтықтан



білім беруде барлық сандық технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өзтәжірибелерін одан сайын жаңашылдыққа бағыттай түсті. Сабақ берудің түрлі әдістерімен оқытуды оқушылар мен ата-аналар жалғастырып әкетті.

Президентіміз «Мемлекет ешкімді қиындықта қалдырмайды» деп басып айтқандай, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықтың табысын сақтау үшін де мемлекет



тарапынан арнайы шаралар қабылданып, бұл шаралар барынша жүзеге асырылуда. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз!» қорынан қаржы бөлінді. Азық-түліктің жеткілікті болуына және оның сапасына қатысты мемлекет тарапынан ұдайы мониторинг жүргізілуде.



Адамға жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету – халқымыздың бойына сіңген қасиеттерінің бірі.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» демекші, мектебімізде «Біз біргеміз!» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында

әлеуметтік жағдайылары



аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, мүдегек және көп балалы отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетілді. Жетісу ауданы білім Басқармасының басшысы Құсаинова Салтанат

Амангелдіқызының қолдауымен ұйымдастырылған бұл акцияға Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу Департаменті мен «Нұр Отан» партиясы көмек қолын созып, киім-кешек, азық-түлік пен паланшет, сондай-ақ интернетпен байланысқа қосылған нөмірлер мен маскалары таратылды. «Біз біргеміз!» акциясы барысында



жәрдем көрсетіліп, көптеген отбасылардың ризашылығына бөленді.



Мектебіміздің басшысы Алиакбарова Фатима Маметқалиқызының бастауымен осындай игі істер үнемі жалғасын тауып келеді.

Адамдар арасында мейірімділік азайған кезде, бірлік пен ынтымақтың ауылы алыстайды.

Халқымыздың осы бір ізгі қасиеті мен ежелден келе жатқан дәстүрін ұмытпайық!

**М. Ж. МЫРЗАТАЕВ,**  
фил.-16-1 тобының білімгері.

**М. ӘБІЛҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, профессор.

## **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ МЕН ИСЛАМДЫҚ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ АҚЫНДАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ БАЙЛАНЫС**

Белгілі ғалым Ж. Тілепов Жәнібек ханның хандығы мен Асан жыраудың Жәнібек ханға айтқан тарихи толғауы туралы ой өрбітіп, былай деп жазатыны бар: "Аңызда да солай: Жәнібек ханның жұрты Еділ мен Жайықтың арасында болған дейді. Демек, бұл жерде жаңсақ айтылған пікір жоқ. Бұл сөздер шын мәнісінде 1465-жылы Әбілқайыр өліп, сол кезде қазақтардың баяғы өздерінің ата жұртына оралған кезеңінің көрінісі деп қорытынды жасауға толық негіз бар. Жырдың айтылған тұсы қалай болған да да 1465-жылдан кейінгі мезгіл: шамамен оны 1465-1470 жылдар арасы деп межелеуге болатын болар. Олай дейтін себебіміз: Жәнібек осы жұртта кейін қарамағындағы халқының саны өсіп, қарашасы көбейіп, хандық пәрмені төңірегіне түгел жүретіндей дәрежеге жетіп, әбден нығайған тұста, айрықша саят құрып (құладыңға қу ілдіріп), төсек жаңғыртып, сарай (қорған) салдырып

бірсыпыра шаруалар істейді. Ол толғау Асан қайғының Еділ мен Жайықтың бойына көшіңді кідіртіп, халқыңды орнықтыр дегенді айтатын біздің қазір ғана сөз етіп отырған жырдан басқа. Оны ілгері жақта келтіргенбіз. Тегінде, осы жырдың мазмұнына іштей үңіле түссек, бұл тұс аңызда айтылатындай: *"Жәнібек хан дегеніне жетіп тұрған кезі... Асан қайғының 95-ке келген шағы"* (Ж. Тілепов, "Жыраулар мұрасы және қазақ халқының елдік тарихы", кітапта "Қазақ әдебиетінің тарихы", III том, Алматы, "Ғылым" баспасы, 2000-жыл, 78-79-беттер).

Шынында Ж. Тілепов өзінің ғылыми тұжырымында үлкен саяси маңызы бар істің сол дәуірде орын алғанын, Асан қайғының көрегендігін, ақылдылығын меңзеп тұр.

*Асан жыраудың Жәнібек ханға:*

*"...Еділ бол да, Жайық бол,*

*Ешкімменен ұрыспа...*

*...Өлетұғын тай үшін,*

*Көшетұғын сай үшін,*

*Желке терің құрысып,*

*Әркімменен ұрыспа..."* – дейді.

Жәнібек ханға Еділ мен Жайық арасына ел қондыр, шұрайлы жерде малың қонды болады, түтінің түзу ұшады деген пікір өрбітеді.

Жырау имансыздық жайлаған қоғамнан жиренеді. Халқына деген ыстық ықыласы қаһарлы хан екпінінен асып түседі. Қоғамдағы алаяқтық, әділетсіздік пен бақталастық жырауға жат құбылыс болды. Оның имани сенімі ханның әділетсіздігіне қарсы шықты. Асан жыраудың ханға айтқан ескертулері елде орын алған келеңсіздіктердің алдын алуға септігін тигізді.

*"Ислам діні адамзатты нақақтан қан төгуден аулақ болуға шақырады. Ханды сабырлылыққа шақырып, елдің берекесінің кетпеуін өтінеді. Жырау Жәнібек хан бастайын деп тұрған ұрысты тоқтатуға күш салады һәм дегеніне жетеді..."* (М. Әбілұлы, "Жыраулар мен ақындар поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым", монография, Тараз, 2003-жыл, 9-бет).

Исламдық түркі дәуірі ақындарының адамгершілік пен имандылық жайлы жазған идеологиялық жетістігінің ұшқыны XV ғасырға да жеткен еді. Осы тұрғыдан қарағанда Асан жыраудың толғауларының мазмұны да, айтар ойы да сол исламдық түркі дәуірінің асыл қазыналарынан тамыр тартады.

М.Мағауин XIV-XVI ғасырлардағы қазақ халқының мұсылманшылыққа бетбұрысы туралы былай деп жазды: *"Мұсылманшылықтың күш алуына байланысты бұл кезеңде көне түркі жазуы мүлде ұмытылған еді. Оның орнына араб жазуы басты. Шығыс тарихшыларының айтуынша, қазақтар өздерінің балаларын мектеп, медреселерде оқытатын болған. Халық арасынан сауатты, өз заманы үшін білімдар адамдар шығады..."* (М.Мағауин, "Бес ғасыр белестері", кітапта: "Ай, заман-ай, заман-ай...", Алматы, РББ, 1991-жыл, 7-бет).

**Жорық жырышысы болған Доспамбет жырау** (1523-ж, өлген) шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің өр тұлғасы, ерлік кейпі көрінеді, оның асқақ рухы, берік дәті, өмірлік мұраты танылады. Ойлы да сырлы Доспамбет толғаулары тақырыбы, мазмұны ғана емес, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан алғанда да соны сипатта.

**Көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі-Шалкиіз жырау** (шамамен 1465-1560). Өзінің ұзақ өмірінде Дәшті Қыпшақтың төрт бұрышын түгел шарлаған, заманының бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген жырау бүкіл өмірін күрес үстінде өткізеді. Өз тұсындағы әміршілердің ешқайсысының да шашбауын көтермейді, турашылдығынан танбайды. Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпінді қуатымен ерекшеленеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – тұз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады.

*"Қазақ халқы ерлік күреске толы күн кешкен XVII ғасырдан біздің заманымызға Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың аттары жетті. Екеуінің де өмір жолы XVII ғасырдың алғашқы жартысында, Есім хан тұсында болған тарихи оқиғаларға тікелей қатысты. Жорық жырышысы Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа ұйысқан күшті феодалдық мемлекет құру туралы идеяларының ұраншысы қызметін атқарса, ел билеуші ірі шонжарлар әулетінен шыққан Жиёмбет жырау хан үкіметіне оппозицияда болады. Бұлардың екеуі де сөз өнерін жете меңгерген арқалы жыраулар еді. Марғасқа мен Жиёмбеттің біздің заманымызға жеткен санаулы ғана толғаулары XVII ғасырдағы қазақ поэзиясының сын-сыпаты, даму бағдары ежелгі арна, байырғы дәстүр ауқымында болғандығын*

танытады..." ( М. Мағауин, "Бес ғасыр белестері", кітапта: "Ай, заман-ай, заман-ай...", Алматы,РББ, 1991-жыл, 7-бет).

Ғалым пікірі XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясында көрініс берген жыраулардың шығармашылығын қазақ әдебиетіндегі үлкен құбылыс болғанын меңзейді. **Бұған дәлел – Асан қайғының толғауларындағы мұсылманшылық-адамгершілік көзқарастар, Доспамбет жыраудың шығармашылығындағы ортағасырлық сарындар, Шалкиіз толғауларындағы мұсылманшылық-этикалық факторлардың көрініс беруі.** Міне, мұның өзі жыраулар поэзиясының табиғаты мен болмысынан исламдық-мұсылманшылық идеялардың бой көрсеткенін дәлелдеп тұр.

М. Мағауин XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясындағы әдеби бағыт-бағдардың мұсылманшылыққа қарай ойысқанын атап көрсетеді: *"XVIII ғасырда әдеби өмір жандана түседі. Ғасырдың алғашқы ширегінде топандай басқан жоңғар шапқыншылығы және ақтабан-шұбырынды, алмағайып кезең, қырғын соғыстар мен жеңісті соғыстар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кездегі қазақ поэзиясының идеялық бағыт-бағдарына, тақырып аясына айрықша ықпал етті..."* – деп жазды. М. Мағауин осы XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясындағы құбылысты қазақ поэзиясының идеялық бағыт-бағдарына деп тегін айтып отырған жоқ. Бұл идеялық бағыт-бағдарда (ақындар поэзиясында) исламдық көзқарастар орын ала бастаған еді.

Ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері –

**Ж. Баласағұн, А. Жүйнеки, М. Қашғари, Қожә Ахмет Ясауи шығармалары мен қазақ хандығы дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері – Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет пен Шалкиіз, Марғасқа мен Жиёмбет, Бұқар жырау мен Шал ақын шығармаларында рухани байланыс бар.** Асан қайғының Жәнібек ханға: *"Суда жүрген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?"*-деп айтқанының терең мағынасы бар екендігі белгілі.

Шынында жорық жыршысы Доспамбет жыраудың жырларынан ортағасырлық поэзияның сарыны сезіледі. Ортағасырлық ақындардың шығармалары өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелесе, Доспамбет жыраудың толғаулары да дидактикалық сарынға құрылып, түркілерді елді сырт жаулардан қорғауға, имандылық пен мейірімділік мәселелерін қозғайды.

Белгілі ғалым И. Жеменей түркі халықтарының ортақ әдебиеті мен қазақ хандығы дәуірі әдебиетінің рухани байланысы туралы былай деп тұжырым жасайды: *"Анығырақ айтар болсақ, түрік халықтарының ортақ әдебиеті б.з. дейінгі VI-V ғасырлар аралығында Афрасиабтың өліміне байланысты (кейбір болжамдарға қарағанда б.з.д. II жылына дейін) айтылған жоқтау өлеңдерінен басталады. Афрасиаб жоқтауы ауыздан-ауызға өтіп, ғасырлар өткен соң оны Махмұд Қашғари ел аузынан жинап, "Диуани лұғат ат-түрік" атты кітабына енгізді. "Төрттік" түрінде жырланған жоқтау түркі тілдес халықтарының көркем әдебиетінің бастауы болып саналады. Кейін Қожә Ахмет Ясауи "хикмет"*

шығармасындағы төрттіктер арқылы өз жалғасын тапты. Қазақ хандығы дәуірінде һәм одан кейінгі кезеңде қазақ ақындары мен жыраулары төрттік формасының өміршең екендігін көрсетті..." – деп жазды (И. Жеменей "Түркі әдебиеті тарихына кіріспе", кітапта: Шейх Ахмет Құдайдад Тарази, "Көркем сөз өнері", Алматы, "Таңбалы" баспасы, 2013-жыл, 8-бет)..

Жас ғалым Гүлдәурен Әбілова **"Жүсіп Баласағұн" атты монографиясында** былай деп жазды: "...Ж. Баласағұн, А. Ясауи, А. Жүйнеки, т.б. исламдық дәуірде өмір сүрген ақындардың шығармалары қазақ даласына рухани азық болып енген еді. «Уа, хан ием, хан ием // Құлағыңды сал, ием. Талан болды біздерден // Сансыз дүние – мал, ием...», немесе «Алла тағала адамды // Тату бол деп жаратқан...», // «...Алла тағала әмбеге, // Бөліп берген ырысты...» – деп жырлаған, сонау XIII ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудың жырлары орта ғасырлардағы исламдық әдебиет өкілдерінің әдеби туындыларымен үндеседі. Ал, XIV –XV ғасырларда өмір сүрген Қотан жыраудың: «Қара қыпшақ Қобыландыда // Нең бар еді құлыным!... // Дін жолында, нұр жолында // Терең еді – ау білімің... // Суық болдың имансызға // Мүміндерге жылыдың...» – деп жырлауы исламдық түркі әдебиетінің жауһарларынан үлгі алғандығын дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұнның **«Құтты білік» дастанында** өмір туралы, қарттық туралы былай жырланады:

...Қатулан, әділдіктен таймасын жол,  
Қор қылмай, жігіттіктің пайдасын көр.  
Қадірін біл, жігіттік кетер тастап,  
Қаниша қапсыр, бұл тірлік түбі қаппақ.

Ақынның: *«Қадірін біл, жігіттік кетер тастап // Қаниша қапсыр, бұл тірлік түбіқаппақ...»* – деуінде ой тереңдігі жатыр. Жастық, жігіттік шақтың қайтып келмейтінін, өмірге тереңірек үңілу қажеттігін меңзейді. Тірлік дөңгеленіп жүре береді, адам да қартая бастайды. Ақын үлкен өмірді, адам өмірін екі жол өлеңмен сезіндіреді (Г. Әбілова, "Исламдық түркі дәуірі ақындарының поэзиясы", Тараз, 2010-жыл, ТИГУ баспасы, 21-бет).

XVIII-ғасырда өмір сүрген Шал ақынның адамның жасы туралы шығарған өлеңдерінің исламдық түркі дәуірінде өмір сүрген ақын-жазушылардың өмір туралы жазған шығармаларымен үндесуі – біздің рухани байлығымыздың тереңде жатқанын дәлелдейді.





А. ӘДІЛЖАН,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
2-курс магистранты.

## ҚАЛАМҒЕР ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК – ШАҒЫН ЭПИКАЛЫҚ ЖАНР ШЕБЕРІ

### *Аңдатпа*

Зейнолла Сәнік шығармашылығының көрнекті бір қыры – көркем сөз кестесінің сұлулығы, ырғақтығы. Қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың ортасында дүниеге келіп, қазақы тәлім алып өскен жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры бай. Халыққа түсінікті жатық тілмен жазылған туындыларының оқырманын жалықтырмайтыны анық. «Көркем прозадағы ырғақ – шығарманың тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігінің қан айналысы, жүрек соғысы, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түпкі қазығы, көркем шығарма сапасының өзегі» деген пікір Сәнік шығармаларының тіліне қатысты айтылғандай.

### *Аннотация*

Одним из выдающихся аспектов работы Зейноллы Саника является красота и ритм словесного ствола. Писатель родился и вырос в казахской среде, имеет богатый язык и богатый словарный запас. Поэтому его произведения, написанные простым языком, не надоедают читателю. «Ритм в художественной литературе - это гармония языковой и художественной

структуры произведения, круговорота его жизни, сердцебиения, краеугольный камень особенностей превращения жизни в художественную реальность, ядро качества художественной литературы», то же самое можно сказать и о языке произведений Саника.

### *Abstract*

One of the outstanding aspects of Zeynolla Sanik's work is the beauty and rhythm of the word table. Born and raised in the Kazakh community, the writer has a rich language and rich vocabulary. It is obvious that his works, written in plain language, do not tire the reader. "Rhythm in fiction is the harmony of the linguistic and artistic structure of the work, the circulation of its life, the heartbeat, the cornerstone of the peculiarities of the transformation of life into artistic reality, the core of the quality of fiction," said Sanik.

«Қаламгерлер адамдарды өмір жайлы ізгілік ұғымдарға, ізгі сезімдерге бастаушылар; олардың туындыларын оқи отырып, біз насықтық пен жамандық атаулының баршасынан жиренуге, жақсылық пен әдемілік атаулының баршасының кереметтігін түсіне білуге, сөйтіп жалпы ізгілік атаулыны сүюге үйренеміз, оларды оқи отырып біз бұрынғыдан әлдеқайда жақсырақ, тазарақ, қайырымдырақ және ізгі ниеттірек бола түсеміз» деген қаламгер Н.Г.Чернышевскийдің пікірінің ақиқаттығын жазушы З.Сәніктің «**Таныспай кеткен тәнті жандар**» әңгімесі растай алады. 1933 жылғы қытай жеріндегі қазақ халқының талайсыз тағдырын

еске түсіретін оқиғалармен қатар өрілген бұл туындыда Гоминдан әскерінің бірі қазақ әйелін қорлауынан басталған қақтығыс ушығып, соңы қарулы көтеріліске ұласқандығы баяндалады. Әйелі қорланғаны аздай, қытай тарапынан қырғын көріп, ашынған елдің кек толқыны сахараны шарпып, қазақтың ер-азаматы атқа қонады. Өдепкіде қолда бар шоқпар, балта сынды тұрмыстық заттармен қаруланған қазақтар біртіндеп күш жинап, өздері өлтірген жаудың біраз қаруын қолға түсіреді. Қытайдың азғантай қазақ жұртшылығына көрсеткен қысастығын автор: *«қазақтың ауылын қырып, асылына бөккен жаудың қалың әскері айғұлақтанып, бірнеше күн елге айбар көрсетіп, «жеңісін тойлап», майрағай да тайрағай болды, онан соң артынып-тартынып, мол олжамен қалаға қайтты»* [1,134] деп суреттейді. Міне, ел абыройы мен амандығы үшін атқа қонып, ереуіл атқа ер салып, түн қатып жүріп, түс қашқан, қу толағай жастанған, қазақ қолын басқарған Смағұл мен өлкелік комитеттің басқармасында қызмет істеген сұлу Шюлан арасындағы бір мезеттік тағдырлы оқиға әңгіме желісіне өзек етіп алынған. Қолға түскен қытай әскерінің арасында жөргектегі баласымен жолаушылап келе жатып қолға түскен Шюлан сұлуды баласы үшін өлтіруге қимай, басына бостандық беріп, өмір сыйлаған Смағұлдың кеңжүректілігі мен өрлігін көреміз. Жас ару Шюлан өзінің бейтаныс жарылқаушысын түс тоқтатып, көріп алған соң өзі іштей тастүйін шешімге келді. Қытай үкіметі «бандит», «қатігез», «жендет», «тобыр» деп ат тағып қойған қазақ қауымының бұл әрекеті оған жай оғындай әсер етті. Бүкіл қазаққа деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Өзіне қарайласам деп жүріп, қапыда

қолға түскен Смағұл үшін опық жеп, өкініп қала берген жоқ. Қолындағы бар мүмкіндікті (сұлулығын, білімін, ақылын, қызметін) пайдаланып, оны бостандыққа алып шықты. Бірақ, өзі қалтарыста қалыс қалды. Смағұлдың көзіне түскен де, оған екінші өмір сыйлаған өзі екенін білдірген де жоқ. Смағұлдың да, Шюланның да мәрттігі осыдан көрінеді.

*«О, дариға, дүние-ай! Дүниеде жақсылықты да, жауыздықты да адам істейді ғой. Бірақ қашан да обал-сауап дегенді ойдан шығармаған жөн екен. Сараяқтар талайды қырды, біз де есесін жібермедік. Ақыры түбінде рақымдылық жеңді. Мен бір нәресте үшін, бейкүнә әйел үшін қолға түстім, өлімге кесілдім. Бірақ, әлгі нәрестеге жасалған жақсылық мені көр аузынан алып шықты. Жарлыға жанашырлық, кем-кетікке кеңшілік істеу – адамның адамдық қасиеті осы болар деген түйінге келдім»* [1,142] деген Смағұл сөздерінен өзінің басын аман алып қалған сол сұлу жас ару екенін, жақсылыққа жақсылық боп қайтқанын, адам қанын нақақтан жүктемеген жанның жарылқаушысы жанында жүретінін түйсігімен, бар жүрегімен сезе білгені аңғарылады. Оның *«ол – маған жұмбақ, мен оған жұмбақ болдым ғой. Бір-бірімізбен таныса алмай, өмірі тәнті боп өттік»* деген өкінішті сөздері сол сұлуға деген шексіз ризашылығын білдіреді.

***Зейнолла Сәнік шығармашылығының көрнекті бір қыры – көркем сөз кестесінің сұлулығы, ырғақтығы.*** Қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың ортасында дүниеге келіп, қазақы тәлім алып өскен жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры бай. Халыққа түсінікті жатық тілмен жазылған туындыларының оқырманын жалықтырмайтыны анық. *«Көркем прозадағы ырғақ*

– шығарманың тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігінің қан айналысы, жүрек соғысы, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түпкі қазығы, көркем шығарма сапасының өзегі» [3,103] деген пікір Сәнік шығармаларының тіліне қатысты айтылғандай. Қаламгердің өмір тынысын тереңінен сезінген қаламгердің сөз шырайын келістіре алғандығы мәтін ішінде кездесетін афоризм, мақал-мәтел, тұрақты тіркестер, идиомалардың көптеп кездесуінен байқалады. Артық ауыз сөзге, қарабайырлыққа, көпсөзділікке ұрынбай, сөз маржанын ой иірімдеріне сай төгілте білген суреткердің қолданысындағы «баланы бастан», «әке көрген оқ жонар», «әділ билікке балдай тұнып, айрандай ұйыған жұрт», «арлан тұз сағалайды, ұрғашы үй сағалайды», «әзір асқа мәзір», «қыз деген жатқа бұйырған жан», «жүзінің қаймағы бұзылмаған арлы қыз», «отырса опақ, тұрса сопақ», «төбе шашы тік тұрып, тұла бойы тітіркеніп кететін», «бит шаққан құрлы көрмеді», «құлағынан қиқу кетпеді», «аналық құшағын аша жүгіретін қадірменді ана» сынды сөздер мен сөз тіркестері соған дәлел. Әдебиеттанушы ғалым С.Мақпырұлы айтқандай, «көркем сөздің құдіреті, оның мағыналық аясының кеңдігі, шексіздігі, әсіресе бейнелілік – суреттілік секілді сиқырлы, сазды сипаты қаламгерге өмір-болмысты қалауынша қамтып, шындықты кеңінен жинақтап, оны қабілет-дарынына сай құлпырта, көркем кестелеп, жанды да нақты танытуына мүмкіндіктер береді. Бұлай өмір-болмысты, құбылыстарды, заттарды бейнелеу өзге өнер түрлерінің қолынан келмейді, бұл тек сөз өнерінің

еншісіндегі ерекшелік [4,13], болса, жазушы З.Сәнік осы ерекшелікті мүмкіндігінше пайдалана білді.

Әрбір туындысында соны ой толғамдар түйе білген жазушы көркемдегіш тәсілдерді сыналап енгізіп отырған. Соның ішінде кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін жеткізу мақсатында қолданған арнауларының орны ерекше. Күйеуінің қатігездігінен көне қонысына жете алмай шерменде болып жүрген қоңыр сиырға қатысты айтқан Гүлсімнің: «Е, жануар, кеше сен осы үйдің малы, осы қораның байлығы едің. Үш бала қатарға қосылғанша бағып-қаққан мен шығармын-ау, бірақ, асыраған сенсің зой! Сенің сүтің, сенің қаймағың бәріміздің таңдайымыздан кетпес. Мына қора сенің кір жуып, кіндік қаныңды төккен жерің сияқты қасиетті тұрағың еді, қимай жатырсың-ау, жануарым!» [1,120] деген нала, мұң-шерге толы сөздері естірге құлағы жоқ, көкірегі бітеу күйеуі Бәкейге арналған еді. Бірақ, автор оны екі аяқты пендеден гөрі төрт аяқты жануарға қарата айтқызығанды жөн тапқан секілді. Бекейдің қорлығы өткен екі мұңлық екенін осы арнау баса көрсеткен.

Ал қазағының намысы үшін атқа қонған еңгезердей, дәу денелі Смағұл өздерін ату үкімі шығарылып, үлкен аңғарға әкелгенде, салалы жуан саусақтарымен бетін сипап, дұға айтқысы келгенімен, қолы артына байлаулы болғандықтан, денесін икемге келтіре алмай зарығып, алыста тұрған Боғда тауының басына қарап: «Ей, айналайын, ата мекенім – қасиетті Боғдам, сенде туып, сенде өстім. Ар-намысым таза, туған жер мен елімнің беделіне шіркеу келтіретін іске басқам жоқ. Туған халқымды қорғап, жауға кеткен кегін алу жолында жауыздармен алыстым, азаматтық борышымды ақтауға талпындым. Сол үшін жазалы болып, қолға түстім. Міне, енді ел-жұртымды, бала-

*шағамды көре алмай, арманда кетіп барам. Аяулы жар, асыл ел, қош болыңдар! Ей, сүйікті Боғда, жеткіз менің соңғы арызымды» [1,129] деп зарлай арнауға салынуы тегін емес. Мұнда да қалың топтың ортасында тұрса да, іштегі наласы мен шерін түсініп, бөлісетін тірі жанның жоқтығынан бас кейіпкер Табиғат-Анасына, туған Боғда тауына айтады бар шындығын. Автор қолданысындағы бұл арнаулар әдеби тілдің әсемдігін, әсерлілігін ғана емес, қажет болған жағдайда мәтінді айшықтай білгенін көрсетеді. Орнымен, ыңғайымен берілген айшықтаудың бұл түрлері кейіпкердің сезімнен туған сырын жеткізу арқылы үлкен өмір шындығын дәйектейді. Белгілі ғалым Р.Бердібаевтың «Кібіртіксіз, таза, табиғи төгіліп тұрған тіл тұнығына бойлай беру үздіксіз іздену, сөздің алмастай алуан қырын қапысыз тану ғана саф алтындай талғамдылыққа, зергерлікке жеткізбек» (5,59) деген пікірі З.Сәнік сынды сөз шеберіне тура бағытталғандай. Ол – қай тақырыпқа қалам тартса да, өзі барлап, философиялық ой түюге шебер.*

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 9: Шалқыма әңгіме-новеллалар, хикаяттары. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. -332 бет.
2. Әдебиеттануға кіріспе. Хрестоматия. Дайындаған С.Мақпырұлы. –Алматы: Ана тілі, 1992. -85 бет.
3. Көзбеков Ө. Оралханды оятқан оғлан. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2013. -228 бет.
4. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. –Алматы: Арыс, 2006. -260 бет.
5. Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. 3 том: Кәусар бұлақ. Құрастырған Д.Ысқақұлы. –Алматы: РПБК «Дәуір», 2018. - 448 бет.

**А. ҮСЕЙҰЛЫ,**  
Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университетінің  
филология мамандығының  
2-курс магистранты.  
Жетекшісі:  
**Ш.Ф. ОРАЗБАЕВА,**  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
п.ғ.д. профессор.

## **ТҰРЫСБЕК СӘУКЕТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ОРЫН АЛУЫ**

*(қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы)*

Жалпы тілді, оны тұтынушы тұлғамен байланыста зерттеу идеясы әлемдік тіл білімінде сөйлеу мен тілдің жеке адам мен ұжым тілінің арақатынасы, тілдің әлеуметтік сипаты тәрізді мәселелерді талдаған В.Гумбольдт, А.А.Потебня, И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де Соссюр еңбектерінде танылып орныға түскен. Зерттеушінің: «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты әлеуметтік ортаға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың» – деген ой-тұжырымы әлеуметтік лексика теориясының ғылыми негізін танудың бағдары болғаны даусыз.

*1). Белгілі бір мағыналарды, тілдік амал-тәсілдерді сипаттауды (тілдің лексикалық, грамматикалық, көріктеуіш құралдарын суреттеу) жүзеге асыратын*

вербалды-семантикалық деңгей;

2). Тұлғаның құндылықтар дүниесін бейнелейтін (фрейм, фразеологизмдер, қанатты сөздер, метафоралар, т.б.) тұлға – бірліктерді, дискурсындағы «ғаламның тілдік бейнесін», концептілер жүйесін анықтайтын когнитивтік деңгей;

3). Тұлғаның мақсатын, қызығушылықтарын, аргументация, бағалау және т.б. тәсілдерін зерттейтін прагматикалық деңгей (Ю.Н.Караулов, 2004:42). Демек, жазушының сөз қолданысындағы тілдік бірліктердің лингвокогнитивтік, лингвомәдени, прагматикалық деңгейлерде сипатталуына, яғни жеке тұлғаның өзіндік тілдік әлемін (тезаурусын) анықтауға зор мүмкіндік туады. [1]

Қазіргі қазақ тілтанамында жазушының жеке тұлғалық болмысы, тіл жүйесін өзінше пайдалану дәрежесі стилистикалық тұрғыдан ғана зерделеніп қоймай, өзі өмір сүріп отырған әлеумет аясында қарастырылып, бірқатар зерттеулер жүргізіліп келеді. Бұл мәселенің кезінде қазақ тіл білімінде арнайы ақын-жазушылардың тілін талдаған Р.Сыздықтың «**Абай шығармаларының тілі**», Е.Жанпейісовтің «**М.Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі**» тәрізді еңбектерінде негізі қаланған болса, қазіргі таңда ғылыми үрдістің жалғасы ретінде тілді зерттеуші ғалым Ж.Манкеева тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алатынын айта келіп, сөз иесінің тұлғалық болмысын сипаттайтын ерекшеліктерді ашып көрсетеді, ол ерекшеліктердің негізін «**тұлғаның ұлттық болмыс-бітімі, ұлттық- рухани құндылығы, ұлтжанды сезімі, қоғамдық ой биігі**» тәрізді рухани қажеттіліктер құрайтынын тілдік деректер арқылы дәйектейді (Ж.А.Манкеева). [2] Абай, Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, тағы басқа ұлы

тұлғалардың шығармашылығы арқылы әлеуметтік орта мен сол қоғамда өмір сүріп отырған халық тіліне деген түсінікті кеңейте отырып, оның танымдық дискурсын, концептуалды өрісін айқындайтын тілдік бірліктер жайында жан-жақты талдау жасайды. Бұл мәселедегі ғалымның ой-тұжырымдары тілдік ұжымның когнитивтік санасындағы ұлттық ғаламдық кеңістікке қатысты білімдер жүйесін айқындауға мүмкіндік береді.

Кез келген тілдік тұлға – ең алдымен, ана тілін дамытушы. Осы орайда жазушы Тұрысбек Сәукетаевтің тілдік тұлғасының танымдық-шығармашылық нәтижесі «**Құзғын тойған қыс**», «**Ай қараңғысы**» шығармаларының тілінен айқын байқалады.

Тұрысбек Сәукетаев өзінің шығармаларына халқымыздың тәуелсіздік жолындағы ерен ерліктері мен зобалаң жылдардағы аянышты ащы шындықты арқау етіп алған. Қарапайым халықтың өмірінен сыр шерткенде боямасыз күйде нақты жеткізу барысында: нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, әр алуан этнографиялық зат атаулары мен рухани мәдениетке байланысты лексикалық бірліктердің қай-қайсысын да қажетінше кеңінен пайдаланған.

Кез келген жазушы ұлт жанашыры дейтін болсақ, ұлт болашағы үшін аянып қалмас еді. Өз халқының өмірін суреттеу арқылы келешек ұрпаққа халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, таным-түсінігін, өсиет-өнегелерін мұраға қалдыруды мақсат етері хақ. Осы тұста белгілі бір ұлттың танымын ұрпаққа өнеге ретінде қалдырудың өзіне асқан білімділіктің қажет екені белгілі. Сонымен, жазушының тілдік тұлғасының табиғатын ашып, ғалымдық қабілетін, тілдік шеберлігін танытатын оның мұрасының ұлттық мазмұны мен көркем де түсінікті тілінің арқауы – **көріктеу құралдары, архаикалық этнолексика, риторикалық**

**сұраулар, мақал-мәтелдер және айқын мақсат.** Ал бұл ұлы мақсаттардың іске асуының негізгі тетігі – Т.Сәукетаев шығармашылығынан табылатын асыл мұрасы, оны танытатын ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы танымдық ақпараты.

**Т.Сәукетай шығармаларына ерекше нәр беріп тұрған автор қолданысындағы лексикалық жаңа тіркестер.** Автор бұл тіркестер арқылы сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік тап өкілдерінің тілдік қолданыс ерекшелігін қаншалықты шебер бейнелеп жеткізгендігін аңғаруымызға болады. Бір-бірімен тіркесе қоймайтын, күмән тудыратын сөздердің өздері жазушы қаламына іліккенде, айрықша эстетикалық мәнге ие болып, кейіпкерлердің жан дүниесін ашуға ерекше қызмет етеді. Мысалы: Құланның қасуына мылтықтың басуы дөп келіп, ауыл-ауылды аралап қызыл әскерге кісі жинап жүрген былғары шекпенді, шалғы мұрт: «киім береміз, тамақ тегін» деген соң, ойланбастан ере салған. («Құзғын тойған қыс»)

Азаматын ардақтаған – өсер елдің мінезі. Мақтағандарың дұрыс. Бірақ, тобылғыдан садақ ие ме? Торқадан сауыт кие ме? Күні кеше көз алдымызда өскен Әубәкір зой. Олардікі – іс білмейтін осындай ұр да жықтар тізгін алып, былықтыра берсін, тоздыра берсін іштен. («Құзғын тойған қыс»)

Тұралаған колхоздан ертең жұрт екі қолын төбесіне қойып, өзі-ақ тоз-тоз боп қашады деген жсінішке есен. («Құзғын тойған қыс»)

Басқармалық қолға тиген соң бұрынғы шалқайған-шалқайған ба, Әубәкіріңнің танауынан ақсарбас құрт ыршыды. Жілік-жілігіне балқытып қорғасын құйғандай, аяғын баса алмай бір жолата талтаңдап қалды. Ұршықтай үйіріліп тұрған жігіттің бір-ақ күнде бұлай өзгеріп шыға келгеніне жұрт ен таға алмай дал. Жамандыққа қиғысы

келмеген көңілмен кейбіреу далбасалап: «е, қайтсін байқұс, шабына шиқан шыққан көрінеді» деп, сәуегейсиді. Жылда осы уақытта Жылы сайдың жықпыл-жықпылы иіл, қоян, тұлкі, қарсақтан жықтылып-айырылатын. Биыл жер ауып кеткен бе, жым-жылас. («Құзғын тойған қыс»)

Көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Соны берудің үстіне, ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес-емеурін танытып тұрады. Мұндай қатарда жеке сөз, өзінің орны мен сәтін тапқан шақта, жаңаша жанданып кетеді. Мысалы: Тұрысбек Сәукетайдың «Құздың тойған қыс» шығармасындағы әлеуметтік баянды айшықтаудағы тілдік ерекшеліктері мен тілдік талғымдарына тоқтала кетсем: Қаңтардың қарға адым күні қиялай барып қыбыладан үңірейе төнген көксузгі шыңның ұшында алтын жамбыдай ілініп тұр. Тиіп-қашып терістіктен тіріле бастаған «қызыл шұнақ» ызғырық, «түрт, шайтаны» ұстап, әлде бір ойранды бастап жібергісі келіп тұр ма, ұлта қардың үстінде ақ құйрығын арлы-берлі бұлғап-бұлғап қояды. Кеңірдектен қарға қылқынған түп-түп ши мен селдірей өскен тобылғы, жыңғыл кебін жамылып, серейіп-серейіп жатқан дөң-жоталардың басында жоқтау айтып тұрғандай, үілдей сыңсып, онсыз да жүдеу даланың сұрқын одан сайын қашыра түседі, – деген мәтіндегі асты сызылған сөздерде автор ерекше бір тілдік қолданысты қолданып, астарлы мағына үстеп, табиғат пен адам өмірін паралель суреттеген. Жазушы шығармасындағы «қарға адым» тіркесінің орнына «қысқа күні» деп, «қыбыладан» дегеннің орнына «батыстын», «қызыл шұнақ» дегеннің орнына «үскірік аяз» деп, «түрт шайтаны» орнына «делесі қозып», «кеңірдектен қарға қылқынған» деген тіркестің орнына «қарға көмілген» деп, «кебін жамылып» дегеннің орнына «қар бүркеген» сияқты қарапайым тіркестер мен сөздерді

қолдануға болатын еді, алайда автор өз тіл шеберлігін пайдаланып, жаңа сөз тіркестерді қолдану арқылы сол кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік мәселені боямалы тіркеспен боямсыз дәл суреттеген. Автор ауыспалы сөздерді жағымды, жағымсыз мәнді болуына қарай, эмоциялық-экспрессивті орайда, эстетикалық талғам тұрғысынан пайдаланып отыр. Шығарма осындай сөз тіркестер арқылы баяндалмағанда тарих шындығы ертегі елесіндей халық санасында аңыз іспетті болар еді. Ал, «*Басқармалық қолға тиген соң бұрынғы шалқайған-шалқайған ба, Әубәкірдің танауынан ақсарбас құрт ыршыды. Жілік-жілігіне балқытып қорғасын құйғандай, аяғын баса алмай бір жолата талтаңдап қалды. Ұршықтай үйіріліп тұрған жігіттің бір-ақ күнде бұлай өзгеріп шыға келгеніне жұрт ен таға алмай дал. Жамандыққа қиғысы келмеген көңілмен кейбіреу далбасалап: «е, қайтсін байқұс, шабына шиқан шыққан көрінеді» деп, сәуегейсиді» – деген мәтіндегі сөздердің жаңа қолданысы тіпті ерекше. Бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздерді тіркестіріп, әлеуметтік тап өкілдерін суретте ерекше пайдалана білген. Мысалы, «ақсарбас құрт ыршыды» деген тіркестегі ақсарбас бұрынан қазақ қоғамында «ақсарбас атады», «ақсарбас қой» деген жағымды тіркестермен танымал болса, бұл автор тіркесінде керісінше жағымсыз ашкөз, тойымсыз мағынасын білдіреді. Бұл автор қолданысындағы уәжсіз ауытқуды емес қайта автордың тіл шеберлігімен қатар қазақ тіліміздің сөздік құрамы бір сөзбен болса да молая түскендігін аңғартады. «*Жілік-жілігіне балқытып қорғасын құйғандай*» деген тіркестегі қорғасын құйғандай көбінесе, құлаққа қорғасын құйғандай, көмейіне қорғасын құйылғыр сияқты тіркестермен бізге мәлім болса, жазушы жілікке қорғасын құйып жаңа мағына үстейді. («*Құзғын тойған қыс*»)*

Т.Сәукетай шығармаларындағы әлеуметтік тілдік

ерекшеліктерімен қатар тілдік ізденістері мен тілдік талғамы да басқа жазушылардан даралап тұратын ерекшелігін көрсетеді. Оның әлеуметтік баянды аша түсудегі тілдік қолданыстары автордың тіл шеберлігімен қатар нағыз білімді, ізденісі көп талантты жазушы екендігінің айғағы. Сөзіміздің дәлелі ретінде автордың тілдік талғамы мен ізденісін айшықтай түсетін мына бір мәтінге көз жүгіртсек: *Бес-алты ағашты қолтығына қысып, жиегі қырау мұрттанған сырсыз есікті сықыр еткізіп ашып қалып еді, ауру адамның деміндей күңірсіген ыстық леп бет шарпыды. Кішкентай Нұржан оянған екен. Асқабақ құшақтағандай қарны шертіп көрпе үстінде талтайып тұр.* Бұл мәтінде автор қазақ қоғамына қасірет болған аштықты суреттеуде баланың аштықтан қампиған қарнын неге қарбызға, қауынға немесе барлығымызға түсінікті болған басқа бір заттарға емес, дәл асқабаққа теңеуі оның тілдік талғамының ерекше жоғары екендігінің айғағы. Өйткені, асқабақ – әлемдегі көлемі жағынан ең үлкен болып өсетін көкөністерінің бірі және бір ескере кететін жәйт баланың қарны басқа бір ауырудан немесе басқа жайттардан емес, ас-тамақтан болмағандықтан осындай үлкен болып жатқандығын білдіру үшін (ас-үлкен деген мағынаны білдіретін «асқабақ») деген сөзді кеменгерлікпен автор талғап алған болатын. *Құланның қасуына мылтықтың басуы дөп келіп, ауыл-ауылды аралап, қызыл әскерге кісі жинап жүрген былғары шекпенді, шалғы мұрт: «киім береміз, тамақ тегін» деген соң, ойланбастан ере салған. Сол-ақ екен Әубәкірдің тасы өрге домалап сала бергені* – деген, шығарма мәтіндегі шалғы мұрт тіркесі автордың тілдік ізденісіндегі талғамының жоғары деңгейде екендігінің тағы бір дәлелі. Себебі, біздің танымымызға сай қияқ мұрт деген тіркестің онына автордың шалғы мұрт тіркесін қолдануында өзіндік мән-мағына жатыр. Мәтіндегі кейіпкер қазақ азаматы болса да, қазақ қамын емес, орыстың

итаршышы болған жауыз адам болып шығады. Сол үшін жазушы кейіпкерді қара байыр тіркестермен балағаттап жатпай-ақ, сол кездегі балға мен орақ (шалғы) советтік символ (ту) болғаны белгілі, міне осы үшін автор қазақ арасынан шыққан кедейдің орыс туын көтерген сатқын екенін шалғы сөзімен астастыра суреттеп тұр. Сонымен қатар шалғы шапқан шабындықтай өз халқын ажал апанына итерген жауыз кейіпкерін оқырмандарына нақ білдіру мақсатында осы тіркеспен кейіпкерінің образын ашатындай жаңа сөз тіркесін жасап отыр. («Құзғын тойған қыс»)

*Ана байға барып бір жалданады, мына байға барып бір жалданады. Жарғақ құлағы жастыққа тимей мал-мал деп зар қағып тұрмаған соң, **табақ босатар масыл кімге дәрі.** Бүгін мына ауылдан көрген Әубәкірің біраздан соң шоқпытын арқалап басқа ауылға беттеп бара жатқаны.* Автор қолданысындағы дәрі сөзі бұған дейін ауырғанды басатын пайдалы зат мағынасында қолданылып келген болса, автор ендігі кезекте дәріні зат емес адамға балау арқылы сол кездегі қоғам өміріндегі ауыртпалықтың кесірінен адамның қадірі кетіп бара жатқанын көрсетіп отыр. Бір күні кеңсе алдында қаңтарулы тұрған ақбозды көргенде, көзінің алды қарауытып жүре берді. **Қу қаңқаға түлақ жауып қойғандай,** көзі бышықтанып, ырсиған сүйегі гана қалған. Бұл кезге дейін ешбір жазушы қолданысында болмаған автор шеберлігінің биік шыңы. Сүйегі терісіне ілініп тұр деген халық сөз тіркесін пайдаланудың орнына, осындай өзіндік фразеологиялық тіркес тудыра алатын талантты қаламгер екенін тағы бір дәлелдегендей. **Үнірейген ымырттың ұзын сирақ көлеңкесін** алдына салып алып Нұрбек безіп келеді. Төтелей тартып қарсы беттегі ирек жотаның желкесіне шыққанда, етекте шашырап жатқан шағын ауыл көрінді. Келтірілген тіркестегі сөздер бір-бірінен лексикалық мағынасы кереғар болса да, автор

шеберлігінің арқасында жаңаша бір мәнді грамматикалық сөйлем туындап тұр. Міне, осындай әдеби тілдік нормадан уәжді түрде ауытқу арқылы, үйреншікті сөз тіркесінен мүлде бөлек жаңаша поэтикалық тіркес құра білу Саукетай шығармашылық лабораториясында ғана түзілетінін байқап отырмыз. («Құзғын тойған қыс»)

Жаңаша сөз тіркестерін талғап таңдап қолдану, көркем әдебиет тілінің ерекшелік қадір-қасиеті мен сыр-сипаты туралы өзінің кенеулі, кең де терең толғамды теориялық, нәзік келген көңіл жайын, ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тілмен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ. Олай болса, Т.Сәукетай шығармашылығындағы өзіндік ерекшелігімен айқындаллатын қаламгердің «**Мен жындымын туындысындағы** жаңаша тілдік лексикалық бірліктердің қолданысын ашып көрсетсек: **Әрбір қоғамда сол қоғамнан оқшау ойлайтын, басқаша көзқарастағы адамдар, шындықты айтатын адамдардың бәрі ақымақ болып есептеледі.** Ол шын мәнінде жынды емес, шын мәнінде өте талантты, өте интеллектуал адам. "Мен жындымын дегенім... Айтып жатады ғой, "шындықты тек бала мен жынды айтады" деп. Бүкіл әлеуметтік ортадағы құбылыстардың бәрін жындының көзімен қарап, соның сөзімен саралап, сол арқылы бердім", – дейді автор.[3] Яғни шығармада тәуелсіздік жылдардағы қоғамның шынайы әлеуметтік көрінісі сөз етілген. Шынайылықты дөп басып жеткізу барысында қаламгер өз тілдік ерекшелігімен сөздерді шебер пайдаланылған. Мысалы, Бірте-бірте күлкім азайып, аузымның аңқайып ашылуы көбейе бастады. **Радионы тыңдап отырсам, «Егеменді» оқып отырсам, мә-ә, керемет:** "Қазақстан дегенің «Байқоңырдан» гептилін



жұпардай бұрқыратып ұшқан орыстың «Протонындай» шарықтап, прогрестің жарқын жолымен зымырап барады екен, көктемгі гүлбақшадай гүл-гүл жайнап құлтырып кетіпті, жүдә. Украина, Эмират, Чехия... дегендерің «мә-піш!» Мына екпінімен әлем тамсанатын Әміриқанның өзін қуып жетіп, көтке бір теуіп етпетінен омақастырмаса не дерсің!» Бұнда, автор мә-ә, керемет, «мә-піш!», жүдә сияқты кекесін мәнді, диалект көңіл-күй одағайларын беру арқылы күнделікті болып жатқан жағдайларды траги-комедиялық сарында, экспресивті-эмоционалды түрде жеткізеді. Траги-комедиялық сарында жазылған бұл роман өзінің көркемдік тосын сипатымен ерекшеленеді. Шындық пен қиял, өң мен түс, әжуа мен мұң, мистика... мидай араласып, оқушыны сан қилы шарпысқан сезімге бөлейді. Күлесіз, күрсінесіз, өмір басқаша бір өң-бояумен құбылып көз алдыңыздан өтіп жатқандай күй кешесіз. («Мен жындымын») Мәтінде автор: «Протонындай», прогрест сияқты шетел сөздерімен қатар, Украина, Эмират, Чехия, Әмерика сияқты шетелдің бас қалаларын салыстырмалы түрде тілге тиек етіп алуында үлкен мән жатыр, «ауыруыңды жасырғаныңмен өлімің әшкер» дегендей, сол кездегі халық басындағы ауыр жағдайлар мен күйзелістерді, оған қарсы қолданылып жатқан іс-шараларды айтудың орнына, негізсіз адам қиялына симайтын іс-әрекетті жасап жатырмыз деп құр ауызбен орақ орған өкіметті келемеждей отырып, аяусыз сынайды. Және де, Бір қолын екі ете алмай отырған Үкімет ертең өзі-ақ «қайдасың, көке!» деп іздеу салар. Тұра-тұр бәлем, сонда «министрден төмен жұмысқа бармаймын» деп шіреренмін- ау!» деп қиялыма тоғайып, шалқамнан түсіп жаттым да алдым. Бір бүйрегіме өкпені, бір бүйрегіме дәмені бұлттып тығып алам да күні бойы белі түскен көк диванның кәрі сүйегін сықырлатып, оң жамбасыма – бір, сол жамбасыма бір дөңбекишимін кеп – деген, бас кейіпкер

Тауфих – болашағынан зор үміт күттірген білімді азамат, білікті маман. Азаттықтың алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі кезеңде жұмыссыз қалып, сергелдеңге түседі, қилы уақиғаларды бастан өткереді. («Мен жындымын») Әділетсіз қоғамның шеңберіне сыймаған шын таланттың шырғалаң тағдыры арқылы жазушы рухани-әлеуметтік болмысымыздың қалтарыс-қатпарына ой сәулесін түсіріп, оқушы көкірегіндегі сан-алуан сауалға түрткі салады. Алғашында бас кейіпкердің қылықтарына шын күлгеніңмен, кейін ашынып күлесің. Осыныдай әлеуметтік мәселені жеткізу мақсатында автор: «Бір бүйрегіме өкпені, бір бүйрегіме дәмені бұлттып тығып алам да күні бойы белі түскен көк диванның кәрі сүйегін сықырлатып» – деген жаңа фразалық тіркесті ұтымды ойлап тапқан. Осындағы «бүйрек» есім сөзінің қолданылуы да жазушы шеберлігінің бір көрінісі. Мұнда, халықтық «бүйрегі бұрылу» сөз тіркесінің орнына алынған астарлы мағына. («Мен жындымын») [4]

Тәуелсіз алғаннан бергі еліміздің жай-күйі мұншалық шынайы суреттелмеген шығар. Әсіресе жазушылар мен ғалымдардың мүшкіл жағдайы туралы оқығанда жүрегің езіледі. “Мен – жындымында” жазушы өзі өмір сүріп жатқан қоғамын да, оның тұрғыны – адамын да сынайды. – Мен министр болам! – дедім ентігіп. Шашына қына жағып, басына целлофан қалта киіп алған әйелім онсыз да бадырайған томпақ көзі алая-алая стаканның аузындай боп бетіме үнсіз қадалды, көзімнен ештеңе ұқпасан, ондамынаны көріп ал дегендей, екі саусағының арасынан бояу жұққан қып-қызыл басбармағын қайқайтты. Волга бойында туып, орыс арасында өскендіктен, ойындағысын іркілмей тура айта сап, кейде осындай бейпіл қылық көрсететіні де бар. Осындағы, шашына қына жағып, басына целлофан киіп, бояу жұққан қып-қызыл сөз тіркестерінен басына кимешек киіп, қолдарына оюлы сақина салған салиқалы

қазақ әйелінің бүгінгі көрінісі осылайша өзгергенін, қазақ әйеліндегі биязылық пен ұяндықтың бұл күнде еріне алая қараған екі саусағының арасынан бармағын көрсеткен бейпіл ауыздыққа көшкендігін, орыс салған саясаттың зардабы екендігін де оралымды бейнелі тіл арқылы ашына суреттейді. («Мен жындымын»)

– Неге? – деппін абыржып қап. – Мақаш болғанда, мен неге болмайды екем?

– Оның қатыны кімнің қызы екенін білесің бе?

– Білем.

– Білсең – сол!

Ары қарай дауды өршіткем жоқ. Бұл әйел деген қызық халық қой. Бәрін өздерінің шолақ ақылымен өлшеп-пішеді. «Пәленшенің түгеншесі деп, барлық жерге Мақаш сияқтыларды ала береді дей ме екен? Онда мемлекет қирамай ма! Вот, надан қатынның сображаловкасы, а!..» Айтуға бата алмай, қарсылығымды күжірейген желкеммен білдіріп теріс айналдым. Мәтінде, пәленшенің түгеншесі деп автор әдеби тілдегі бармақ басты, көз қыстылықты қарапайым ауызекі сөйлеу тілінде әдейі қолданып отырса керек. Сонымен қатар, Вот, надан қатынның сображаловкасы, а!.. деген аралас тілді одағайлы сөйлем арқылы слол күндегі әрбір қазақ отбасындағы ана тілінің өзге тілдің сөздеріен бығанып қойыртпақтала бастағанын анық байқаймыз. Совет үкіметі бар болғыр, бұршақ ұрған көтерем тоқтыдай, бір-ақ күнде тыраң етіп тырапай асқаны Құдай атып! Танктің үстіне шығып Кремльге басып кірген өр мінез Барыс деген тентек патша бұрынғы отарлардың бәріне еркіндік берді, «ойбай, бізге азаттық керек емес, мәңгілік бірге боламыз деп ит терісіне мөр басып қатын патшаға берген антымыз бар!» деп аяғын құшақтап жатып алғандарды «кет, к ебене мәтери!» деп көтеннен бір-ақ тепті. Біздің көреген көсемдер де Қызыл

өкіметті иттің етінен жек көреді екен, осы күнге қашан жетеміз деп иштеріне қан қатып, «фигаларын» «мә!» деп қалталарының ішіннен шығарып әзер шыдап жүрсе керек, сол күні-ақ қып-қызыл партбилеттерін қып-қызыл отқа лақтырған. Ескімен аяусыз күрес басталып бір кетті дерсің: Бұл мәтінде жазушы «кет, кебене мәтери!», көтеннен бір-ақ тепті, «фигаларын» «мә!» – деген сияқты дисфемизмдік қатарларды еркін пайдалана отырып, әдеби тілдік нормадан уәжді түрде ауытқу арқылы жаңа лексикалық сөз тіркестерін, өзі көтеріп отырған мәселені суреттеуде шебер өрнектей білген. Негізгі мәселе кеңес өкіметінің ортындағы елдерге көрсеткен қысымы мен қиындығына әрең шыдап жрген халықтың ішіндегі ашу-ыза мен қайнаған кегінің қаншалықты дәрежеде екендігін осындай дисфемизмдік сөз тіркестерін пайдаланбай басқалай жеткізу мүмкін болмаса керек. («Мен жындымын»)[5] Міне осындай, өзіндік тілдік ерекшелікке ие Т.Сәукетай шығармашылығы сырға толы құпияларымен, көркемдік ерекшелігімен оқырмандарын әлі талай таң қалтыра бермек.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Караулов, Ю. Н. Русский язык и языковая личность. (1-е изд. - 1987; 2-е изд. - 2002; 3-е изд. - 2003; 4-е изд. - 2004)
2. Манкеева Ж.А. Х. Досмұхамедұлының тұлғасын танудың тілдік негізі // Тілтаным, 2013, № 1, 43-48 б.
3. <https://alashainasy.kz/culture/belgl-kazak-jazushyisyimen-jiindyimyin-attyi-ktap-jazyip-shyiktyi-95366/>
4. Сәукетаев Тұрысбек. Мен - жындымын: Әңгіме /Т. Сәукетаев//Әлімсақ.- 2017. - № 12. - 24 - 29 б.
5. <https://kitaphana.kz/resurs/tolkynbase/olketanydirector/1593-suketaev-trysbek-men-zhyndymyn-gmet-suketaev-lmsa-2017-12-24-29-b.html#book2/>

С.С. ЖУМАБЕКОВ,  
Сүлейман Демирел Университетінің  
2 курс магистранты.

Б. Д. ЖҰМАҚАЕВА  
п.ғ.к., СДУ профессоры.  
Алматы қаласы

## Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ “ҚАРТҚОЖА” РОМАНЫН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

### *Аннотация:*

Бұл мақалада революция тұсындағы қазақ қоғамының, тіршілік-тынысының мән-жайын, шындығын бас кейіпкердің өмірі, өмір жолындағы күресі арқылы суреттейтін Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романын сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша оқыту жолдары қарастырылған. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын мәтіннің ішкі бірлігін таныту мақсатында қолданудың ұтымды тәсілдері көрсетілген.

### *Кілт сөздер:*

Сыни тұрғыдан ойлау, жаңа технология, романды оқытудағы жаңа мүмкіндіктер.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде «оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасының тиімділігі танылып, белсенді қолданылып жүр. Бұл бағдарламаның тарихына үңілер болсақ: сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегінің нәтижесі ретінде танылады. Тәжірибені жүйеге келтірген АҚШ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл. Бұл жоба атақты ғалым зерттеушілер Ж. Пиаже мен Л.С.

Выготскийдің даму теорияларын басшылыққа алады.

**Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының мақсаты** – барлық жастағы оқушыларға кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сын тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен өзінің таным-түсінігінде қорытылған оңтайлысын таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету. **СТО** – (*critical thinking*) бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынатын ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеу жүйесі деп түсінідіріледі. Сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың өз ойын еркін жеткізуін, белгілі бір нысанға қатысты өз болжамы мен түйінін, дерегі мен дәйегін танытуына, зерттеу жүргізуіне, тұжырым жасауына мүмкіндік береді. **Технологияның басты артықшылығы** – ой қозғай отырып, оқушылардың өздерінің және өзгелердің ойына саралап қарау, күмән келтіре отырып, шындыққа сай нұсқасын іздеуіне, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, сұрыптап, дәлелдеп, тұжырым жасауына жағдай туғызады.

Сыни ойлау және оқыту мұғалімдер идея мен тәжірибенің алуан түрлілігін түсінгенде және қолданғанда пайда болатыны сөзсіз. Сыни ойлауға оқыту – күрделі үдеріс. Оған апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ. Дегенмен сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары бар. Олар төмендегідей:

1. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
2. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
3. Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау.
4. Оқушыларға мысқылсыз еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру.
5. Сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету.

6. Кез келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенім білдіру.

7. Сыни ойлауды бағалау.

8. Тиімді сыни ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек.

Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы көлемді прозалық шығарма болғандықтан, мектеп бағдарламасында бірнеше бөлімді әр сабаққа беріледі. Зерттеу жүргізу барысында қазақ әдебиеті пәнінен қосымша сабағында гуманитарлық бағыты бойынша тереңдетіліп оқытылатын сыныптарда жүргізілген сабақтарда эксперимент ретінде талдау жүргіздік.

Мысалы, «Қартқожа» романының I бөлімінде алғашқы үш тақырыпшаны бір сабақта меңгеруге беретін болсақ, «Оқу», «Үй іші», «Ұядағы зорлық» тақырыпшаларын талдауда, сабақ құрылымының жоспары бойынша кезең-кезеңмен тапсырма беріп талдаттық.

**Қызығушылықты ояту кезеңінде «Блиц сұрақ» айтылым тапсырмасы орындатылады. Тапсырманың орындалу барысы:** мұғалім романның авторы туралы бірнеше сұрақ қояды. Оқушылар сол сұрақтарға бір минут ішінде жауап беруге тиіс. Жаңа сабақ болғандықтан, бұл тапсырма оқушылардың шығарма авторы туралы білетін мәліметтерін еске түсіру мақсатында орындалды.

Мағынаны тану кезеңінде, үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс істеп, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалды. Бұл кезеңде жазылым тапсырмасы беріледі. Бас кейіпкердің бейнесін мәтіннен тауып, жазу тапсырылды. Мысалы: «...Сол кезде қожадан талай бала оқиды. Сол балалардың ішінде босаға жақта

– астында бір жапырақ тай тері, мұрнын қос-қостан тартып, қожасының ақ сабауына қарай түсіп, шиге шанышқан бір жапырақ қағазына үңіліп, құнысып, бір бала отыратын еді. Жасы 10-11 шамасы болар ма екен, қалай... Екі жеңі сауыс, бетінің бір жағы сатпақ, көзінің былығы да жөнді тазармайды. Сол баланың қақ-соқпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып аузын ашып, мұрны қоңқиып отырғаны. Жасында болпиган, сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді. Құдай оңдап, аты да түріне сай бола кетер ме? Қартқожа...» [25;188] Бұл кейіпкердің образын анықтаудың жолдарына қатысты тапсырма болғандықтан, кейіпкердің бейнесінің анықтап, үзіндіге түсініктеме берді. Үзіндіден түйген ой-пікірлерін жазылым тапсырмасы арқылы орындап, бірінші кезекте бас кейіпкердің мінез ерекшеліктерін анықтап алуға ұмтылды.

**Сабақ құрылымының жоспары бойынша ой толғаныс кезеңі:** күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды дәйек, деректерге сүйеніп айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен ой алмасу, пікір түйістіру, өзіндік сараптамаға үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың да әр түрлі жұмыс барысын көріп, біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып саналады. Әр түрлі шығармашылықпен ой тую болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

**Бұл кезеңде, оқушылармен кері байланыс жасалды, берілген тапсырма: ойды жалғастыру түрінде орындалды.** Мысалы: «Қартқожа...» сөйлемді кейіпкерге қатысты өз түсінік-пайымымен аяқтауы керек. Оқушылардың берген жауабы: «Қартқожа... момын бала, бірақ ақылды», «Қартқожа... теңдікті аңсаған бозбала...»

сынды сөйлемдерді құрастырып, кері байланыс орнатылды.

**Бір сабақ уақытында романды талдаудың тиімді жолы – топтық жұмыс.** Сабақ барысында, оқушыларды үш топқа бөліп, үш тақырыпшаны талдауға түрлі тапсырмалар берілді. **Қызығушылықты ояту кезеңінде: «Оқу» тақырыпшасын** 1-топ оқушылары «болжау» тәсілі арқылы романның жоспарын құрастырды; **«Үй іші» тақырыпшасын** 2-топ оқушылары шығармадан диалогті тауып, рөлге кіріп оқыды; **«Ұядағы зорлық» тақырыпшасын** талдауда 3-топ оқушыларына **«Кейіпкерге хат» тәсілі** арқылы кейіпкерлер бейнесінің психологиялық қырларын аша отырып талдады. *Егер.., не болар еді? Неге...? Неліктен...? Мүмкін... болған шығар?* деген болжамдар арқылы романдағы кейіпкерлермен хат жазылды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың шығармашылық танымын арттырып, олардың нақты бір тоқтамға келіп, арнайы ұсыныстар жасауына септігін тигізгендігін көрсетті.

Мағынаны тану кезеңінде: **«үш жақты күнделік» тапсырмасы** орындалды. **Тапсырманың орындалу барысы:** кестенің алғашқы бағанында берілген «Оқу», «Үй іші», «Ұядағы зорлық» тақырыпшаларынан ең маңызды, өзіне ұнаған үзіндіні жаса отырып, **екінші бағанға:** түйін, **үшінші бағанға:** түйінге сай келетін мақал-мәтелдер жазды.

**Ой толғаныс кезеңінде:** жазылым тапсырмасы «Әңгіме кестесі» тапсырмасы орындалды. Тақырыпшаны меңгеру мақсатында берілетін тапсырма болғандықтан, кестеге романның атауы, идеясы, оқиға суреттелген заманы туралы өз ойларын кестеге жазды. Сонымен қатар, бұл кезеңде **«түртіп алу» тәсілі** де сабақ барысында қолданылды. Оқушылар: «білемін», «жаңа ақпарат», «мені таңқалдырды» тәрізді сөйлемдер арқылы өздерінің ойларын еркін жеткізді.

**I бөліміндегі «Еліктеу», «Қарлығаш», «Хабар берді» тақырыпшаларын** талдау барысында сыни тұрғыдан ойлау мен жазуды дамытуға арналған тапсырмалар берілді. **Алғашқы кезең: қызығушылықты ояту мақсатында берілетін тапсырмаға: «Мозаика әдісі» арқылы романның тақырыбына сәйкес сурет қиындылары оқушыларға берілді.** Оқушылар сурет қиындыларын құрастыру арқылы шығарма мазмұнын болжауға тырысады. Оқушылар сурет қиындыларын құрастыра отырып, жаңа тақырыпқа қызығушылығы оянады, жаңа мағлұматтарды қабылдауға ынтасы оянып қана қоймай, тақырыпты ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізеді. Бұл әрекеттің өзі оқушыларға сыни тұрғыда ойлауға жол ашады. **«Блиц-сұрақ» тапсырмасын** беру арқылы оқушылар лезде **«иә» немесе «жоқ»** деп жауап беріп, бәсекелестікке қабілеттілігі артады.

**Келесі кезең: мағына тану. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты: оқушылардың белсенділігін арттыру.** Топта, жұпта жұмыс жасай отырып, ой бөлісу арқылы еркін ойлауға шыңдау. Бірте-бірте жаңа білім жайлы ақпарат жинай отырып, байырғы біліммен ұштастыру. **Бұл кезеңде оқушыларға берілетін тапсырмалар: «әдебиет үйірмесі» стратегиясы. Тапсырманың орындау барысы:** сыныпты топқа бөлеміз. Топта әр оқушының атқаратын рөлі анықталып, шығармаға талдау жасалады. Әр топ өз ішінде, оқушыларды сайлайды. **Оқушылар мынандай рөлдерге бөліну тиіс: реттеуші яғни спикер.**

**Реттеушінің атқаратын қызметі:** топ ішіндегі ахуалды бақылайды, уақытты бөліп береді, оқушыларға кезекпен сөз беріп, топтағы оқушылардың өз рөлдерін тиянақты атқаруға жауапты болады;

**Жазушы:** ой талқысындағы негізгі деген бағыттарды жазып, қысқаша баяндап отырады;

**Дәнекер:** шығарманы өмірмен байланыстырып, бұрынғы және қазіргі өмір деген тақырыптардағы сыни тұрғыдан ойлауға негізделген сұрақтарға жауап беруге міндетті болады;

**Сұрақ қоюшы:** Шығармашылыққа жауапты оқушы мақал-мәтел, қанатты сөздерді тақырыпқа сай айту қажет;

**Іздеуші:** шығармаға қатысты деген кез келген қосымша ақпарат жинақтап отырады. Топта оқушылардың шығарманы жан-жақты талдау барысында, оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, бірлесіп жұмыс істеу арқылы бір-бірінің пікірлерін сыйлап, ынтықмақтастықты нығайтуға септігін тигізетін бірден-бір тәсіл ретінде қарауға болады. **Келесі тапсырма да сыни жазуға дағдыландыруға негізделіп құрастылған тапсырма:** «Автормен сырласу хаты» немесе «Қартқожаға хат», «Баяғыда бір жетім момын болыпты...» ертегісін жазу. Бұл жазылым тапсырмалары оқушылардың сыни тұрғыдан ойланып қана қоймай, жазылым тапсырмасы арқылы хат жазып, ертегі құрастыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға жол ашады.

**Келесі кезең: ой толғау.** Бұл кезеңде берілген тапсырмалар: «Проблемалық сұрақтарға жауап беру», «интервью сұрақтар дайындау», «Әңгімені қалай аяқтар едіңіз» шағын ой-толғау жазу тапсырмалары мен әдістер қолданылды.

«Қартқожа» романының **I бөліміндегі «Қитық», «Ажал», «Пидия» тақырыпшаларын** талдауда оқушылар романның бөлімін талдатуда мынандай жұмыстар атқарылды: «қызығушылықты ояту» кезеңінде «оқу атысы» тапсырмасы берілді. **Тапсырманың орындалу барысы:** үш шеңбер беріледі. **Бірінші шеңберде** сабақтың тақырыбы жазылады. **Екінші шеңберге** «миға шабуыл» өткізу арқылы

тақырыптың не туралы болуы мүмкіндігін болжату арқылы суреттер қималары беріледі. **Соңғы шеңберде** сабақтың мақсаты жазылады. Оқушылардың қызығушылығын оятуға «**Тақырыпты жасыру» әдісін** қолдану тиімді болмақ. Өйткені сабақтың немесе тараудың тақырыбын жасырып, оқушылардың өздері ойланып шешімін табу өтілгелі отырған тақырыпты есте сақтауға, қызығушылықты оятып, сабаққа ынтамен кірісулеріне ықпалы зор. [2; 20].

**Тақырыпты жасырудың бірнеше түрлері бар.**

**а).** Сабақ тақырыбы тақтаға әріптерінің орны ауыстырылып жазылады. **Мысалы:** йабА веабнанұҚ ығылышамрағыш. Оқушылар жасатылған тақырыпты табулары керек;

**ә).** Ребустар арқылы тақырыбын жасыру;

**б).** Суретті коллаж арқылы жалпы тарау тақырыбын болжау;

**в).** Суреттер галереясы арқылы шығарма мазмұнын жасыру.

**Мағынаны тану кезеңінде:** оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға берілетін тапсырмалардың басым көпшілігі оқушылардың ойын еркін жеткізіп, дәлелдей алуға дағдыландыру. Сондай тапсырма ретінде ойын жазу жазылым тапсырмасын қарастыруға болады.

**Мысалы:** қоғамға, еліңе, Отаныңа, отбасыңа, ата-анаңа тигізетін пайдаң жөнінде, қандай қасиеттерің, қабілетің, дарының болғанын қалайтындығы туралы жазуға 5 минут уақыт беріледі. Тақтаға кесте ілінеді. Балалар берілген уақытта өзінің қазіргі шәкірт, ертеңгі болашақ елдің азаматы ретінде не істейтінін жазады. Тақтада ілінген кесте «**менің ойым» және «шәкірт ойы» бөлімдерінен** тұрады. Бұл бөлімдерін толтыру арқылы, оқушылар еркін түрде өздерінің ішкі ойын жазып, бөліседі.

**Келесі берілетін тапсырма** – оқушылардың

шығармашылық қабілетін арттыруға арналады: **«енді сен өзіңді жазушымын деп есепте» тапсырмасы.**

**Тапсырманы орындау барысы:** тақтаға орындық қойып, жазушыны **«Автор орындығына»** шақырамыз. Бұл тапсырмада бір оқушы шығып, басқа оқушылардың сұрақтарына жауап беруге тырысады. Сұрақтармен жұмыс тапсырылады. Романның **«Қитық», «Ажал», «Пидия» тақырыпшаларын талқылау үшін алдын-ала дайындалған сұрақтар беріледі.** «...Қартқожа тәңірге жалынып зарланатын болды, Мұниша сорлы қылғандай не жаздым?»...[1;188] деген үзіндіні түсіндіріп беріңіз. Не себепті қынжылады? Не себепті “Қартқожа” деген ат бердіңіз? Қартқожа білімге жақын болуының негізгі себебі неде? сынды сұрақтар **«Автор орындығында» отырған оқушыға қойылды.**

**Соңғы кезең: ой толғаныс деп аталады.** Бұл кезеңде мәселелік сұрақ қойып, оқушылардың бұл сұрақтан немесе қиын қойылған сұрақтың тығырығынан шығуда қандай жауап беретіндігін бақылау маңызды. **Осыған байланысты мынандай сұрақ туындайды.** «Адам қашан терең ойланады немесе ойлана бастайды?» бірінші кезекте, егер де бұл сұрақтың жауабы алдында дайын болмаса, алдын-ала дайындалмаса немесе қандай да бір проблема, әлі де зерттелмей, оқылмаған жаңа ақпарат пайда болған жағдайда. Жалпы, ойланудың қандай да болсын қиындық туғанда пайда болатындығы туралы пікір философтар тарапынан айтылады. Осындай мәселе туралы философ Джон Дьюи мынандай пікір келтірген екен: **«Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдауды жасау керек кезде басталады»** [3; 21] делінген. Ал, сыни ойлау мәселе шешуге бағытталумен қатар өздігімен ерекшеленеді: қандай да болсын мәселе немесе ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау

қажеттілігін оқушыларға білдіреді. Соған байланысты сабақтың соңында өмірмен байланыстырып мәселелік сұрақ қоя отырып, рефлексия жасау оқушылардың тақырыпты тереңірек меңгеруіне де септігі тиетіні сөзсіз. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының артықшылығы бірнеше қырынан алынады. Атап айтқанда:

- оқушылар сұрақтар мен мәселелерді нақты әрі дәйекті айғақтармен анық қоя алады;
- абстрактылы ойлай отырып, керекті мәліметтерді жинақтай алады, интерпретациялайды;
- талаптар мен стандарттарға сәйкестігіне қарай белгілі бір мәселе бойынша қорытынды шешімге келе алады;
- шешімге келу үшін өзгелермен тиімді қарым-қатынас жасай алады.

Қорытындылай келе, «Қартқожа» романын оқыту үдерісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының мүмкіндіктері қарастырылды. Аталмыш технология бойынша сабақ құрылымының жоспарына сәйкес «Қартқожа» романын талдау жүзеге асырылды. Нәтижесінде оқушылар ойланып-толғануға, ойларын еркін әрі ашық жеткізуге машықтанды. Түрлі идеялар мен пікірлерді сараптап, оқу үрдісіндегі белсенділіктерінің артқаны байқалды. Сондай-ақ оқушылардың сыни шешімдерді қабылдай алуы осы технологияның тиімділігін растай түсті.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аймауытов Ж. Қартқожа. [kitap.kz](http://kitap.kz)
2. Керімбекова Б.Д. Әдебиет сабағында қолданылатын тапсырмалар мен ойын түрлері: әдістемелік нұсқау. / Б.Д. Керімбекова, Ғ.Н. Отарбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 150 б.
3. Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997. – 208 б.

С.А. НАСИБУЛЛИНА,  
А.Тайманов атындағы №34 МГ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.


## АТА-БАБАНЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ НЕ?










Осы сабақ арқылы іске асатын оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.3.1 мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 9.4.1.1. мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.
Сабақтың мақсаты	<b>Оқушылар:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.</li> <li>• Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді табады.</li> <li>• Орфографиялық норманы сақтайды.</li> </ul>
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;</li> <li>• Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.</li> </ul>
Тілдік мақсаттар	Мәңгілік ел, Асыл арман, Бабалар сөзі
Құндылықтар	Ашықтық, құрмет, өмір бойы оқу

Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, музыка
Осыған дейін меңгерілген білім	Сөздердің дұрыс жазылу емлесін; Мәңгілік ел идеясын; Қазақ халқына тән ерекшеліктерді біледі; Мақала түрлерін, жанрларын біледі.
<b>Сабақтың барысы</b>	

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы  10 минут	<p><b>1. Сәлемдесу.</b></p> <p><b>2.Тренинг «Біз»</b> (Оқушылар сыртқы шеңбер жасап, «Біз» сөзінен басталатын сөйлемдер айту керек. Үлгі: «Біз – егемен халықпыз», «Біз – қонақжай халықпыз»)</p> <p><b>3.Үй тапсырмасын тексеру. «Шынжыр» әдісі</b></p> <p><b>Үй тапсырмасы:</b> «Мәңгілік Ел» - жалпы қазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы тұжырымын «ПОПС» формуласы арқылы дәлелдеу.</p> <p><b>4. Сабақ тақырыбын болжау үшін интерактивті</b></p>	



	тақтадан бейнебаян та м а ш а л а й д ы . (Мұғалім сабақтың тақырыбын, мақсатын, бағалау критерийлерін хабарлайды.)	Слайд						
<b>Сабақтың ортасы</b>  <b>25 минут</b>	<b>Оқылым алды тапсырмасы (Жеке жұмыс)</b> – Оқушылар, ата-бабамыз қандай ел болуды армандады? Осы сұрақ төңірегінде тақтадағы « <b>Тоғыз бриллиант</b> » әдісіне бір-бір сөзбен жазып толтырындар. <b>1. Оқылым тапсырмасы (Топтық жұмыс)</b> Үш топқа әртүрлі жанрдағы мәтіндер таратылады. Топ мүшелері танысып болғаннан кейін кестедегі тапсырманы орындайды. Кестені толтырындар.							
	<table border="1"> <tr> <td><i>Мәтін түрін анықта</i></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Жанры (Не себепті)</i></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Негізгі идеясы</i></td> <td></td> </tr> </table>	<i>Мәтін түрін анықта</i>		<i>Жанры (Не себепті)</i>		<i>Негізгі идеясы</i>		
<i>Мәтін түрін анықта</i>								
<i>Жанры (Не себепті)</i>								
<i>Негізгі идеясы</i>								

	<p><b>Дескриптор:</b>  <b>1.Мәтіннің түрін анықтайды;</b>  <b>2.Жанрын ресімделуіне сай ажыратады;</b>  <b>3.Негізгі идеясын табады.</b>  <b>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек»</b>  <b>2.«Галлерияны шарлау» әдісі.</b>  Топтағы оқушылар кезекпен кезек қабырғада ілінген мәнмәтінді оқып, орфографиялық принципке сай жазылған тілдік бірліктерді табады.  <b>Дескриптор:</b>  <b>1.Мәнмәтінді оқиды.</b>  <b>2.Орфографиялық нормаға сай жазылған тілдік бірліктерді табады.</b>  <b>3.Қай принципте тұрғанын түсіндіреді.</b>  <b>ҚБ. «Үш шапалақ»</b></p> <p><b>Үй тапсырмасы. «Мақаланың басқа жанрлары туралы ақпарат жинау»</b>  <b>Сабақты қорытындылау.</b>  <b>Мұқағали Мақатаев:</b>  <i>Оңай сөз зой «Отанды сүйем» деген,  Не тындырдың «басымды иемменен?»</i>  <i>Оңай сөз зой, құрбым-ау, оңай сөз зой,  «Отан үшін өлемін, күйем» деген.</i></p>	Үлес-тірме						
<b>Сабақтың соңы</b> <b>5 мин.</b>	<table border="1"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Пайдалы болды.</i></td> <td><i>Есімде қалды.</i></td> <td><i>Сұрағым бар.</i></td> </tr> </table>				<i>Пайдалы болды.</i>	<i>Есімде қалды.</i>	<i>Сұрағым бар.</i>	
								
<i>Пайдалы болды.</i>	<i>Есімде қалды.</i>	<i>Сұрағым бар.</i>						

<b>Саралау</b> – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	<b>Бағалау</b> – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	<b>Пәнаралық байланыс</b> <b>Қауіпсіздік ережелері</b> <b>АКТ-мен байланыс</b> <b>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</b>
--	---	--

<b>Ойлану</b> Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.
<b>Жалпы баға</b> Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағым дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?	


**Н. БЕКБУЛАТОВА,**  
**А.Тайманов атындағы**  
**№34 мектеп-гимназиясының**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
Орал қаласы




## ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>5. Т/А1.</b> тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. <b>5.ӘТНЗ.</b> тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.
<b>Сабақтың мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> тыңдалған аудиожазбадағы тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды. <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> мәтіндегі тақырыпты болжап, сөздерді мағынасына қарай орынды қолданады. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> зерттей отырып өмірмен байланыстырады, пікір айта алады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	- тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды - мәтіндегі омоним, синоним, антоним сөздерді ажырата алады; - өзіндік пікірін айтады



<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> тыңдалған мәтінді болжайды пікір білдіре алады.	
	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> өсімдік, оттегі, жабайы өсімдіктер, дәрумен, ұнтақ, жеміс-жидектер.	
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> - <i>Өсімдіктердің адам ағзасына пайдасы қандай?</i> - <i>Фитотерапияның (өсімдіктермен емдеу) маңызы неде?</i>	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<i>Құрмет, ынтымақтастық, қазақстандық патриотизм немесе азаматтық жауапкершілік. Жалпыға ортақ еңбек қоғамы.</i>	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ әдебиеті, жаратылыстану.	
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Өсімдіктер туралы біледі. Аулада, үйде гүлдер өсіреді. Ономим, антоним, синоним сөздер туралы түсінігі бар.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> <b>5 минут</b>	<b>Ширату «Гүлдер сыры» жаттығуы</b> Оқушылар шеңберге тұрады. Оларға үш түрлі гүлдің түрлері ұсынылады, өздері	

<p>қандай гүлдерді ұнататынын айтады.</p> <p><b>Қызғалдақ</b> – бостандықты ұнатады;</p> <p><b>Раушан</b> – өзіне сенімді адамдар;</p> <p><b>Ромашка (түймедақ)</b> – кешірімді адамдар.</p> <p><b>(оқушылар 3 топқа бөлінеді)</b></p> <p><b>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері хабарланады.</b></p> <p><b>Тыңдалым алдындағы тапсырма</b></p> <p><b>1-тапсырма. «Суреттер сөйлейді» С.</b></p>	  
 	
	
<p>Тақырыпқа қатысты суреттер көрсетіледі.</p> <p><b>Жетекші сұрақтар:</b></p> <p><b>1. Суреттен нені байқадыңдар?</b></p> <p><b>1. Суреттің ерекшелігі қандай?</b></p>	

	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сурет арқылы сабақ тақырыбына болжам жасайды.</li> <li>- Суреттің ерекшелігін ажыратады.</li> </ul> <p><b>ҚБ.«Бас бармақ»</b></p> <p>Жұптар өзара бір-біріне дескрипторға сүйеніп, кері байланыс береді.</p>	<p><b>Суреттер</b></p> 
<p>Сабақтың ортасы 25 мин.</p>	<p><b>Тыңдалым кезі тапсырмасы</b></p> <p><b>2-тапсырма</b></p> <p><b>«Миға шабуыл» әдісі ТЖ.</b></p> <p>Аудиотыңдалым арқылы мәтінді тыңдайды.</p> <p><b>Дәрілік өсімдіктер</b></p> <p>Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің маңызы өте айрықша. Бағзы заманнан-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, оларға ат қойып, жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, жапырақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Өсімдіктер – оттегіні бөлуші, табиғат көркі, дәрілік шикізат, мал азығы, тағамдық өнім.</p> <p>Республика территориясынан 6000-ға жуық өсімдік түрлерін кездестіруге болады. Оның 500-дейі дәрілік өсімдіктерге жатады.</p>	

	<p><b>Үш дөңгелекті диаграммаға толтырыңыз Ж.</b></p> 	
	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәтінді тыңдайды</li> <li>- Тыңдалған мәтіннен тірек сөздерді теріп жазады</li> <li>- Тірек сөздердің омоним, антоним, синонимдерін табады.</li> </ul> <p><b>ҚБ. «Театрдағы іс-әрекет»</b></p> <p><b>Саралау “Сырлы сызба”</b></p> <p>Тура, ауыспалы, синоним сөздердің ережелері жазылған паракшалар беріледі.</p> <p><b>3-тапсырма. «Зерттеушілік әңгіме» әдісі ЖЖ ТЖ.</b></p> <p>Оқушыларға дәрілік өсімдіктер туралы жоба жасау ұсынылады (жалбыз, түймедақ, жусан.)</p> <p>Топтардың дайындалуына 10 минут уақыт беріледі. Бұл уақыт ішінде оқушылар өз көзқарастарының себебін, дәлелдері мен мысалдарын дайындайды.</p>	 

<p><b>Дескриптор:</b> - Тақырыпқа сай дәлелдер мен өз пікірін білдіреді.</p> <p><b>Саралау:</b> Ғаламтор сайттарын пайдалану ұсынылады.</p> <p><b>ҚБ. «Топтардың өзара бағалауы»</b></p> <p><b>Кері байланыс береді:</b> Келісемін....., «-----» -» Қосымша ұсынысым «...», «...» бойынша тағы да ойланып, талқылауды ұсынамын.</p> <p><b>4-тапсырма «Ар-ождан аллеясы» әдісі С.</b> Сұраққа өз ойларымен жауап беру.</p> <p><b>1. Қазіргі медицинада фитотерапия қажет пе?</b></p> <p><b>Дескриптор:</b> - Өзін тұтынушы орнына қойып көреді. - Дәрілік шөптер туралы пікірін айтады.</p> <p><b>ҚБ.«Бағдаршам» әдісі.</b> Дескрипторға сүйеніп, «Бағдаршам» көздерімен бағалайды.</p>	  <p>Пікірлер жазылған парақтар</p>  
--	--

<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>10 минут</b></p>	<p><b>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма</b> <b>5-тапсырма «Еттартқыш. Қоқыс жәшігі. Чемодан» әдісі С.</b> Оқушылар дәрілік шөптердің жақсы қасиеттерін чемоданға (пайдалы, химикаттар аз, арзан). Жағымсыз қасиеттерін қоқыс жәшігіне (ұлы, жабайы, үйде дайындалады) Болашақта фитотерапияны дамыту жолдарын еттартқышқа салады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> - Оқушылар дәрілік шөптердің жағымды-жағымсыз қасиеттерін тани алады және саралайды. Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.</p> <p><b>Кері байланыс</b> <b>«Көңіл-күй кәрзеңкесі» әдісі.</b> Оқушылар бүгінгі сабақ туралы пікірлерін айтып, кәрзеңкеге ақ, қызыл, сары гүлдерді салады. <b>Ақ гүл</b> – «Белсенді қатыстым», <b>қызыл гүл</b> – «Бәрі түсінікті», <b>сары гүл</b> – «Маған іздену керек».</p>	 
---	--	---

А.Н. ГИЗАТОВА,  
Асан Тайманов атындағы  
№34 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
БҚО,  
Орал қаласы

## Д. ИСАБЕКОВ “ӘПКЕ” ДРАМАСЫ. БАУЫРМАЛДЫҚ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Т/Ж. 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Шығармадағы кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз тұстарын анықтай алады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы кейіпкерлердің шығармадағы маңыздылығына баға бере алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Көркем шығармадағы кейіпкерлерге тура және жанама мінездеме бере алады.
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шығармадағы кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз тұстарын анықтай алады.</li> <li>Шығармадағы кейіпкерлердің шығармадағы маңыздылығына баға</li> </ul>

	<p>бере алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Көркем шығармадағы кейіпкерлерге тура және жанама мінездеме бере алады.</li> </ul>
Т і л д і к мақсаттар	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b> Тілдік, көркемдік ерекшеліктерді қолдана отырып кейіпкерлерге мінездеме бере алады.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> Драма жанры, драматург, отбасы психологиясы, образ, идея, тақырып, сюжет, эпилог, пролог, бауыр, әпке, сағыныш.</p> <p><b>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Менің ойымша, дегенмен, егер, мүмкін болғанда, менің пікірім, т.б.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>Отбасы дегенді қалай түсінесің?</li> <li>Отбасындағы ананың, апаның рөлі қандай? т.б</li> </ul> </li> </ul>
Құндылық-тарға баулу	Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс барысында өзара сыйластық, бауырмалдық, құрметпен қарау, ізгілік, жауапкершілікті сезіну, білім алуға дайын болу.
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі және Өзін-өзі тану пәндерімен тығыз байланысты.
А л д ы ң ғ ы оқу	Д. Исабеков «Әпке» драмасы. Т/Ж.8.1.1.1 -әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;


Жоспар								
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар						
<p><b>С а б а қ т ы ң басы</b></p> <p>5 минут</p>	<p><b>Оқушылармен сәлемдесу.</b></p> <p><b>Ы н т ы м а қ т а с т ы қ</b> атмосферасын қалыптастыру.</p> <p><b>«Сатамын және сатып аламын» тренингі.</b></p> <p>(Оқушылар өз бойындағы кемшіліктерін сатып, көршісінің бойындағы жақсы қасиеттерін атап алады.)</p> <p><b>Үй тапсырмасы «Кездейсоқ сандар» әдісімен тексеріледі.</b></p> <p><b>Оқу мақсаттары</b> таныстырылады.</p> <p><b>Пазл әдісімен үш топқа бөлінеді:</b></p> <p><b>1-топ «Бауырмалдық».</b></p> <p><b>2-топ «Қайырым».</b></p> <p><b>3-топ «Мейірім».</b></p>	<p>Интер-активті тақта</p> <p>Презентация</p>						
<p><b>С а б а қ т ы ң ортасы</b></p> <p>7 минут</p>	<p><b>1- тапсырма. Топтарға кесте құруға тапсырма беріледі.</b></p> <table border="1" data-bbox="319 988 707 1093"> <thead> <tr> <th>Кейіпкер</th> <th>Шығармадан кейіпкер сөзін табу</th> <th>Менің ойымша...</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p><b>ҚБ:»Қадам» әдісі.</b></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p><i>Түгел топ қамтылады.</i></p> <p><i>Уақыт үнемділігі ескеріледі.</i></p>	Кейіпкер	Шығармадан кейіпкер сөзін табу	Менің ойымша...				<p>Интер-активті тақта</p> <p>Кесте</p> <p>Плакаттар</p>
Кейіпкер	Шығармадан кейіпкер сөзін табу	Менің ойымша...						


5 мин.	<p><b>2-тапсырма. Бұл кім?</b></p> <p><b>(Кейіпкер сөзіне байланысты кім екендігін анықтау)</b></p> <p><b>1. – Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрыңдар, мен барып котлет... імм... тамақ дайындап жіберейін. (Қамажай)</b></p> <p><b>2. – Тоқтат, тіліңді кесіп, отварной язык жасаймын. (Тимур)</b></p> <p><b>3. – Қазіргі заманда жұрттың бәріне ұнай беру шарт емес. ХХ ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін әрекет жасау – бекершілік. (Жамила)</b></p> <p><b>4. – Өмір көрсетер оны. Жалпы, жалынды сөйлеген адамнан күдіктенемін. Өйткені, олар көп ретте жалған айтады. (Нәзила)</b></p> <p><b>5. – Марат айтады, папаң сендерді тастап кеткен дейді. Ол ешқандай да ұшқыш емес дейді. Ол өтірік айтады ғой, ә?.. (Ермек)</b></p> <p><b>6. – Ғылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп... (Омар)</b></p> <p><b>ҚБ:«Қадам» әдісі.</b></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Үзінділердің қай кейіпкерге тиесілі екендігін таба алады.</li> </ul>	
--------	---	--

Ж. Б. АБДИРОВА,  
М.Мирманов атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектептің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
Бірлік ауылы

## Ш.АЙТМАТОВ “АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ” ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КЕЙІПКЕР– АЛТЫНАЙ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттары	5.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау және даралау.
С а б а қ т ы ң мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Көркем шығармадағы кейіпкерлерді талдап, жинақтай алады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Көркем кейіпкерлер жүйесін жинақтай алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін даралап талдай алады.
Б а ғ а л а у критерийлері	-Алған әсерін өз сөзімен сипаттап жеткізе алады. -Кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.

<p><b>3-тапсырма. Топтық жұмыс.</b> «Ассоциативтік қатар» стратегиясы бойынша жанама мінездеу арқылы ортақ пікір қалыптастыру. <b>«Бауырмалдық» тобы: Омар;</b> <b>«Қайырым» тобы: Нәзила;</b> <b>«Мейірім» тобы: Қамажай.</b> <b>ҚБ: «Қадам» әдісі. Дескриптор:</b> - әр оқушы кейіпкер туралы өз пікірін жазады; - жанама мінездеуді табады; - пікірлерді саралап, топ ортақ идеяға келеді; - жұмысты қорғайды.</p> <p><b>4-тапсырма. «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі</b> бойынша кейіпкерлердің бойындағы жағымды қасиеттерін ішкі шеңберге, жағымсыз қасиеттерін сыртқы шеңберге толтырады. <b>Дескриптор:</b> – ішкі шеңберге жағымды қасиеттерін жазады; – сыртқы шеңберге жағымсыз қасиеттерін жазады; <b>ҚБ: «Қадам» әдісі.</b></p>	<p>Қағаз қиындылар</p> <p>Стикерлер</p> 
---	---

<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p><b>5 мин.</b></p>	<p><b>Топтарға «Қадам» әдісімен кері байланыс жасалады.</b> Үй тапсырмасы беріледі. <b>Үй тапсырмасы: «Әулет жүгін арқалаған аруға хат».</b> Әр оқушы бас кейіпкер Қамажайға хат жазады. <b>Дескриптор:</b> – <i>Стильдік ерекшеліктерге сүйене отырып, хат жаза алады.</i></p>	<p>Плакат «Қадам» әдісі</p> 
--	---	---



	-Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтап, даралай алады.
<b>Т і л д і к мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> Көркем шығармадағы кейіпкерлерді жинақтап, даралай алады.
	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>Дүйсен мектебі, комсомол, Ленин, Коммунистік партия.</i>
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> 1). – <i>Дүйсен мектебі аталу себебі?</i> 2). – <i>Дүйсен ұстаздың көрген қиындықтарын ата?</i> 3). – <i>Алтынайдың оқуына қарсы болған жандар кімдер?</i> 4). – <i>Дүйсенге қамқор болған кімдер?</i> 5). – <i>Алтынайдың шыққан белесі қандай?</i>
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<i>«Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» және «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» сияқты ұлттық немесе жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу. Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» әңгімесін оқу арқылы іске асырылады.</i>
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақстан тарихы
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Дүйсеннің тағдырындағы кездескен қиыншылықтар
<b>Сабақ барысы</b>	

<b>С а б а қ т ы н жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>С а б а қ т ы н басы</b> 7 мин.	<b>Оқушылармен амандасу.</b> О қ у ш ы л а р д ы ортаға шығарып, « <b>М о з а и к а</b> » әдісі мен («Алтынай», «Дүйсен») оқушыларды топқа бөлу. Әр қима қағаздың артындағы үй тапсырмасына байланысты берілген сұрақтарға жауап береді. <b>Білу. «Сұрақ-жауап» әдісі</b> <b>Сұрақтар:</b> 1. – <i>Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіне қай жылдардағы оқиға арқау болған?</i> 2. – <i>Дүйсеннің мектеп ашып, бала оқытуына кімдер қарсы болды? (Халықты жинап, бала оқытуға келгенін айтқаны, халықтың қолдарын сілтеп қарсы болуы, Сатымқұлдың қарсылығы)</i> 3. – <i>Дүйсен балаларды оқыту үшін алдымен жұмысты неден бастады?</i> 4. – <i>Дүйсен мен Алтынайдың жеңгесінің арасындағы кикілжің қалай өрбиді?</i>	<b>К е с п е қағаздар</b>

	<p>5. – Алтынай неге Сайқал кемпірдің үйіне баруға асықты?</p> <p>6. – Дүйсен не себепті қасқырлар қамауында қалды?</p> <p>7. – Дүйсен не себепті соққыға жығылды?</p> <p>8. – Дүйсен Алтынайды қалай құтқарды?</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b> <b>30 мин.</b></p>	<p><b>1-тапсырма Түсіну.</b> <b>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.</b> <b>Топтық жұмыс.</b> Интерактивті тақтадан әр топқа бейнекөрініс көрсетіледі. Үзіндіде қандай оқиға суреттелген, кейіпкерді тауып, оның іс-әрекетіне сипаттама бер. <b>1-топ (бейнежазба көрсетіледі.)</b> <b>2-топ (бейнежазба көрсетіледі.)</b></p> <p><b>Дескриптор:</b> – Бейнежазбадағы оқиганы ойланып топта талдап, ажыратады. – Кейіпкерлердің іс әрекетіне сипаттама береді – Өз ойын еркін жеткізеді</p> <p><b>2-тапсырма.</b> <b>Топтық жұмыс</b> <b>Талдау.</b> <b>1-топ «Кластер» әдісімен</b> Алтынай образын даралау.</p>	<p>Ж е к е суреттер</p>

<p><b>Жинақтау.</b> Шығармадағы кейіпкерлерді жинақтау. <b>2-топ. Концептуалдық кесте толтыру.</b></p>			
<i>Кейіпкерлер</i>	<i>Ө м і р г е қызығушылығы</i>	<i>Адамгершілік қасиеті</i>	<i>Кейіпкерлерге берілетін баға</i>
Дүйсен			
Сатымқұл			
Қартаңбай			
Сайқал кемпір			
Алтынайдың ағасы			
Жеңгесі			
	<p><b>Дескриптор:</b> – Шығармадағы кейіпкерлерді салыстырады. – Олардың бойындағы адамгершілік қасиетін, өмірге қызығушылығын анықтай отырып, кейіпкерлерге баға береді.</p> <p><b>Саралау жұмысы:</b> – Қай кейіпкердің қай кейіпкерге айтқан сөзі? – Жайнаған көзіңнен айналайын, – деді ол еркелете. – Оқуға өте құштарсың. Әттең қолымнан келіп, сені үлкен Шаһардың бірінде оқытсам, ә-ә?! Адам боп шығар едің! – деді.</p> <p><b>Қолдану.</b> <b>3-тапсырма. «Ойлаудың алты қалпағы»</b></p>	<p>Мәтін жазылған парақтар</p>	

	<p><b>1. «Ақ қалпақ» (мәселеге қатысты деректерді келтіреді.)</b> 20 ғасырдың 20-30 жылдар аралығында болған оқиганың ізімен жазылған. Әңгімеде төбе басындағы екі теректің тарихы айтылады. Сол жылдары тарих беттерінде жаппай халықты сауаттандыру ісі жүргізілді. Сондай тапсырмамен Дүйсен де ауылға жіберілген.</p> <p><b>2. «Сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады.)</b> Дүйсен партия тапсырмасымен ауылға келіп, халықтың қарсылығына қарамастан, қиыншылықтармен күресе жүріп, бала оқытады. Алтынайдың оқуға деген зеректігін танып, болашағынан үміт күтеді. Сол үміті ақталып, Алтынай Москвада оқып, академик атанады.</p> <p><b>3. «Қара қалпақ» (Кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарын айтады)</b> Жалпы шығармада кейіпкерлердің сәтсіз тұстары да кездесіп отырады. Шығармада Дүйсеннің Райком жиналысынан келе жатып, қасқырлар қармауында қалуы, Қартаңбай шалдың астындағы</p>	
--	---	--

	<p>жалғыз атын зорықтырып өлтіріп алуы. Алтынайды тоқалдыққа алмақшы болған тұлкітымақтының соққысына жығылып, қолын сындырып алуы.</p> <p><b>4. «Көк қалпақ» (Талдау жасайды, не үшін? Неге байланысты? Неге? деген сұрақтарға жауап іздейді.)</b> Алтынай ескіліктің құрбаны, қалың малға сатылып, бір байдың тоқалы етіп ұзатылады.</p> <p><b>5. «Жасыл қалпақ» (Кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялармен болжамдар айтады.)</b> Алтынай қыз да болса, өмірге деген құлшынысы мол жан Ол Дүйсеннің мейіріміне риза болып, «Сен түбі ғалым боласың, сенің болашағың зор» деген сенім артады.</p> <p><b>6. «Қызыл қалпақ» (оқиганы оқу барысында бастан кешірген сезімдерін айту.)</b> Мен әңгімені оқып отырып, мынандай жайттарға тәнті болдым.</p>	
--	--	--

<b>Сабақтың соңы</b>	<p><b>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.</b></p>
<b>3 мин.</b>	<p><b>Кері байланыс:</b> «Алма ағашы» Оқушыларға екі түсті алма берем.</p> <p><i>Жасыл түсті алма – Мен бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл күйім көтеріңкі.</i></p> <p><i>Қызыл түсті алма – Мен бүгін бәрін орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ.</i></p> <p><b>Үйгетапсырма:</b> «Менің алғашқы ұстазым» тақырыбында эссе жазу.</p>

М. Н. НАКИПОВА,  
№104 жалпы білім беретін мектептің  
қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.  
Алматы қаласы,  
Әуезов ауданы

## АҚАН ТРАГЕДИЯСЫ

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b>	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау;
<b>Сабақ мақсаты:</b>	<b>Оқушылардың барлығы:</b> әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды;
	<b>Оқушылардың көпшілігі:</b> Әдеби шығармадағы Ақан бейнесін анықтайтын сөздерді табады; поэма үзінділерін пайдалана отырып, өзіндік көзқарасын дәлелдейді.
	<b>Оқушылардың кейбірі:</b> Әдеби шығармадағы Ақан бейнесін анықтайтын сөздерді табады, психологизмді анықтайды, поэма үзінділерін пайдалана отырып, өзіндік көзқарасын дәлелдейді, қосымша дерек көздерімен талдайды.
<b>Тілдік мақсат:</b>	<b>Әдебиет теориясы:</b> трагедия, психологизм, зекет 1). малдан алынатын салық; 2). садақа), сонар (жаңа жауған қар), тауқымет


	(қиыншылық), телміріп, әудем жер, Керекү (Павлодардағы жер), саба (ыдыс)
<b>Құндылық-тарға баулу:</b>	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары: Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
<b>А л д ы ң ғ ы оқу</b>	І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасындағы аттың сипаттамасын біледі.
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Тарих, музыка, сурет
<b>Жоспар</b>	

Кезеңдері	Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығулар	ҚБ	Ресурстар
Басы 3 мин.	<b>Ұ й ы м д а с т ы р у кезеңі</b> <b>Сәлемдесу</b> <b>Топ атын анықтау.</b> А л д а р ы н д а ғ ы портреттер арқылы топ атын табады. <i>(Глияс, Абай, Махамбет, Бұқар жырау – ӘДЕБИЕТШІЛЕР;</i> <i>Әлкей Марғұлан,</i>		Конверт «Мен кімін?» Топтың аты жазылған үлес-тірмелер
5-6 мин.	<i>С а н ж а р Асфендияров, Ермахан Бекмұханұлы,</i>		


<b>5 мин.</b>	<p><b>Қадырғали би Жалайыр – ТАРИХШЫЛАР;</b> <b>Шоқан Уалиханов, Николай Пржевальский, Семенов Тянь-Шанский – ЗЕРТТЕУШІЛЕР)</b></p> <p><b>Үй тапсырмасы.</b> «Дыбыссыз бейне» әдісі. «Құлагер» фильмінен Күреңбай сыншының Құлагерді сынауы, сипаттамасы дыбыссыз көрсетіледі. Сұрақ беріледі:</p> <p>1. – Құлагерге сын айтқан қай кейіпкер?</p> <p>2. – Оған қандай сын айтты?</p> <p>Оқушылар жатқа айтады. <b>«Адасқан әріптер» әдісі.</b> Тақырыптың атан табу. <b>КЛМИПРАВЖОЯС</b> <b>ПТОФБМИЧЩНУЛ</b> <b>ЫЛСАҚАНОЦНЕИ</b> <b>ЕТРАГЕДИЯСЫПК</b> <b>РАШДОРАПВЬСО</b> <b>Психологиялық ахуал.</b> <b>«Домбыра тілегі» әдісі.</b> (Құрметті оқушылар, ұлттық құндылығымыздың бірі, күйші-жыршылардың серігі, қазақтың қара домбырасы арқылы топ басшылары бір-бірімізге жақсы тілегімізді айтайық.</p>		
---------------	---	--	--

<p>Мысалы: Қазақтың қасиетті домбырасындай қасиетімізді жоғалтпайық! Бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін!)  <b>«Мен кіммін?» әдісі.</b> Конверт алып, өткен тақырыптар бойынша кейіпкерді сөйлету арқылы, кім екенін тапқызу, бүгінгі тақырыпқа жетелеу.  <b>(Шоқан, Махамбет, Ілияс)</b>  <b>Слайд.</b>( Құрманғазының күйі « Кісен ашқан» ойнап тұрады.)  <b>Мұғалім сыныпқа:</b>  – Мен XIX ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алған белгілі өнер қайраткері, композитор, ақын әрі әншімін. Көкшетау өңірінің Қоскөл деген жерінде 1843-1913 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлғамын.  Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт және 15 - 20 жсігітті өзім тәрбиелеп , басыма – бұлғақтаған үкі, қолымда домбыра, аузымда – ән, боз атқа мінсем ақ киіп, қара атқа мінсем қара киіп жүретінмін. Содан халқым маған «Сері» деген ат берді.</p>		
---	--	--

	<p><i>Ілияс Жансүгіров өзінің «Құлагер» атты поэмасында менің трагедиям арқылы әлеуметтік орта мен заман лебін, қуанышы мен қайғысын жырлады.</i>  <b>ҚБ. «Тамаша», «Керемет», «Жаксы», «Ойлан».</b></p>	<p>ҚБ.  «Тамаша»,  «Керемет»,  «Жаксы»,  «Ойлан»</p>	
<p><b>Топтық жұмыс</b>  <b>10 мин.</b></p>	<p><b>«Джиксо» әдісі</b>  Тақырып бойынша топқа мәтіндер беріледі. Топ мүшелері мәтінмен танысып, өзара білгендерін ортаға салады. Ортадан бір-екі оқушы жауап береді.  <b>1-топ</b>  <b>«Әдебиетшілер».</b>  <b>«Дара диаграмма» әдісі.</b>  Ақан – әдебиет кейіпкері.  <b>2-топ «Тарихшылар».</b>  <b>«Хикая картасы» әдісі.</b>  Ақан – тарихи бейне  <b>3-топ</b>  <b>«Зерттеушілер».</b>  <b>«Шахмат» әдісі.</b>  Ақан тағдыры. (талдау)</p>		

<p><b>Дескриптор:</b>  <b>1.</b>Топқа бөлінген мәтінді талдап, кестеге түсіреді.  <b>2.</b>Поэма мазмұнын толық меңгереді.  <b>3.</b>Ақан серінің психологиясына кері және оң әсерін табады.  <b>ҚБ.</b> Мұғалім ауызша кері байланыс береді. «Жарайсыңдар!», «Жақсы», «Қосымша оқы!»</p>		<p>Үлестіргемелі материалдар</p>
---	---	----------------------------------

<p><b>Орта-сы</b>  <b>7</b>  <b>мин.</b></p>	<p><b>«Серпілген сауал» әдісі.</b>  <b>«Кір жаятын жіп» тәсілі</b>  Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдысын дамытуға, сыни тұрғыдан жауап беру үшін қолданылады.  <i>- Құлагер трагедиясы бүкіл халықтық трагедия ма, әлде тек Ақан серінің басына келген трагедия ма?</i>  <i>-Ақан серінің өмірі туралы шығарма жазған авторлар не себепті оны өмірдің талқысына, сынына салды деп ойлайсыздар?</i>  <i>- Ақан өзін қай кездері бақытты сезінді деп</i></p>	<p>«Серпілген сауал» әдісі.  <b>«Отшашу» Әдісімен құрмет көрсету</b></p>	
--	---	--	--

	<p><i>ойлайсыздар?</i>  <i>- Ақан баптап бәйгеге қосқан Құлагерін ажал құштырған жауыздарға не айтар едіңіздер?</i>  <b>Дескриптор</b>  <b>1.</b>Оқушылар Ақанның өмірінде болған бақытты сәттері мен кездескен қиындықтарды ажыратады.  <b>2.</b> Кейіпкер рөліне еніп, сұрақтарға сыни тұрғыдан жауап береді.  <b>ҚБ.</b> Өз ойын ұтымды білдірген және сұраққа сыни тұрғыдан жауап берген топ мүшелеріне <b>«Отшашу» әдісімен құрмет көрсету.</b></p>	<p><b>Жіп, кір кыстырғыш</b>   <b>Қ о л д а у к ө р с е т у н е г і з і н д е ж а с а л ғ а н д а й ы н с ұ р а қ т а р .</b></p> 	
<p><b>Соңы</b>  <b>2 мин.</b>  <b>Қорытынды</b>  ( У а қ ы т а р т ы л ғ а н ж а ғ д а й д а «Зымыран сұрақтар» беріледі.)</p>	<p>Табиғаты көркем, алыстан мұнартып көзді арбаған көгілдір таулар өлкесінде ғұмыр кешкен Ақжігіт-Ақан Қорамсаулының тағдыры қым-қиғаш және трагедиялық тұстары басым болды.</p>		

	Соны көре білген Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында Құлагер өлгенімен, Ақанның жаны жараланғанымен, әні мәңгі жасайды, өнер өлмейді, өнер мәңгілік деген түйін жасайды.	
<b>Үй-ге тапсырма 1 мин.</b>	<b>Екі тақырыптың бірін таңда:</b> 1. <i>Кейіпкерге немесе авторға хат жазу;</i> 2. <i>Егер мен автор болсам... (шығарманы өзіңше аяқта.)</i>	Екеуінің бірін таңдайды.
<b>Рефлексия 3 мин.</b>	«Бәйге» әдісі. Жылқы суретін Көкшетау етегіндегі қалташаға өз деңгейіне қарай салады. <b>Жасыл</b> – сабақ маған ұнады. Сабақта берілген тапсырмаларды жете түсіндім. Өзіме қажеттісін алдым. <b>Сары</b> – сабаққа белсенді түрде қатыстым, топқа сәл де	
	болса да, пайдам тиді. <b>Қызыл</b> – сабақты түсінбедім, сабаққа дұрыс қатыса алмадым.	<b>Жасыл, қызыл, сары қалташалар.</b> <b>«Көңілде қалған сұрақтар» (сұрақтары, ұсыныстары болса іліп кетеді)</b> Көкшетау суреті. Жылқы

### Тілдер байланысы

**Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**А.ТӨЛЕГЕНОВА,**  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
**Г.АБДУЛЬДИНА,**  
ағылшын тілі пәні мұғалімі.  
«№6 ЖОББМ» КММ.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы

*7-сыныпқа арналған «Тілдер әлемінде»  
тақырыбындағы таңдау курсына  
(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілген сабақ  
жоспары үлгісі*

### **МӘТІНМЕН ЖҰМЫС** *(Работа с текстом. Working with text)*

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары</b> <b>Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке</b> <b>Learning objectives is achieved in this lesson</b>	Мәтінге тілдік талдау жасай білу. Умение делать языковой анализ текста. Ability to do language analysis of text.
<b>Сабақ мақсаттары:</b> <b>Цель урока</b> <b>The aim of the lesson:</b>	<b>Барлығы:</b> Сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аударып, сөз құрамына талдайды. Переводит слова на русский, английский языки, анализирует состав слова. Translating words into Russian, English and analysis of them.



	<p><b>Көбі:</b> Мәтіндегі сөйлемді сөйлем мүшесіне талдап, тілдік ерекшеліктерін салыстырады. Сделает разбор предложения по членам и сопоставляет языковые особенности. Compares language features.</p> <p><b>Кейбірі:</b> Аударма жасауда тілдік ерекшелігін анықтайды.</p> <p><b>Некоторые:</b> определяют языковые особенности перевода.</p> <p><b>Some:</b> Specifies the language specifics in the translation.</p>
<b>Пәнаралық байланыс</b> <b>Межпредметная связь</b> <b>Inter subject communication</b>	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, география Казахский язык, русский язык, английский язык, география Kazakh, Russian, English, Geography
<b>Құндылықтарға баулу</b> <b>Привитие ценностей</b> <b>Instilling of values</b>	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Привитие национальных ценностей. Instilling of national values.

**Жоспар**  
**План**  
**Plan**

<b>Жоспарланған уақыт</b> <b>Запланированное время</b> <b>Planned time</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b> <b>Виды упражнений</b> <b>Types of exercise</b>	<b>Дереккөздер</b> <b>Ресурсы</b> <b>Recourses</b>
<b>С а б а қ т ы ң басы</b> <b>Начало урока</b> <b>Beginning of the lesson</b> <b>5 минут</b> <b>5 minutes</b>	«Үш тілде амандасу» тренингі Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском, русском, английском. Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English.  Қызығушылықты ояту Пробудить интерес To awaken interest  Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдау Послушать песни Абая Listening Abai's songs.	<a href="https://www.youtube.com/watch">https://www.youtube.com/watch</a>
<b>Сабақтың ортасы</b> <b>Середина урока</b> <b>The middle of the lesson</b> <b>30 минут</b> <b>Realization of</b>		

<p><b>meaning</b> <b>30 minutes</b></p>	<p><b>1-тапсырма 1-задание</b> <b>1- task</b></p> <p>Қарамен берілген сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аударып, сөз құрамына талдау.</p> <p>Перевод выделенных слов на русский, английский языки, разбор по составу слова.</p> <p>Translation of selected words into Russian, English languages.</p> <p>Қыс – жыл мезгілі, әр аумақтағы ауа температурасы ең төмен болатын климаттық маусым.</p> <p>Астрономиялық ұғым бойынша, қыс – қысқы күн тоқырауы сәтінен көктемгі күн мен түннің теңесуіне дейінгі (Солтүстік жарты шарда 21-22 желтоқсаннан 20-21 наурызға дейін, Оңтүстік жарты шарда 21-22 маусымнан 23 қыркүйекке дейін) уақыт аралығы.</p> <p>Солтүстік жарты шардың қоңыржай ендіктерінде қыс айлары деп шартты түрде желтоқсан, қаңтар, ақпан, ал Оңтүстік жарты шарда — маусым, шілде,</p>	
---	--	--

	<p>тамыз айлары есептеледі. Қоңыржай ендіктерде (оның ішінде, Қазақстан жерінің басым көпшілігінде) қыс тұрақты қар жамылғысымен, өзендер мен көлдерде мұз қатуымен, өсімдіктің өсіп-өнуінің тоқтауымен, жануарлардың көптеген түрлерінің ұйқыға кетуімен сипатталады. Қыстың ұзақтығы климаттық және фенологиялық маусым ретінде төменгі географиялық ендіктерден жоғары ендіктерге қарай өсіп отырады.</p> <p>Тропиктік ендіктерде қыс мүлдем болмайды, субтропиктерде оның ұзақтығы 1-2 айдан аспайды, қоңыржай ендіктерде –3-4 ай, полюстік ендіктерде 6-7 айға және одан да көбірек уақытқа созылады.</p> <p>Қазақстанның солтүстігінде оның оңтүстігімен салыстырғанда, қыс 1-1,5 айдай ұзағырақ болады.</p> <table border="1" data-bbox="1205 975 1628 1076"> <thead> <tr> <th>Сөз</th> <th>Қазақ тілінде</th> <th>Орыс тілінде</th> <th>Ағылшын тілінде</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>2-тапсырма 2-задание 2-task</b></p> <p><b>Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдау.</b></p> <p><b>Разбор выделенного предложения по членам.</b></p>	Сөз	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде					<p><a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/">https://kk.wikipedia.org/wiki/</a></p>
Сөз	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде							

	<p><b>Analysis of the selected proposal by member.</b></p> <p>1.Қыстағы қар - жерге ырыс, Жердегі ылғал – елге ырыс.</p> <p>2.Қыс — жыл мезгілі, әр аумақтағы ауа температурасы ең төмен болатын климаттық маусым.</p> <p>3.Биыл туған өлкеміз – Шалқар өңірінде қыс жылы болып тұр.</p> <table border="1" data-bbox="284 604 656 748"> <thead> <tr> <th>Қ а з а қ тілінде</th> <th>О р ы с тілінде</th> <th>Ағылшын тілінде</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Қ а з а қ тілінде	О р ы с тілінде	Ағылшын тілінде							
Қ а з а қ тілінде	О р ы с тілінде	Ағылшын тілінде									
	<p><b>Сергіту сәті.Физминутка.</b> <b>Warm up</b></p> <p>– Білесіз бе, әлемде «Халықаралық қар және мұз кеңесі» бар.</p> <p>– Знаете, в мире есть «Международный снег и ледовый совет».</p> <p>– Do you know? There is «International snow and ice advice» in the world.</p> <p><b>Кеңестің зерттеуі бойынша қар қиыршықтары жеті түрге бөлінеді:</b></p>										

	<p>По исследованию Совета, снежные щебня подразделяются на семь видов:</p> <p>According to the study of the Council, snow crushed stone is divided into seven types:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1). Жұлдызды қиыршықтар</li> <li>2).Ине тәрізді</li> <li>3). Таяқшалар тәрізді</li> <li>4). Жүзуге арналған аяқ киімнің үлгісіндегі түрі</li> <li>5). Дендрит кеңестігі</li> <li>6). Шашыраңқы орналасқан таяқшалар тәрізді</li> <li>7). Құрылымы әртүрлі</li> </ol> <p><b>3-тапсырма 3-задание 3-task</b></p> <p><b>Берілген сөйлемді қазақ, орыс тілдеріне аудару,тілдік ерекшеліктерін салыстыру.</b></p> <p>Перевод данных слов на казахский, русский языки, сравнение языковых особенностей.</p> <p>Translation of these words into Kazakh, Russian, comparison of language features.</p> <p>Қазақстан жерінің басым көпшілігінде қыс тұрақты қар жамылғысымен, өзендер мен көлдерде мұз қатуымен, өсімдіктің өсіп-өнуінің тоқтауымен, жануарлардың</p>	<p><a href="https://massaget.kz/layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/41320/">https://massaget.kz/layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/41320/</a></p>
--	--	--

	<p>көптеген түрлерінің ұйқыға кетуімен сипатталады.  На большей части территории Казахстана зима характеризуется устойчивым снежным покровом, обледенением на реках и озерах, прекращением растительности, засыпанием многих видов</p> <p><i>In most of the territory of Kazakhstan, winter is characterized by stable snow cover; icing on rivers and lakes, termination of vegetation, and falling asleep of many animal species.</i></p>	
<p><b>С а б а қ т ы н соңы</b>  <b>5 минут</b>  <b>Конец урока</b>  <b>The end of the lesson</b>  <b>5 минут</b>  <b>5 minutes</b></p>	<p><b>Кері байланыс. Обратная связь. Feedback</b>  <b>«Бүгінгі іс-әрекетім» әдісі</b>  <b>Метод «Мое сегодняшнее действие»</b>  <b>Method «My action today»</b></p> 	

Сыныптан тыс шара

**Б.Ж.ҚЫЛЫШБАЕВА,**  
**№1 Қамысты орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**  
Қостанай облысы,  
Қамысты ауданы

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША**  
**АПТАЛЫҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ**  
**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫС**

**Мақсаты:**

Оқушылардың «зат есімнің сөзжасам жұрнақтары», «түбір», «түбірлес сөздер» деген грамматикалық ұғымдар туралы білімін бекіту;

Сөздік қорын молайту, тіл үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасын, ойлау қабілетін арттыру; Ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу; қабілетті оқушыларды анықтау.

**Түрі:**

Сайыс.

**Қажетті жабдықталуы:**

Интербелсенді тақта, жаттығулар (слайдтар), тірек сызба, суреттер.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

Проблемалық оқыту, іздендіру әдісі, ойын технологиясының элементтері, сұрақ-жауап.

**Қатысушылар:**

5 сынып оқушылары

**Сайыс барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Мұғалім:**

–Қымбатты оқушылар, ұстаздар! Қазақ тілінен интеллектуалды сайысымызға қош келдіңіздер!  
Шетелдік ғалым, неміс түркітанушысы Йоханнес

Бенцинг: «Ғылыми, әдеби, тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең әсем, өте бай тілдің бірі» деп бекер айтпаған. Қазір әлемде екі мың жеті жүз тоқсан алты тіл қолданылады. Лингвистер тіл байлығынан әлемдік тілдер арасында бірінші орында араб тілі, екінші орында ағылшын тілі, ал үшінші орында қазақ тілінің тұратынын дәлелдеді. Олай болса, қазақ тілі әлемдік тілдердің ең бай тілдердің төрінде орын алып тұр!

Міне, бүгін ең бай тілдердің бірі – қазақ тілінен сайысқа қатысушылардың қадамдары құтты болсын деп, оларға алған білімін сәтті қолданып, жеңіске жетуді тілейік!

Мұғалім сайыстың тақырыбы мен мақсатымен, өту кезеңдерімен, қазылар алқасы – қазақ тілі мұғалімдерімен таныстырады.

**Сайыс екі кезеңнен тұрады:**

**1-кезең - «Ойлан да тап»;**

**2-кезең - «Кім жүйрік?».**

Сайысқа қатысушылар екі командаға бөлінеді. Мұғалім қатысушыларға қағаз қиындыларына жазылған әріптерді үлестіреді, балаларды құрастырылған сөздерге қарай екі топқа біріктіреді. Әр команда спикері сайланады.

**I команда: «Білгіш»**

**II команда: «Зерек»**

**II. 1-кезең: «Ойлан да, тап»**

**Бірінші кезеңдегі сайыстың шарты:** қатысушылар берілген тапсырмаларды орындайды, әр дұрыс жауабы үшін бір ұпай беріледі.

**1. "Анаграмма" шешу**

**«Білгіш»:** **ҮТРІБ, ЫНТУЫД. (түбір, туынды)**

**«Зерек»:** **РҰЖҚАН, БІРСЕЛТҮ. (жұрнақ, түбірлес)**

**2. "Бір сөзден – көп сөз»**

Берілген сөздің әріптерінен бірнеше жаңа зат есімдерін құрастыру.



Екі командаға бірдей бір сөз – «Жұмбақтас» сөзі ұсынылады. (*жұмбақтас hashtag on Twitter twitter.com*)

**3. «Жұрнақтың орнын тап»**

Берілген сөздерге тиісті жұрнақтарды буын үндестігіне сай қосып жазу.

**«Білгіш»:** сөз, жұмыс, әріп, бай, бес.

**«Зерек»:** орын, ән, сынып, дос, қате

**Пайдаланатын жұрнақтар:** -лық, -лік, -тас, -тес, -дық, -дік, -шы, -ші, -тық, -тік.

**4. «Сөздің орнын тап»**

**I команда мүшелері** берілген сөздерден сөз тудырушы жұрнағы бар туынды сөздерді тауып, сол бағанға жазады, **ал II команда мүшелері** – сөз түрлендіруші жұрнағы бар сөздерді оң бағанға жазады.

Сөз тудырушы жұрнағы бар сөз	Сөз түрлендіруші жұрнағы бар сөз

**Сөздер:** көмекші, атай, сыныптас, апатай, жұлдызша, сытырғыш, шайхана, көлшік, жапырақша, гүлзар.

### 5. «Қалпына келтір»

Әр командаға сөздері жетпей тұрған сөйлем (ереже) беріледі. Оқушылар көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазып, ережені қалпына келтіреді.

**1-команда:** Туынды сөз түбір сөзге ... .. жалғану арқылы жасалады. (сөз тудырушы жұрнақ)

**2-команда:** Бір түбір арқылы жасалған туынды сөздер ..... деп аталады. (түбірлес сөздер)

### III. 2-кезең: «Кім жүйрік?»

**Екінші кезеңдегі сайыстың шарты:** екі командаға бірдей тапсырма беріледі, қай команда бірінші болып сұраққа жауап беруге дайын болса, алдындағы таяқшаны көтереді. Егер берілген жауабы дұрыс болмаса, жауапты екінші команда мүшелері береді. Әр дұрыс орындалған тапсырма үшін 2 ұпай беріледі.

#### 1. «Туыс сөздер»

Берілген сөзге түбірлес сөздерді анықтау.

	оқпақ	
оқулық		оқытушы
оқтау		оқпан
оқушы		оқыған

#### 2. «Адасқан суреттер»

(Суреттер youtube.com сайтынан алынған)

Суреттің орнын тауып, сөйлемді дұрыс құрастыру.

- тамаша уақыт.



Биыл бау-бақшада шықты.

жақсы



—

басталады.



өте көп болды.

бақшада жаз бойы ерінбей еңбек етті.

#### 3. «Аудармашы».

Сөздерді орысшадан аударып, «-хана» жұрнағының түрін анықтау.

--	--

#### 4. Мақалды толықтыратын түбір сөздерін табыңыз:

«... – елдің анасы, ел – .... анасы».

А). Адам, бала.

В). Ата, әже.

С). Әке, шеше.

Д). Отан, ер.

Е). Білім, оқушы.

#### 5. Ребус шешу.

Түбір сөз бар мақалды ребус шешу арқылы құрастыру.

*Отан – отбасынан басталады.*

#### **IV. Қорытындылау.**

*Сөз кезегін қазылар алқасы алып, сайыстың нәтижесін жариялайды. Сайысқа қатысқан барлық оқушыларға сыйлықтар, жеңімпаздарға мадақтама қағаздары беріледі.*

#### **Мұғалім:**

*«Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,*

*Сенімен бағаланған балаң түрі.*

*Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,*

*Сенімен әлділеген анам мені»* – деп ұлы ақын Ілияс Жансүгіров жырлағандай, ана тіліміз күннен-күнге өз бағасын жоғалтпай, ғұмыры мәңгі, мәртебесі биік болсын, өркендей берсін!

Бүгінгі сайысымыз өз мәресіне де келіп жетті. Екі команда мүшелеріне қызықты ойын көрсеткені үшін алғыс айтамыз.



#### **Кітапхана тынысы**

**А. Н. ТЛЕУОВА,**  
**С.Бәйішев атындағы**  
**Ақтөбе облыстық**  
**эмбебап ғылыми**  
**кітапханасының**  
**Кітапханаларды**  
**дамыту бөлімі.**

### **КІТАПХАНА ІСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мазмұны терең, ауқымы кең, ұлт руханиятын ғасырлар биігіне көтеретін бағдарлама болды.

XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана – демекші, оқу орнындағы оқыту, білім беру үрдісін ақпараттың орталығы – кітапханасыз елестету мүмкін емес.

Бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамдық өркениеттік деңгейге көтерілу, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді.

«Nur Otan» партиясының «Қазақстан кітапханалары – заманауи білім орталықтары» бастамашыл жобасы аясында с.Бәйішев атындағы облыстық эмбебап-ғылыми кітапханасында «Коворкинг» білім орталықталығы ашылып, әртүрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жүйелі жалғасы саналатын «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақала аталған мазмұн мен бағыттарды көрсетіп берді.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына озық технологияларын меңгеру

қажеттілігі туып отыр.

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы республикадағы басқа да кітапханалар секілді, заман ағымынан артта қалмай электронды ақпараттық ресурстарды жинақтап, құру жолында еңбек етуде. Web-Rabis бағдарламасы жүзеге асты.

Қазіргі заман талабына сай кітапхана жаңа компьютерлермен және көшірме техникаларымен жабдықталу қажет. С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы электронды сандық форматқа көшіру үшін ЭЛАРСАН А3 және ЭЛАРСАН А2сериялы жаңа толқындағы кітап сканері алынды.

Кітапхана 2015 жылдан бастап толық мәтінді құжаттарды қалыптастырады, оған қолжетімділік электрондық каталогтың көмегімен камтамасыз етіледі. Кітап қорын цифрлау бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ақтөбенің мәдени игілігінің бір бөлігі ретінде айрықша сақтауды талап ететін, әсіресе казак тіліндегі, сондай-ақ жалғыз данадағы басылымдар, тарихи-мәдени және ғылыми құндылығы бар, сирек басылымдар, әдебиеттің әлеуметтік-маңызды түрлеріндегі басылымдар цифрлық түрге көшіріледі. Ақтөбе облысының ақын-жазушылары, өлкенің тарихы, экономикасы сандық нұсқаға көшірілді. 2015 жылдан бастап барлығы 51387 құжат цифрланып, олардың ішінде 1422 кітап, О.і. газет журнал мақала саны 49965. Кітапхана Қазақстандық ұлттық электрондық кітапханасының (ҚазҰЭЖ) қорын толықтыруға тікелей қатысады және оған 253 кітаптың кешірімсіз жүктелді. Мақала саны 100-ден аса көшірме жүктелді. Kitar.kz порталына 39 кітап жүктелді.

Кітапхана өлкетану бағытындағы кітаптарды цифрлық өңдеуден өткізіп штрихтық идентификациялау жұмысы өңделуде. Жаңа және тез

өзгеріп отыратын мобильді технологиядан қалмай қатар жүруге және барлық жастағы оқырмандардың кітапхана қызметін қолдануға түрткі болатын, кітапханаларда оқырмандарға қосымша ақпарат ұсынудың тиімді әдісі, сондай-ақ инновациялық технологиялар ретінде кітаптарды, авторларды және кітапхананың құзыреттілігін насихаттауда көмек үшін белсенді түрде QR кодтар пайдаланылады. Кітапхана оқырмандары қолдарында смартфондары болса QR-кодты сканерлеп алуларына болады. Кез-келген планшет немесе смартфон, телефондар арқылы оқуға болады. QR “Quick Response - Шұғыл жауап”- бұл мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді (бар код) штрих-код. QR-кодтың көмегімен өз смартфонныңізға виртуальді сөреден кітапты жүктей аласыз. Виртуальді кітап сөресі – кітаптың суреттері бар, мұқабасында QR-коды жабыстырылған, соның көмегімен мобильді телефонға кітапты жүктеуге мүмкіндік береді. Бұл қызметті кез-келген 3G немесе Wi-Fi ұстайтын смартфон немесе планшеттің иесі қолдана алады. QR-код бағдарламаны телефонға тегін қосымша мобильді платформада қол жетімді оларды «Play market». «App Store». арқылы тегін жүктеп алуға болады. QR-кодты мобильді Интернет немесе тегін Wi-Fi желісі арқылы файлды электронды түрде жүктейді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары болашақта ұлттық коды мен түпкі тарихы бір, халықтар арасына алтын арқау болатын іргелі жобаға айналатындығына сеніміміз мол.



**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 06.05. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2020 ж., 144 бет, Алматы.